

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
«Тұран-Астана» университеті

**ТАЖБАГАМБЕТОВА СӘУЛЕ ЕСИМОВНА**

**ҚАЗАҚ ТІЛІ**

**(жалғастырушы курс)**

**АСТАНА  
2011**

**УДК 811.512.122 (075.8)**  
**ББК 81.2 Қаз-9я73**  
**T13**

**Рецензенты:**

**Абишева К.М.** – д.филол.н., профессор университета «Туран-Астана»  
**Абдигалиева Т.А.** - д.филол.н., профессор ЕНУ имени Л.Н.Гумилева  
**Аяпбергенов Б.К.** – к.филол.н., доцент университета «Туран-Астана»

**Тажбагамбетова С.Е.**

**Т 13** Казахский язык. Учебное пособие. Для изучающих казахский язык по кредитной системе (продолжающий курс). – Астана, университет «Туран-Астана», 2011. – 190 с.

**ISBN 978-601-214-134-4**

Предлагаемое учебно-методическое пособие разработано для продолжающих изучать казахский язык.

Учебное пособие является практическим руководством для самостоятельной работы студентов (СРС). Пособие предназначено для совершенствования казахского языка, доведения его до наиболее высоких уровней говорения, чтения, письма, аудирования.

Пособие рекомендуется как дополнительный материал к основной программе курса и составлено по тематическому признаку.

Пособие предназначено для студентов неязыковых специальностей вузов и колледжей, а также широкой русскоязычной аудитории, изучающих казахский язык.

**УДК 811.512.122 (075.8)**  
**ББК 81.2 Қаз-9я73**

**ISBN 978-601-214-134-4**

*Рекомендовано к изданию Ученым советом университета «Туран-Астана»*

© Тажбагамбетова С.Е., 2011  
© Университет «Туран-Астана», 2011

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	6
<b>1-тақырып</b>	
Туынды зат есім.....	7
Лексика: Мамандық.....	7
Тақырыпқа қатысты сөйлеу үлгілері.....	11
Тақырып бойынша қорытынды тест.....	12
<b>2-тақырып</b>	
Ауыспалы келер шақ.....	17
Лексика: Жұмыс күні.....	17
Тақырыпқа қатысты сөйлеу үлгілері.....	20
Тақырып бойынша қорытынды тест.....	21
<b>3-тақырып</b>	
Сын есімнің шырайлары. Сұраулы сөйлемдер.....	26
Лексика: Келбет.....	26
Тақырыпқа қатысты сөйлеу үлгілері.....	31
Тақырып бойынша қорытынды тест.....	31
<b>4-тақырып</b>	
Фразеология туралы түсінік.....	35
Лексика: Дене мүшелері.....	35
Тақырыпқа қатысты сөйлеу үлгілері.....	38
Тақырып бойынша қорытынды тест.....	38
<b>5-тақырып</b>	
Өздік етіс.....	42
Лексика: Емханада.....	42
Тақырыпқа қатысты сөйлеу үлгілері.....	48
Тақырып бойынша қорытынды тест.....	48
<b>6-тақырып</b>	
Қалау рай.....	53
Лексика: Сауда орталығы.....	53
Тақырыпқа қатысты сөйлеу үлгілері.....	56
Тақырып бойынша қорытынды тест.....	56
<b>7-тақырып</b>	
Көмекші есімдер.....	61
Лексика: Қала ішін бағдарлау.....	61
Тақырыпқа қатысты сөйлеу үлгілері.....	63
Тақырып бойынша қорытынды тест.....	63

## **8-тақырып**

Болжалды келер шақ есімше.....	69
Лексика: Ас – адамның арқауы. Тамақ түрлері.....	69
Тақырыпқа қатысты сөйлеу үлгілері.....	74
Тақырып бойынша қорытынды тест.....	74

## **9-тақырып**

Сан есім. Модальдық сөз тіркестері.....	77
Лексика: Қонақ шақыру. Қонақта. ....	77
Тақырыпқа қатысты сөйлеу үлгілері.....	79
Тақырып бойынша қорытынды тест.....	80

## **10-тақырып**

Үстеу.....	83
Лексика: Наурыз.....	83
Тақырыпқа қатысты сөйлеу үлгілері.....	86
Тақырып бойынша қорытынды тест.....	86

## **11-тақырып**

Жалпы және жалқы зат есім.....	90
Лексика: Менің елім - Тәуелсіз Қазақстан.....	90
Тақырыпқа қатысты сөйлеу үлгілері.....	94
Тақырып бойынша қорытынды тест.....	95

## **12-тақырып**

Өткен шақ есімше. Есімдік.....	98
Лексика: Ел рәміздері.....	99
Тақырып бойынша қорытынды тест.....	101

## **13-тақырып**

Ырықсыз етіс.....	104
Лексика: Астана қаласы. Қазақстанның астаналары.....	104
Тақырыпқа қатысты сөйлеу үлгілері.....	108
Тақырып бойынша қорытынды тест.....	108

## **14-тақырып**

Өзгелік етіс.....	111
Лексика: Елбасы – Н.Ә.Назарбаев.....	111
Тақырыпқа қатысты сөйлеу үлгілері.....	113
Тақырып бойынша қорытынды тест.....	114

## **15-тақырып**

Одағай.....	117
Лексика: Қазақ мәдениеті. Қазақ театры.....	117
Тақырыпқа қатысты сөйлеу үлгілері.....	120

Тақырып бойынша қорытынды тест.....	121
№ 1 Қосымша.....	126
№ 2 Қосымша. Глоссарий.....	142
Өзбетімен оқитын мәтіндер.....	145
Қазақша-орысша сөздік.....	153
Пайдаланған әдебиет тізімі.....	190

## АЛҒЫ СӨЗ

Әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени тақырыптарды қамту арқылы тіл үйренушінің күнделікті тұрмыстық, оқу, қызметтік ортамен тығыз байланыс орнату, сөйтіп, қазақ тілін күнделікті өмірмен байланыстыра отырып, тілді меңгеру деңгейін жетілдіру, саяси-әлеуметтік лексика мен кәсіби-мамандыққа байланысты сөздік қор қалыптастыру және дамыту болып табылады.

Ұсынылып отырған оқу құралы арқылы мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін, оның ішінде ауызша сөйлеу, мәтінді мәнерлеп оқу, жазбаша жазу мәдениетін жетілдіруге оқу үрдісінен тыс уақытта болады.

Оқу құралын игеру арқылы үйренушілер бұрын қазақ тілін үйрену кезінде алған білімдерін тереңдетуге, оны күнделікті тұрмыста, іс қағаздарын жүргізу деңгейіне дейін көтеруге мүмкіндік береді.

Осыған орай, оқу құралында тақырыптық негіздегі 15 тақырып берілген. Әр тақырып бойынша лексикалық-грамматикалық жаттығулар ұсынылып отыр. Тіл үйренушілер бұрын мектепте оқыған, олар тілдің грамматикалық формаларын біледі деген қағидаға сүйеніп, оқу құралына грамматикалық тақырыптар жүйелі емес, ыңғайына қарай берілген. Оқу құралының соңында грамматикалық анықтама беріліп отыр, бұл жерде грамматика жүйелі түрде көрсетілген. Осы грамматикалық үлгілерді білу арқылы, тіл үйренуші өз бетімен сөйлесуге, жазуға, өз ойын айтуға арналып отыр.

Тақырыпты меңгеріп күнделікті өмірде қолдану үшін қазақ және орыс тілдеріндегі сөйлеу үлгілері беріліп отыр. Осы үлгілер арқылы, сөздік қорды ұлғайтуға және осы негізде еркін сөйлесуге дағдыланады деп үміттенеміз.

Тақырыпқа сәйкес, аудиториялық сағаттарда оқылған грамматикалық ережелерді қайталаған соң, оқылған материалдың меңгерілуін тексеру үшін әр түрлі жаттығулар берілген. Оқу құралының ерекшелігі, грамматикалық түсіндірмелер графикалық модуль – кесте арқылы берілген. Қосымша құрал ретінде қазақша-орысша 1500 сөзге жуық сөздік ұсынылып отыр.

Тақырыптың грамматикалық, лексикалық материалдарын өз бетімен орындап, білімдерін тексеру үшін, тақырып соңында тест тапсырмаларының үлгілері берілген, бұл тесттер міндетті түрде орындалуы керек. Сонымен бірге, тіл үйренушілерге өзіндік жұмысына тапсырмалар, қазақ тілінің грамматикасына арналып глоссарий, өз бетімен оқуға, аударуға, мазмұнын айтып беруге арналған әр түрлі мәтіндер берілген. Осындай материал – қарапайым жаттығулардан, өз бетімен орындауға арналған жазбаша жұмыстарға дейін күрделене беру принципі арқылы әзірленген. Оқу құралына қосымша берілген мәтіндер, негізінен саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени және басқа да қызықты ақпарат негізінде құрылған.

Оқу құралын өз бетімен толық игеру - қазақ тілін үйренушіні жаңа деңгейге көтереді деген сеніммен ұсынып отырмыз.

## 1-тақырып

Грамматика: Туынды зат есім

Лексика: Мамандық (Профессия)

### Сабақтың мақсаты:

- жіктік жалғауларын білу;
- туынды зат есімнің жасалу жолдарын меңгеру;
- мәтін бойынша әңгімелесу, сұрақ қоя білу, сұрақтарға жауап беру;
- сөйлеу мәдениетін жетілдіру.

### Грамматикалық тапсырмалар (грамматические задания)

*Сұрақтарға жауап беріңіздер (Ответьте на вопросы):*

1. Сколько видов окончаний в казахском языке?
2. Назовите окончания множественного числа имен существительных (көптік жалғау).
3. Объясните прибавление окончаний множественного числа имен существительных.
4. В каких случаях окончания множественного числа не прибавляются? Приведите примеры.
5. Дайте определение закона прогрессивной ассимиляции.
6. Расскажите о значениях *табыс септік* (винительный падеж).
7. Объясните прибавление окончаний *табыс септік*.
8. Расскажите о значениях *шығыс септік* (исходный падеж). Какие послелоги употребляются с *шығыс септік*.
9. Как образуются производные имена существительные? Назовите суффиксы производных имен существительных.
10. Назовите суффиксы образующие профессии. Приведите примеры.

### Жаттығулар (упражнения)

**1-жаттығу.** Көптік жалғаулар (окончания множественного числа): *-лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер*. Көптік жалғаулар жалғанғанда ілгерінді ықпал заңы қолданады.

Жұмыс, сабақ, кесте, оқулық, кітап, дәріс, үзіліс, дәрігер, ұстаз, оқушы, студент, жүргізуші, сатушы, ұшқыш, доктор, профессор, ғалым, ғарышкер, зерттеуші, әнші, декан, хатшы, экономист, психолог, менеджер, заңгер, тілші, клуб, жігіт, қыз, жас, бала, ұста, тракторшы, аспаз, әртіс, әріптес, көрші, замандас, қарындас.

**2-жаттығу.** Табыс септігінің жалғауларының жалғануын сипаттаңыз.

Баланы, хатты, заңды, студентті, сабақты, емтиханды, сынақты, жұмысты, адамды, дәрігерді, депутатты, әкімді, ректорды, бастықты, меңгерушіні, директорды, ұстаздарды, соттарды, экономистерді, менеджерлерді, мамандарды, мүсіншілерді, сәулетшілерді, жазушыларды, ғалымдарды, кітапты, көшені, институтты, атты.

**3-жаттығу.** Шығыс септік жалғауларын жалғаңыз. Төмендегі сөздердің ішінен *неден?* сұрағына жауап беретін сөздерді іріктеңіз.

Қыз, ағаш, үй, қағаз, кірпіш, нан, піл, құм, дәрі, темір, мұғалім, оқытушы, кім, қашан, қала, көше, күміс, алтын, ұн, мектеп, жүргізуші, аспаз, тамақ, нан,

қант, қарақат, шие, алма, жүзім, құрылысшы, агроном, тілші, тілмәш, әдебиетші, заңгер, тарихшы, турист.

**4-жаттығу.** Төмендегі сөздерді жұрнақтар арқылы зат есімге айналдырыңыз.

-шы/ -ші

Аударма, ән, балық, би, домбыра, егін, ел, ем, есеп, жазу, зерттеу, құрылыс, мүсін, мұнай, орман, сурет, тігін, тіл, хат.

-зар/ -гер, -қар/ -кер

Бал, баспа, ғарыш, дәрі, жауап, жауын, зер, заң, қызмет, мұра, іс, талап.

-лық/ -лік, -дық/ -дік, -тық/ -тік

Ата, бала, бас, батыр, дайын, дос, еркін, жаман, жақсы, күнде, қате, қор, оқу, сабыр, терең, түз, шикі.

-лас/ -лес, -дас/ -дес, -тас/ -тес

Ат, ауыл, әріп, жер, жұмыс, заман, курс, қызмет, қоныс, ошақ, сыбай, сабақ, табақ, тілек, топ.

**5-жаттығу.** Қазақ тіліне аударыңыз. Сөзжасамды сипаттаңыз.

Алатау, Ақтөбе, Баянауыл, Жезқазған, Жетісу, Көкшетау, Қаратау, Мақтарал, Сарыағаш, Талдықорған, Теміртау, Үштөбе, Ұзынағаш, Ыстықкөл, әуежай, көкөніс, кітапхана, көзқарас, ыдыс-аяқ, ата-ана.

*Кәсіп және мамандыққа қатысты сөздік  
(названия некоторых профессий)*

профессия	кәсіп	ученый	ғалым
специалист	маман	парикмахер	шашатараз
специальность	мамандық	судья	сот
сотрудник	қызметкер	переводчик	тілмаш
коллега	әріптес	водитель	жүргізуші
архитектор	сеулетші	повар	аспаз
строитель	құрылысшы	официант	даяшы
проводник	жолсерік	портной (-ая)	тігінші
рабочий	жұмысшы	мастер	шебер
секретарь	хатшы	партнер	серіктес

### **Коммуникативтік минимум (коммуникативный минимум)**

Мамандық әлемінде - в мире профессий; мамандық түрі - виды профессий; мен сүйетін мамандық - моя любимая профессия; қызық мамандық - интересная профессия; қажетті мамандық - нужная специальность; құпия мамандық - секретная специальность; ақпарат қызметі - информационная служба; еңбек өнімділігі - производительность труда; еңбек құны - цена труда; жалақы, айлық - зарплата; құн - стоимость; зейнетақы алу - получать пенсию; қаржы қоры - финансовый фонд; тауып алу - найти; шешім қабылдау - принять решение; адал еңбек ету- трудиться честно; жалдау - нанимать; қызметке тұру - устроиться на работу; міндеттеме алу - взять обязательства; құқығына ие болу - иметь право и др.



*№1 тапсырма:* составить 10 предложений, используя словарь коммуникативного минимума.

*№ 2 тапсырма:* составить 5 предложений, используя коммуникативный минимум в табыс септік.

*№ 3 тапсырма:* составить 5 предложений, используя коммуникативный минимум в шығыс септік.

*№ 4 тапсырма:* Мәтінді оқып, орыс тіліне аударыңыздар.

### **Аудитор**

Біз қазір нарықтық экономикада өмір сүріп жатырмыз. Нарық заманындағы жаңа мамандық – аудитор пайда болды. Аудитор – арнайы лицензиясы бар маман. Аудитор – қызметті тексеруші және кеңесші-аналитик маман. Аудитор менеджмент және салық салу бойынша клиенттерге ақыл-кеңес береді. Аудиторлар клиенттерге құпияны жария етпеуі керек.

### **Словарь к тексту**

нарықтық– рыночный  
өмір сүріп жатырмыз – живем  
арнайы – специальная  
жария етпеу – не разглашать  
мамандық - специальность  
құпия – секрет  
тексеруші – проверяющий  
пайда болды - появился  
кеңесші-аналитик - советник-аналитик

*№ 5 тапсырма:* шағын сұхбат дайындаңыз:

- экскурсия жүргізуші туралы;
- Сізге белгілі заң саласындағы мамандық туралы.

**«Мамандық» тақырыбына тапсырмалар:**

*1. Төмендегі мақалдарды жаттап алыңыз.*

1. Аман ердің аты шығар.
2. Адам болатын бала алысқа қарайды.
3. Әлін білмеген әлек.
2. Әсемпаз болма әрнеге.
3. Ақылсыз бас аяққа тыным бермейді.
4. Адам деген ардақты ат.
5. Алыс сапар ақыл қосар.

**Сөйлеу мәдениетін жетілдіру (Развитие культуры речи)**

Вы должны уметь:

- представиться;
- назвать свою профессию;
- узнать о профессии своих собеседников.

**1-жаттығу. Оң жақтағы бағанадан жауап таңдаңыз.**

Сенің атың кім?	Тұрмыста емеспін. Бойдақпын
Сенің фамилияң қалай?	Көкшетау қаласынан
Сен қайдан келдің?	Бірінші курста оқимын.
Жасың нешеде?	Аудитор, бухгалтер
Қай көшеде тұрасың?	Дауылбаев
Тұрмыстасың ба? Үйлендің бе?	Данияр
Байланыс нөмірің қандай?	Экономика және қаржы
Нешінші курста оқисың?	Жасым он сегізде
Болашақ мамандығың қандай?	Қабанбай батыр көшесі, 18, 89-ыншы пәтер
Қандай факультетте оқисың?	Қалалық телефон нөмірім 32-61-13

**2- жаттығу.** Нүкте орнын толықтырыңыз.

- Әлішер, Сіздің ... кім?
- Менің ... заңгер.
- Сіздің әкеніз де ... .. ?
- Иә, менің әкем де ... .
- О, өте жақсы!
- Сіздің әкеңіздің жеке фирмасы ... .. ?
- Иә, оның ... .. .

*Слова для справок: мамандық, әке, заңгер, бар, ма.*

**3-жаттығу.** Қажетті жалғау жалғаңыз:

- Мен... маманды... экономист.
- Сен... маманды... бухгалтер.
- Сіз... маманды... есепші-бухгалтер.
- О... маманды... инженер.
- Біз... маманды... заңгер.
- Сендер... маманды... дәрігер.
- Сіздер... маманды... оқытушы.
- Олар... маманды... жүргізуші.

**4- жаттығу.** Қарамен жазылғын сөздердің жалғауларын белгілеңіз.

- Диханшы **жерін** мақтайды.
- Балықшы **көлін** мақтайды.
- Кәсіпкер **кәсібін** мақтайды.
- Сатушы **тауарын** мақтайды.
- Өндіріс **өнімін** мақтайды.
- (Ал сен **нені** мақтайсың?)

**Жердің** сәні – егін,  
**Ердің** сәні – білім.

**5-жаттығу.** Үлгі бойынша төмендегі сөздерді жіктеңіз.

Образец: Мен сатушымын	Біз сатушымыз
Сен сатушысың	Сендер сатушысыңдар
Сіз сатушысыз	Сіздер сатушысыздар
Ол сатушы	Олар сатушы

*Қажетті сөздер:* құрылысшы, менеджер, кітапханашы, жазушы, магистр, аспирант, даяшы, заңгер, энергетик, оқытушы, оқушы.

**6- жаттығу.** Әріптестеріңізге өзіңізді (қазақ тілінде) таныстырыңыз:

Я, Ергалиев Мадияр. Я – юрист. Мне 25 лет. В прошлом году я закончил университет.

Я, Борисенко Александр. Я - бизнесмен. Мне 22 года. Я в этом году закончил экономический университет.

Я, Комарова Ольга. Я – будущий детский врач. Мне 20 лет. Я учусь в Медицинской Академии.

Я, Айдаркулова Майра. Я – экономист. Мне 23 года. Я работаю в Национальном банке.

### ***КӘСІПKE ҚАТЫСТЫ СӨЙЛЕУ ҮЛГІЛЕРІ РЕЧЕВЫЕ МОДЕЛИ НА ТЕМУ «ПРОФЕССИЯ»***

**Сіздің мамандығыңыз қандай?** - Кто Вы по профессии? Какая у Вас специальность?

**Менің мамандығым тарихшы.** - Я по профессии историк.

**Әкем мемлекеттік қызметші.** – Мой отец государственный служащий.

**Анамның мамандығы аудитор.** - Мама по профессии аудитор.

**Оның мамандығы технолог.** - Она по профессии технолог.

**Сіз кім болып жұмыс істейсіз?** - Кем Вы работаете?

**Мен оқытушы болып жұмыс істеймін.** - Я работаю преподавателем.

**Сен сарапшы болып жұмыс істейсің ғой.** - Ты ведь работаешь экспертом.

**Сіз немен айналысаңыз?** – Чем Вы занимаетесь ?

**Мен қызметте тендермен айналысамын .** – Я на работе занимаюсь тендером..

**Ол ЖШС (жауапкершілігі шектеулі серіктестікте) жұмыс істейді.** - Он работает в ТОО (товарищество с ограниченной ответственностью).

**Ағам жеке меншік кәсіпкер.**- У брата частный бизнес.

### **Шығармашылық тапсырма**

«Мамандық» тақырыбы бойынша:

1. Ата-анаңыздың мамандықтары, қызметі туралы мәлімет беріңіз.
2. Тақырып бойынша еркін 5 сұхбат дайындаңыз.

## Тақырыпты қорытындылауға арналған тест тапсырмалары

1. *Зат есімнің неше жалғауы бар?*

- A) 3
- B) 4
- C) 5
- D) 6
- E) 7

2. *Көптік жалғау қайсысы?*

- A) -ға/-ге, -қа/-ке
- B) -ған/-ген, -қан/-кен
- C) -лар/-лер, -дар/-дер, -тар/-тер
- D) -сы/-сі, -ы/-і
- E) -ды/-ді, -ты/-ті

3. *Қай сөзде ілгерінді ықпал анық көрініп тұр?*

- A) сабағым
- B) табағың
- C) күрегім
- D) қыздарым
- E) добымыз

4. *Табыс септіктің сұрақтары қайсысы?*

- A) -қайдан? неден?
- B) -кімді? нені?
- C) -кімнің? ненің?
- D) -қайда? неге?
- E) -қайда? қашан?

5. *Шығыс септіктің сұрақтары қайсысы?*

- A) қайдан? неден?
- B) кімге? неге?
- C) неше? қанша?
- D) кіммен? немен?
- E) кімді? нені?

6. *Туынды зат есімді табыңыз.*

- A) ас, дән, білу
- B) замандас, арбакеш, өнерпаз
- C) жазу, етік, іс
- D) заң, балық, оқу
- E) дос, батыр, жер

7. *Қай сөздерге – ша/-ше жұрнақтарын қосуға болады?*

- A) ертең, кешке
- B) былтыр, биыл
- C) күл, бер
- D) сегіз, тоғыз
- E) қытай, неміс

8. *Қай сөзге –лар - көптік жалғауы қажет?*

- A) көше...
- B) адам...
- C) қала..
- D) дос...
- E) ел...

9. *Қай сөзге–дар –көптік жалғауы қажет?*

- A) заңгер...
- B) маман...
- C) іскер...
- D) ұшқыш...
- E) зергер...

10. *Табыс септігінің жалғауы бар сөзді көрсетіңіз.*

- A) бишілермен
- B) қызметтес
- C) аспаздың
- D) суретшіге
- E) өндірісті

11. *Шығыс септіктің жалғауы бар сөзді көрсетіңіз.*

- A) хатшының
- B) саясаткерді
- C) зейнеткер
- D) орталықтан
- E) шеберлік

12. *Туынды зат есім сөздері қайсысы?*

- A) әйел, мүше
- B) салу, алу
- C) жүргізуші, төраға
- D) жұмыс, іс
- E) зерттеу, жазу

13. *Қай сөзге–ша жұрнағы қажет?*

- A) пошта...
- B) қазақ...
- C) қызмет...
- D) даяшы...
- E) айлық...

14. *Нүкте орнына қажетті сөзді қойыңыз: “Әкемнің досы ... адам”*

- A) іскер
- B) құрылыс
- C) маман
- D) қаржы
- E) жалақы

15. *“Қазақтың алғашқы ... Тоқтар Әубәкіров”*

- A) домбырашы
- B) тоқымашы

- C) ғарышкері
- D) депутаты
- E) министрі

16. *Үйлерді кім салады?*

- A) оқытушы
- B) құрылысшы
- C) тәрбиеші
- D) қаржыгер
- E) қойшы

17. *Байланыс қызметкері кім?*

- A) мұғалім
- B) оқытушы
- C) биші
- D) әнші
- E) пошташы

18. *Қай сөзге – шы жұрнағын қосасыз?*

- A) өнерпаз...
- B) орман...
- C) тігін...
- D) теңіз...
- E) мүсін...

19. *Адам ауырса оны кім емдейді?*

- A) дәрігер
- B) оқушы
- C) жазушы
- D) есепші
- E) ғалым

20. *Менің (однокурсник). Жақшадағы сөзді қазақ тіліне аударыңыз.*

- A) курстас
- B) курстаста
- C) курстасым
- D) курстаспен
- E) курстастар

*Тақырып бойынша қазақша-орысша сөздік:*

- |                          |                             |
|--------------------------|-----------------------------|
| 1. жиналу                | 1. осваивать                |
| 2. іскер                 | 2. деловой, бизнесмен       |
| 3. ғарышкер              | 3. космонавт                |
| 4. аудармашы             | 4. переводчик               |
| 5. мүсінші               | 5. скульптор                |
| 6. сәулетші              | 6. архитектор               |
| 7. құрылысшы             | 7. строитель                |
| 8. жүргізуші             | 8. водитель                 |
| 9. мемлекеттік қызметкер | 9. государственный служащий |

10. даяшы	10.официант
11. әнші	11.певец /певица/
12. биші	12.танцор, танцовщица
13. хатшы	13.секретарь
14. заңгер	14.юрист
15. зергер	15.ювелир
16. ұшқыш	16.летчик
17. пошташы	17.почтовый служащий, почтальон
18. саясаткер	18.политик
19. қызмет	19.служба
20. тәрбиеші	20.воспитатель
21. кітапханашы	21.библиотекарь
22. курстас	22.сокурсник
23. маман	23.специалист
24. өндіріс	24.производство
25. сала	25.сфера
26. зейнеткер	26.пенсионер
27. шебер	27.мастер
28. домбырашы	28.домбрист /муз./
29. тоқымашы	29.ткач
30. сүретші	30.художник
31. аспаз	31.повар
32. еспші-бухгалтер	32.расчетный бухгалтер
33. қаржыгер	33.финансист
34. әріптес	34.коллега
35. төраға	35.председатель /мужчина/
36. төрайым	36.председатель /женщина/
37. жалақы, айлық	37.зарплата
38. меңгеруші	38.заведующий
39. тәжірибе	39.опыт
40. байланыс	40.связь
41. шешім	41.решение
42. көңіл-күй	42.настроение
43. денсаулық	43.здоровье
44. теңге	44.тенге
45. банкі қызметкері	45.сотрудник банка
46. валюта айырбастау	46.обмен валюты
47. қаржыландыру	47.финансирование
48. статистика	48.статистика
49. есеп-шот	49.счет
50. мұғалім	50.учитель
51. оқытушы	51.преподаватель

## Қазақша-орысша лексикалық орамдар

1. ол он сегізде	1. ему /ей/ 18 лет
2. келесі жексенбіде	2. в следующее воскресенье
3. жақсы маман болу үшін	3. чтобы быть хорошим специалистом
4. еңбек ету	4. трудиться
5. тұрмыстық қызмет	5. бытовое обслуживание
6. білім саласы	6. сфера образования
7. ой еңбегі саласы	7. сфера умственного труда
8. өнер саласы	8. сфера искусства
9. менің мамандығым	9. моя специальность
10. сенің мамандығың	10. твоя специальность
11. сіздің мамандығыңыз	11. ваша специальность
12. оның мамандығы	12. его/ее/ специальность
13. мамандық алу керек	13. надо получить специальность
14. еңбек ету керек	14. надо трудиться
15. оқу керек	15. нужно учиться
16. өте қиын және керекті жұмыс	16. очень трудная и нужная специальность
17. ауыл шаруашылығы	17. сельское хозяйство
18. ет өнімдерінің өндірісі	18. производство мясной продукции
19. оқытып жүр	19. учит (кого-то)
20. мамандығыңыз қай салада?	20. Ваша специальность в какой сфере?
21. білім саласы	21. сфера образования
22. өндіріс саласы	22. сфера производства
23. ауыл шаруашылық саласы	23. сфера сельского хозяйства
24. тұрмыстық қызмет көрсету саласы	24. сфера бытового обслуживания
25. өнер саласы	25. сфера искусства
26. үй салу қиын	26. дом а строить трудно
27. адамдарды емдеу қиын жұмыс	27. лечить людей - сложная работа
28. кітап жазу	28. писать книги
29. шаштараз шебері	29. мастер парикмахер
30. материалдарды аудару	30. перевод материалов /язык/
31. сұхбат беру	31. давать интервью
32. жұмыс орным алыс емес	32. моя работа не далеко
33. істі уақытымен бастау	33. начать дело своевременно
34. істі уақытымен аяқтау	34. закончить дело своевременно
35. тұрақты жұмыс	35. постоянная работа
36. 9-дан 6-ға дейін	36. с 9-ти часов до 6-ти часов
37. жұмыссыздар	37. безработные
38. Сіздің жұмысыңыз қиын ба?	38. Ваша работа трудная?
39. Сіздің жұмысыңыз қызық па?	39. Ваша работа интересная?



- |                                             |                                              |
|---------------------------------------------|----------------------------------------------|
| 40. Сізге бұл мамандық ұнай ма?             | 40. Эта специальность вам нравится?          |
| 41. Қоғамдық жұмыс                          | 41. общественная работа                      |
| 42. Сіздің болашақ мамандығыңыз қандай?     | 42. Ваша будущая профессия какая?            |
| 43. Болашақ мамандығыңыз туралы не білесіз? | 43. Что Вы знаете о своей будущей профессии? |
| 44. Осы салада ірі қайраткерлер бар ма?     | 44. Есть ли в этой сфере знаменитые деятели? |
| 45. Атақты адамдарды білесіз бе?            | 45. Каких известных людей Вы знаете?         |
- 

## 2 -тақырып

**Грамматика: Ауыспалы келер шақ. Болжалды келер шақ**

**Лексика: Жұмыс күні (Рабочий день)**

### Тақырыптың мақсаты

Студенттің тақырып бойынша сөйлей алуы, білімдерін жоғары сөйлеу деңгейге шығаруы, яғни, студентті "Жұмыс күні" тақырыбы бойынша өз ойын еркін айта алуға, ауызекі сөйлесе алу деңгейіне жеткізу.

### Грамматикалық тапсырмалар

1. Назовите мягкие гласные казахского алфавита. Как произносятся гласные фонемы *е* и *ә*. В словаре найдите слова с мягкими гласными, выпишите.

### 2. Бұйрық рай:

1) Как образуется «бұйрық рай»?

2) Проспрягайте в форме бұйрық рай следующие глаголы в единственном и множественном числе: *тұру, жасау, жуыну, тамақтану, жинау, жуу, шығу, жүру, жұмыс істеу, бастау, демалу, аяқтау*.

### 3. Барыс септік.

1) Назовите значения «барыс септік».

2) Как образуется «барыс септік»?

3) Какие послелогии употребляются с «барыс септік»?

4. Приведите примеры употребления жалғаулықтар (союзов) *мен, бен, пен*.

5. Как образуется «ауыспалы келер шақ»?

6. Как образуется «болжалды келер шақ»?

### Жаттығулар

**1-жаттығу.** *е, ә* дыбыстарының емлесі. Прочитайте, переведите на русский язык.

Әдебиет, әдемі, әділет, әзілдесу, әзірлену, әйгілі, әкімшілік, әл, әлдебір, әлдеқайдан, әлдеқандай, әлдеқашан, әлеуметтік, әне-міне, әрқашан, әрине, әріптес, әсіресе, әуре, әулие;

Егде, егеменді, егінші, ежелгі, екінші, елбасы, елорда, елтаңба, еңбек, емхана, емделу, ене, ереже, ерекше, ертең, ермек, есеп, есімдік, етістік, ешкім,

ештеңе.

**2-жаттығу.** Төмендегі етістіктерден бұйрық рай жасаңыз және жіктеңіз.

Апару, аудару, әзірлену, баяндау, дем алу, жабу, жазу, келу, кету, кешікпеу, қосу, күту, отыру, оқу, тамақтану, тексеру, тыңдау, шешу.

**3-жаттығу.** *Барыс сентік жалғауын жалғаңыз.* Сөйлемдер құрастырыңыз.

Дәулет, Мәдина, Елдана, Камиля, Жәнібек, Мерует, Роза, әже, ата, әке, ана, конференция, жиналыс, симпозиум, семинар, съезд, сабақ, асхана, кітапхана, қонақ, дүкен, дәріхана, орындық, өзен, қала, ауыл, тау, көл, көше, алаң, мұз айдыны, бассейн, шаңғы тебу, сатып алу, тапсыру, кездесу.

**5 - жаттығу.** Ауыспалы келер шақ. Жауабын жазбаша беріңіз.

Мәтін бойынша төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер:

1. Сіздің демалыс күніңіз қай күн?
2. Сіз аптасына неше күн оқисыз?
3. Сіз жұмыс күндері ерте тұрасыз ба?
4. Тұрған соң, Сіз не істейсіз?
5. Сабақ нешеде басталады?
6. Күнде неше сабақ бар?
7. Түскі тамақты қайдан ішесіз?
8. Сабақтан соң Сіз не істейсіз?
9. Үйге қашан келесіз?
10. Үйде не істейсіз?

**6- жаттығу.** *Болжалды келер шақ.* Сұрақтарға жауап беріңіз.

- а) Келер шақтың неше түрі бар?
- б) Болжалды келер шақтың жұрнақтары туралы айтып беріңіз.
- в) Жұрнақтары қай заңдарға сәйкес жалғанады?

**7 - жаттығу.** *Болжалды келер шақ* жұрнақтарын жалғаңыз.

Пойыз уақытында кел... Біз жазда Бұрабайда демал...мыз. Жаңалықты радиодан айт... Кітап бізге көп білім бер... Студенттер жарысқа қатыс... . Біз бүгін ерте жат...мыз . Сен бүгін базарға бар...сың. Газет мақаласын өзің оқы...сың. Сәнді көйлекті өзің тіг...сің. Ертең күн жаңбырлы бол... . Бұл үй әдемі болып салын... .

**«Жұмыс күні» тақырыбына қатысты сөздік  
(словарь по теме «Мой рабочий день»)**

жоспарлау	планировать	білікті	знающий
жұмыс істеу	работать	мақсат	цель
белсенді	активно	маңызды	значительный
табысты	успешно	үзіліс	перерыв
тиімді	эффективно	аяқталу	заканчиваться
ұзақ	долгий	басталу	начинаться
қысқа	короткий	кездесу	встреча

**Сөйлеу мәдениетін жетілдіру**

Вы должны уметь:

- рассказать о своем рабочем дне;
- составить диалог с собеседником о его рабочем дне;
- передать последовательность событий дня.

**8-жаттығу.** Мәтінді оқыңыз, өзіңіздің жұмыс күніңіз туралы әңгімелеңіз.

### Менің жұмыс күнім

Әркім өзінің жұмыс күнін жоспарлау керек. Сонда ғана жұмыс күні өнімді, тиімді өтеді. Сабақтан басқасын бос уақытта істеуге болады. Адам өзін-өзі тәрбиелеу керек.

Жұмыс аптасы бес күн, сенбі күні оқымаймыз. Әдетте сабағым сегіз жарымда басталады. Оқу орным үйден алыс емес. Менің күн тәртібім орнықты.

Мен күнде сағат жетіде тұрамын. Дене шынықтыру жасаймын, жуынамын, таранамын. Осыған мен он бес – жиырма минут жұмсаймын. Бұл кезде шай қайнап тұрады. Жеті жарымда шайымды ішемін. Сонан соң тісімді тазалап, киімімді киіп, жолға жиналамын. Сағат сегізде үйден шығамын, он бес минуттан соң университетке келемін. Күніне алты – жеті сабақ болады, сағат үшке таман сабақ аяқталады. Түскі асты асханадан ішемін. Сабақтан соң кітапханаға барып, конспект жазамын, келесі күнгі сабаққа дайындаламын. Сағат бес жарымнан кешкі жетіге дейін спорт кешеніне барып жаттығамын. Жаттығу аптасына үш рет өтеді. Мен үйде кешкі сегізде боламын. Отбасымызбен кешкі асымызды ішеміз, теледидардан жаңалықтарды көреміз, кейде қолы бос болса әкем екеуміз шахмат ойнаймыз. Сабақ тапсырмалары көп болса бір сағаттай дайындаламын. Әдетте мен кешкі сағат он бір жарымда ұйықтауға жатамын. Қыдыру, киноға, театрға баруды сенбі, жексенбіге жоспарлаймын.

### Мәтін бойынша сөздік

әркім	каждый	әдетте	обычно
сонда ғана	только тогда	үйден алыс емес	недалеко от дома
өнімді	производительный	орнықты	постоянное
тиімді	эффективный	жұмсаймын	использую
өтеді	проходит	сонан соң	после этого
сабақтан басқасын	все, кроме уроков	киімімді киіп	одевшись
бос уақытта	в свободное время	жолға жиналамын	собираюсь в дорогу
істеуге болады	можно сделать	сағат үшке таман	к трем часам
өзін-өзі	сам себя	жаттығамын	тренируюсь
тәрбиелеу керек	воспитывать	жоспарлаймын	планирую

**9-жаттығу.** В данном диалоге вместо точек поставьте нужные слова. Перескажите.

- ... нешеде тұрасыз?
- ... жетіде ... .
- Сіз суық сумен ... .. ?
- Иә, мен суық сумен ... .
- Таңертеңгі тамағыңызды сағат нешеде ... ?
- Таңертеңгі асымды сағат ... .. .
- Үйден сағат нешеде ... ?
- Сағат сегіз отызда ... .
- Жұмысыңыз сағат нешеде ... ?
- Сағат тоғызда ... .
- Түскі тамағыңызды ... ішесіз?
- Түскі ... асханадан ... .
- Үйге ... келесіз?
- Сағат жетіде келемін.
- Кешке ... көресіз бе?
- Иә, ... .. көремін.
- Ұйықтауға сағат нешеде ... ?
- Сағат он бірде ... .

**10-жаттығу.** Прочитайте пословицы и поговорки, найдите эквиваленты пословиц на русском языке. Выучите пословицы и поговорки.

1. Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей.
2. Күлме досыңа, келер басыңа.
3. Тең ойласаң, кең ойла.
4. Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада.
5. Досыңның асын, қасыңдай іш.
6. Аурудың алдын ал.
7. Ақылы аздың – ашуы көп.

**11-жаттығу.** Оқыңыз. Орыс тіліндегі баламасын айтыңыз (Найдите эквиваленты в русском языке).

- Жұмысты бес саусағындай білу.
- Білегін сыбанып кірісу.
- Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүру.

## **ТАҚЫРЫПҚА ҚАТЫСТЫ СӨЙЛЕУ ҮЛГІЛЕРІ** **Речевые модели на тему «Мой рабочий день»**

**Сколько рабочих дней в неделе?** – Аптада неше жұмыс күні бар?

Мы учимся пять дней. – Біз бір аптада бес күн оқимыз.

**В рабочие дни я встаю в шесть часов утра.** – Жұмыс күндері мен сағат алтыда тұрамын.

**Ты каждый день встаешь в шесть утра?** - Сен күнде сағат алтыда тұрасың ба?

**Во сколько ты выходишь из дома?** - Сен үйден сағат нешеде шығасың?  
**Я выхожу из дома в семь тридцать.** - Мен үйден сағат жеті жарымда шығамын.  
**Когда Вы приходите домой?** - Сіз үйге қай уақытта келесіз?  
**Они приходят домой в пять часов вечера.** - Олар үйге сағат бесте келеді.  
**Вечером во сколько ложишься спать?** - Кешке нешеде жатасың?  
**Он ложится в двенадцать часов?** - Ол кешке он екіде жата ма?

### **Шығармашылық тапсырма (жоғары деңгей)**

«Менің жұмыс күнім» тақырыбы бойынша өзіңіздің кестеңізді құрастырыңыз, әңгімелеңіз.

### **Тақырыпты қорытындылауға арналған тест тапсырмалары**

**1.Қазақ тілінде неше жіңішке дауысты дыбыс бар?**

- A) 3
- B) 5
- C) 6
- D) 7
- E) 9

**2.Бұйрық рай нені білдіреді?**

- A) істің бұйрық мағынасын
- B) шақты
- C) ынтаны
- D) белгісіздікті
- E) істің болмауын

**3.Барыс септігінің мәні қандай?**

- A) іс қимылдың өзі
- B) заттың тәуелділігі
- C) істің істелу орны мен уақыты
- D) іс-қимылдың бағыты
- E) іс-қимылдың бірігіп істелінуі

**4.Ауыспалы келер шақтың жұрнақтары:**

- A)-ар,-ер,-р
- B)-а,-е,-и
- C)-мақ,-мек,-бақ,-бек,-пақ,-пек
- D)-ып,-іп,-п
- E)-ын,-ін,-н

**5.Болжалды келер шақтың жұрнақтары:**

- A)-ас,-ес,-с
- B)-ын,-ін,-н
- C)-ыс,-іс,-с
- D)-мын,-бын,-пын
- E)-ар,-ер,-р

**6.Нүкте орнына қажетті әріпті қойыңыз: к...шіріңіз**

- A) е

- В) ә
- С) і
- Д) ү
- Е) ы

**7. "Мына ыдыс-аяқты сервантқа...". Бұйрық райдың қайсысы қажет?**

- А) қойған
- В) қояр
- С) қойыпты
- Д) қойды
- Е) қойсын

**8. Қай жалғау қажет? Біз оқу залы... барамыз.**

- А)-ға
- В)-на
- С)-ге
- Д)-қа
- Е)-не

**9. Барыс септігінің сұрақтары?**

- А) қашан? қайда?
- В) кім? не?
- С) қайда? неге?
- Д) кіммен? немен?
- Е) кімнің? ненің?

**10. Қандай септеулік шылау қажет? Үйге ... автобуспен келдім.**

- А) кейін
- В) дейін
- С) соң
- Д) туралы
- Е) арқылы

**11. Қандай жалғаулық шылау қою керек? Зәуре ... Майра Астанада оқиды.**

- А) бен
- В) пен
- С) мен
- Д) сен
- Е) ол

**12. Ауыспалы келер шақта тұрған сөйлем қайсысы?**

- А) әңгіме айттым
- В) ертең айтамын
- С) енді айттым
- Д) жақсы айту
- Е) ештеме айтпа

**13. Болжалды келер шақ тауып алыңыз:**

- А) келермін
- В) келдім
- С) келмедім
- Д) келіппін

Е) келмеппін

**14.Қай сөйлем дұрыс жазылған?**

А) Сабақ ол туралы ертең ойлар

В) Сабақ ойлар туралы ертең ол.

С) Ол сабақ туралы ертең ойлар.

Д) Туралы сабақ ойлар ол ертең.

Е) Ертең ойлар ол туралы сабақ.

**15.Сабаққа үйден нешеде шығасың?**

А) жеті отызда

В) жетіге отызға

С) жетіден отыздан

Д) жеті отыз

Е) жетінің отызы

**16.Қазақ тілі сабағы аптасына неше рет?**

А) алтыншы рет

В) алтау ретте

С) алты рет

Д) алтау ма

Е) алтыға дейін

**17.Мен сабаққа (не опаздываю). Жақшаны ашыңыздар:**

А) кешіккен емес

В) кешігіп отырмын

С) кешіктім

Д) кешікпеймін

Е) кешігу

**18.Мен таңертең сағат жетіде (встаю). Жақшаны ашыңыздар.**

А) ерте

В) кеш

С) тұрамын

Д) тұрады

Е) тұру

**19.Дұрыс аудармасын табыңыз. Я каждый день после занятий хожу в библиотеку.**

А) Барамын кітапханаға соң сабақтан мен күнде

В) Күнде кітапханаға соң сабақтан барамын мен

С) Мен күнде сабақтан соң кітапханаға барамын

Д) Кітапханаға соң сабақтан күнде мен барамын

Е) Мен соң барамын кітапханаға күнде сабақтан

**20.Сабақ нешеде басталады?**

А) сегіз жарым

В) сегіз жарымда

С) сегіз жарымға

Д) сегіз жарымды

Е) сегіз жармның

*Тақырып бойынша қазақша-орысша сөздік*

кейбіреулер	некоторые
жуыну	умываться
киіну	одеваться
таңертеңгі ас	завтрак
түскі ас	обед
кешкі ас	ужин
тұру	вставать, жить, стоять
шығу	выходить
жұмыс істеу	работать
ішу	кушать
асығу	торопиться
уақыт	время
жету	хватать
кейде	иногда
сатып алу	покупать
мейрамхана	ресторан
біраз	немного
өйткені	потому что
ауыру	болеть
енді	теперь
төсек	кровать, постель
ұйықтау	спать
сатып алу	купить
еңбек сүйгіш	трудолюбивый
жалқау	ленивый
саясатшы	политик
сауда	торговля
әкім	аким
дүкен	магазин
мұражай	музей
мұрағат	архив
лайық	подходит
байланыс	отдел связи
жалақы	оклад
айлық	зарплата
қиын, ауыр	трудно
ұнау	нравиться
ғылыми жұмыс	научная работа
төлем	оплата
үзіліс	перерыв
апта сағаттары	часы недели
жұмыссыздық	безработица
таңертең	утром



<b>екінші ауысым</b>	вторая смена
<b>табыс</b>	доход
<b>қосымша табыс</b>	дополнительный заработок
<b>жұмысқа кірісу</b>	приступить к работе
<b>айына 500 \$ табу</b>	получать 500 \$ в месяц
<b>Мен «Астана»</b>	я работаю на телеканале «Астана»
<b>телеарнасында жұмыс</b>	
<b>істеймін</b>	
<b>аптаның бес күні</b>	пять дней недели

**Қазақ тіліндегі лексикалық қалыптарды жаттап пайдаланыңыз:**

1. ерте тұру
2. дене шынықтыру
3. шетел фирмасы
4. тамақ ішу
5. үйден уақытында шығу
6. үйден нешеде шығасың (- сіз)?
7. сағат 9-дан кешкі 6-ға дейін
8. үзілісің қанша? - үзілісім 1 сағат
9. нешеден нешеге дейін?
10. жұмыс күндері нешеу?
11. үйден шығып аялдамаға барады
12. үйден шығып машинаға отырады
13. жұмыс сағат тоғызда басталады
14. жұмыс сағат алтыда аяқталады
15. түскі асын асханадан ішеді
17. түскі асын үйден ішеді
18. екі күн демалады
19. бес күн жұмыс істейді
20. үйде жұмыс істейді
21. адам ауырса, емделеді, жұмысқа бармайды
22. сенбі күні жұмыс істейміз бе?
23. қай күні демаласыз?
24. жұмысыңыз қиын ба?
25. студент болу қиын ба?
26. студент болу қызық па?
27. әкеңіз қайда жұмыс істейді?
28. шешеңіз қайда жұмыс істейді?
29. олардың жұмыс күні неше сағат?
30. олардың жұмысы Сізге ұнай ма?
31. оларға Сіздің оқуыңыз ұнай ма?

### 3-тақырып

#### Грамматика: Сын есімнің шырайлары. Сұраулы сөйлемдер

#### Лексика: Келбет

**Сабақтың мақсаты:** Грамматикалық ережелер меңгерілген соң, "Келбет" тақырыбы бойынша сөйлесуге, ойын айта алуға, досының немесе басқа адамның келбеті туралы сұхбаттасуға, сұрақ қойып, жауабын айта алу деңгейіне жетуге тиісті, яғни студенттердің білім деңгейін пікір алмасу деңгейіне жеткізу болып табылады.

#### Сұрақтарға жауап беріңіздер (Ответьте на вопросы):

1. С какими фонемами русского языка Вы бы сравнили звуки *ы* и *і*.
2. Как произносятся звуки *ы* и *і*?
3. Из активного словаря выберите по 5 слов со звуками *ы* и *і*. Правильно прочитайте.
4. Назовите значения *ілік сентік*.
5. Какие окончания имеет *ілік сентік*?
6. Какому падежу русского языка соответствует *ілік сентік* казахского языка?
7. Дайте определение части речи «сын есім».
8. На какие вопросы отвечает «сын есім» казахского языка?
9. Какие грамматические признаки имеют имена прилагательные казахского языка?
10. Дайте определение относительным прилагательным казахского языка.
11. Сколько степеней прилагательных в казахском языке?
12. Как образуется сравнительная степень «сын есім»?
13. Как образуется превосходная степень «сын есім»?
14. Сколько типов вопросительных предложений в казахском языке?
15. Место вопросительного слова в вопросительном предложении?

#### Грамматикалық тапсырмалар

**Тақырып бойынша грамматикалық материалды талдау:** *ы, і* жұп дауысты дыбыстар, дыбыстардың оқылуына көңіл бөлу.

**1-тапсырма.** Дыбыстарды дұрыс оқып дағдыланып, орыс тіліне аударуыңыз.

Жаңа ыдыс-аяқ дүкені ашылды. Жаттығулар орындалды. Қызық оқиғалар кітабы. Алматының апорты - қып-қызыл алма. Жүзікті қымбат бағаға сатып алдым. Қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда! Қырық саны - қасиетті. Тіліңмен жүгірме, біліміңмен жүгір. Қатық, ірімшік, қымыз, уыз - сүт тағамдары. Біздің ағамыз - білімді кісі.

#### 2-тапсырма.

#### 1) *Ілік сентіктің жалғауын жалғаңыз:*

Қаңтар... жетісі

Наурыз... сегізі

Мамыр... оны

Маусым... тоғызы

Тамыз... екісі

Қыркүйек... жиырма

Қазан... он екісі

2) **Қазақ тіліне аударыңыз:** мой друг, наша семья, его любимый поэт, сын моего брата, твой знакомый, сестра моего отца, подпись профессора, его ровесник, наши студенты, мужской характер, руки моей матери, друг моего брата, жена моего брата, журнал моего дедушки, смех ребенка.

**3-тапсырма. Мақалдарды жаттап алыңыз. Ілік септікте тұрған сөздерді белгілеңіз.**

*Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада* - Мать живет заботами детей, а дети живут своими интересами.

*Інісі бардың тынысы бар, ағасы бардың жағасы бар* - Если есть младший брат, то значит у тебя есть помощь, а если есть старший брат, то у тебя есть опора.

*Әкенің қадірін балалы болғанда білесің* - Цену отцу узнаешь тогда, когда появятся собственные дети.

### **Адамның мінезін және сыртқы келбетін білдіретін сөздер Слова, обозначающие характер человека, его внешний вид**

ақылды	умный	қызба	горячий
сүйкімді	приятный	қызғаншақ	ревнивый
тартымды	обаятельный	мақтаншақ	хвастливый
байсалды	уравновешенный	кекшіл	злопамятный
іскер	деловой	жеңілтек	легкомысленный
кішіпейіл	вежливый	ашулы	злой
көпшіл	общительный	сараң	скупой
еңбекқор	трудолюбивый	аңқау	наивный
жомарт	щедрый	қалжыңбас	шутник
көңілді	веселый	ерке	избалованный

**4-тапсырма.** Сын есімнің шырайлары. Прочитайте, сравните, переведите. Составьте 10 предложений с данными прилагательными:

*Аласа (низкий) - аласарақ (ниже) - ең аласа (самый низкий) - ап-аласа (очень низкий)*

*әдемі (красивый) - әдемілеу (красивее) - ең әдемі (самый красивый) әп-әдемі (очень красивый);*

*алыс (далеко) - алыстау (дальше) - ең алыс (самый далекий) - ап-алыс (очень далекий);*

*толық (полный) - толықтау (полнее) - ең толық (самый полный) - топ-толық (очень полный);*

*жақын (близкий) - жақындау (ближе) - ең жақын (самый близкий) - жап-жақын (очень близкий).*

**5-тапсырма.** Сөйлем ішіндегі сөз тәртібін сақтап, сөйлем құраңыз. Составьте предложения с прямым порядком слов в предложении.

1. Бойы, атамның, ол, аласа, емес, толық, бірақ. 2. Ұзын, шашы, қарындасымның, қалың, қара. 3. Үлкен, басы, емес, домалақ. 4. Кеудесі, ұзын,

кең, аяғы, көршім, Сенбаевтің. 5. Әдемі, қызыл, ерні, бұйра, шашы Әлияның. 6. Көзі, ұзын, кірпігі, қара, ашық, маңдайы, досының, ағамның. 7. Келбетті, спортшы, күшті, қатты, мінезі. 8. Жіңішке, саусағы, ұзын, әдемі, пианисттің. 9. Бар, мұрты, ақсақалдың, сақалы, жоқ, бірақ. 10. Жасы, орта, оның, толық, арық емес.

*6-тапсырма.* "Келбет" тақырыбына жататын сөздерді бөлек жазыңыз. Найдите слова, относящиеся к теме "Келбет".

Мұрт, сақал, толық, арзан, қымбат, салқын, шаш, көз, аяқ, қол, домалақ, жеңіл, маңдай, қыс, аспан, салмақ, бойы, мойын, сызғыш, дәптер, иық, иек, ыстық, суық, көңілді, сұр, жүдеу, ағаш, жапырақ, кеуде, ерін, дүкен, дәрі, орта бойлы, қара, семіз, қас, көз, иек, шынтақ.

*7-тапсырма.* Мәтінді оқыңыз, аударыңыз. Мәтін бойынша сұрақ қойыңыз.

### Жолаушы жігіт

Әл-Фарабидің Ирандағы өмірінен бір қызықты оқиға. Әл-Фарабидің музыкасына құмар Иран елі, оны өз Сарайына келтіре алмай жүреді. Бір күні Әл-Фараби келеді, бірақ кім екенін білдірмейді. Оның үстінде шаруа шапаны, басында бөркі, аяғында кебіс болады. Белбеуінде қылышы, үсті-басын шаң басқан, қолында таяғы бар.

Бұл – жіңішке қара мұртты, өткір көзді, қыр мұрынды, кең маңдайлы, бидай өңді, бойы ортадан гөрі ұзындау, ат жақты, кең иықты, ашаң жігіт екен. Жолаушының бейнесі алыс жердің адамына ұқсайды. Оған төр емес, ауыз жақтағы ас үйден орын береді. Босағада отырған жұпыны киімді жолаушыны ешкім елемейді.

### Сөздік

қызықты оқиға	интересный случай	өткір көз	глаза
құмар	сильное желание	бидай өңді	проницательные
келтіре алмай	не могли	ат жақты	красивый цвет кожи
жүреді	пригласить		скуластый
білдірмейді	не показывает	ашаң жігіт	бледный юноша
оның үстінде	на нем	жолаушының бейнесі	образ путника
шаруа шапаны	простой чепан	ауыз жақтағы	при входе
кебіс	простые сапоги	босағада	у двери
қылыш	меч	ешкім елемейді	никто не обращает внимания

*7.1-тапсырма.* Мәтін бойынша киімі туралы сипаттаманы жазып алыңыз.

*7.2-тапсырма.* Әл-Фарабидің келбеті туралы сипаттаманы жазып алыңыз.

*7.3-тапсырма.* **Нүкте орнын толтырыңыз.**

1. Ирандағы өмірінен ... оқиға. 2. Музыкасына ... Иран елі. 3. Оның үстінде ... , басында ....., аяғында ... . 4. Белбеуінде ... , үсті-басын ....., қолында ... . 5. Оған ... орын береді. 6. Босағада отырған ... жолаушыны ... елемейді.

*7.4-тапсырма.* Ответьте на вопросы по тексту.

1. Әл-Фарабидің өмірінде қандай оқиға болды?
2. Әл-Фарабидің музыкасына кім құмар болды?
3. Әл-Фараби қалай киінген?
4. Әл-Фарабидің бейнесі қандай?
5. Оған қай жерден орын тиеді?
6. Ол жігітті неге ешкім елемейді?

### **Сөйлеу мәдениетін жетілдіру**

Вы должны уметь:

- составить словесный портрет человека;
- описать наиболее отличительные (на Ваш взгляд) черты знакомого Вам человека.

#### ***1-жаттығу.* Ответьте на вопросы по теме "Келбет":**

- 1) Адамның бойы қандай болады?
- 2) Адамның шашы қандай болады?
- 3) Адамның денесі қандай болады?
- 4) Көзі туралы не дейсіз?
- 5) Мұрны, аузы, құлағы қандай болады?
- 6) Сақал, мұрт кімдерде болады?
- 7) Адамның тісі қандай болуы керек?
- 8) "Салмақты" адам дегеніміз кім?
- 9) "Орта жастағы адам" - қай шамадағы адам?
- 10) "Қалқан құлақ" деп кімді айтады?

#### ***2-жаттығу.* Қажетті сын есімді қосыңыз.**

Менің досымның аты Баян. Ол – студент. Баян (очень красивая) қыз. Оның (рост) биік емес, (худенькая). Оның шашы (черные, средней длины). Көзі (черные, большие). Оның мұрны (прямой), қасы (дугообразные), беті (белое).

#### ***3-жаттығу.* Қазақ тіліне аударыңыз.**

Этот высокий парень – Виктор. Он хорошего телосложения, спортсмен. Его вес около 75 килограмм. Волосы Виктора русые, глаза голубые, нос прямой, губы красивые. Руки и ноги длинные. Он не курит. Виктор живет в городе Астана. Он занимается плаванием, тренируется в бассейне. спорткомплекса «Каспийский» Он кандидат в мастера спорта. Он готовится на Олимпиаду в Сочи в 2012 году.

#### ***4-жаттығу.* Ситуативтік тапсырмалар:**

1. Вас интересует юноша, с которым Вы давно хотели познакомиться. Как бы Вы ответили на вопрос?

В: Ол жігіт қандай?

О: Ол орта бойлы, қараторы, толық емес.

*Варианты ответов:* аласа, аққұба, дембелше, шашы тік, шашы бұйра, семіз, күлімкөз, маңдайы ашық, келбетті, беті жалпақ.

2. Вы должны встретиться с девушкой, которую еще не видели. Какой Вы себе ее представляете?

В: Вика, кешіріңіз, мен Сізді қалай танимын?

О: Мен орта бойлымын. Шашым сары, қысқа, көзім көк.

*Варианты ответов:* бойы биік, беті ақ, шашы қап-қара, саусақтары әдемі,

аяғы ұзын, белі жіңішке, мойны ұзын, қасы қара.

3. Ваш собеседник высказывает предположение. Как Вы отреагируете?

В: Натальяның шашы әдемі, қалың шығар.

О: Оның шашы ұзын, сары.

*Варианты ответов:* қысқа, жұқа, тік, иығына дейін, толқынды, бұйра.

4. Поддержите беседу:

- Қайырлы күн, Ольга! Сен бүгін әдемісің! Қайдан келе жатырсың?

- ... ! Шашымды бояп, сәнді қиып шаштараздан келе жатырмын!

- ... тамаша ғой! Қай шеберге бардың?

- Қаладағы ең тамаша ... бардым. Қолы тамаша екен, жеңіл.

- Бұл шаштараз қай көшеде ... ?

- Кенесары көшесі, 31 үйде.

- Мен де сонда барайыншы!

**5- жаттығу.** Көп білгісі келетіндерге (для тех, кто хочет много знать).

Если хотите узнать о своем характере, то посмотрите на эту таблицу. Вы родились 23.04.1993 года. Надо сложить все цифры даты рождения:  $2+3+0+4+1+9+9+3=31$ :  $3+1=4$ . Ваше число 4. А теперь посмотрите таблицу. Вы узнаете свой характер. Согласны ли Вы с этим?

1- батыл – ақылды – салқын қанды

2- ақ көңіл – ақ жарқын – салмақты

3- әртіс – білуге құмар – ақылды

4- білуге құмар – әртіс - ұйымдастырушы

5- саяхатшы – білуге құмар – ақылды

6- қияшыл – сүйкімді – күйгелек

7- аналитик-психолог – жалғыздықты сүйеді – зерттеуші

8- өзімшіл – еңбекқор - өктем

9- қияшыл – сүйкімді – еңбекқор

### Сөздік

ақылды - умный

ақ жарқын - простодушный

ақ көңіл – добрый, не злопамятный, душа нараспашку

батыл – решительный, смелый

білуге құмар – любознательный, хочет все знать

еңбекқор - трудолюбивый

жалғыздық - одиночество

зерттеуші - исследователь

күйгелек – суетливый, беспокойный

қияшыл - мечтатель

өктем – властный, смелый

салқын қанды – хладнокровный

салмақты - уравновешенный

саяхатшы - путешественник

сүйкімді – приятный, обаятельный

Осы кестеге сәйкес қандай мамандықтарды сипаттайсыз? Мысалы, 2-дәрігер, оқытушы; 7 – ғалым т.с.с.

## **АДАМНЫҢ КЕЛБЕТІНЕ ҚАТЫСТЫ СӨЙЛЕМ ҮЛГІЛЕРІ**

### **Речевые модели на тему «Портрет человека»**

**Оның бойы аласа, толық, егде адам.** - Он невысокий, полный, пожилой человек.

**Сенің бойың орташа, арықсың, шашың ұзын.** – Ты среднего роста, худощавая, волосы длинные.

**Алтынай аққұба, ал Меруерт қараторы қыз.** – Алтынай светлая, а Меруерт смуглая девушка.

**Менің досым өте нәзік қыз.** – Моя подруга очень нежная девушка.

**Біздің декан өте қатал адам.** – Наш декан очень строгий человек.

**Сендердің кураторларың жайдары адам.** – Ваш куратор приветливый человек.

**Сіз өте көңілді адамсыз.** – Вы очень веселый человек.

**Ол бүгін құлпырып отыр.** - Она сегодня хорошо выглядит.

### **Шығармашылық тапсырма (жоғарғы деңгей)**

Составьте рассказ на тему «Келбет» ( о Вашем друге, о любимом актере, писателе, преподавателе, политике, спортсмене и т.д.).

### **Тақырыпты қорытындылауға арналған тест тапсырмалары**

#### **1.Қай сөз дұрыс жазылмай тұр?**

- A) әріп
- B) бесеу
- C) табу
- D) қисік
- E) тағы

#### **2.Жуан дауысты дыбыстарды көрсетіңіз:**

- A) а, е, у, ү
- B) а,о, ұ, ы
- C) о, у, ы, е
- D) э, у, ы, е
- E) о, ү,ө, а

#### **3.кімнің? ненің? сұрақтары қай септіккі ?**

- A) ілік
- B) барыс
- C) жатыс
- D) табыс
- E) шығыс

#### **4.Тәуелдік жалғаулары қайсысы?**

- A)-мың,/-бың,/-пын
- B)-ға/, -ге/, -қа/, -ке

- C)-сы,-сі,-ы,-і
- D)-ды,-ді,-ты,-ті
- E)-быз/,-біз,-пыз/,-піз

**5.Сын есімнің неше шырайлары бар?**

- A) 5
- B) 2
- C) 3
- D) 6
- E) 7

**6.Мына сөздердің қайсысы салыстырмалы шырайда тұр?**

- A) қап-қара
- B) өте жақсы
- C) көкпенбек
- D) биігірек
- E) аппақ

**7.Қатыстық сын есім қайсысы?**

- A) жақсы
- B) тәтті
- C) ауыр
- D) кең
- E)т аулы

**8.Күшейтпелі шырайлы сын есім қайсысы?**

- A) семіздеу
- B) жүдеу
- C) тым аласа
- D) жоғырғы пәтер
- E) қазіргі заман

**9.Көп нүктенің орнына қойылатын әріп қайсысы?...стық, су...қ**

- A) і
- B) ә
- C) ы
- D) ү
- E) ұ

**10.Мақалды толықтырыңыз:Ырыс алды-... ?**

- A) жолдас
- B) қол
- C) жол
- D) ынтымақ
- E) балалық

**11.Ілік септігінің жалғауы қай сөзде ?**

- A) Алматыға
- B) Алматыда
- C) Алматының
- D) Алматыны
- E) Алматыдан



**12. Тәуелдік формада тұрған сөзді табыңыз.**

- A) бетке B) беті C) бетте D) бетгі E) жүрек

**13. Мына сөздердің ішінде сын есім бар ма?**

- A) бөлме  
B) төсек  
C) кілем  
D) перде  
E) жұмсақ

**14. Айсұлудың шашы қандай?**

- A) үлкен  
B) ұзын  
C) толық  
D) жүдеу  
E) көк

**15. Күшейтпелі шырайдағы сөзді көрсетіңіз:**

- A) ол кішкентай  
B) өте семіз  
C) су суық  
D) ыстық нан  
E) бара жатыр

**16. Дәрінің дәмі қандай?**

- A) ащы  
B) тәтті  
C) дәмді  
D) тұзды  
E) қызыл

**17. Қай сөйлем дұрыс құрастырылған?**

- A) Ағамыз біздің үлкен адам алтын  
B) Адам алтын ағамыз үлкен біздің.  
C) Алтын біздің ағамыз үлкен адам  
D) Біздің үлкен ағамыз алтын адам.  
E) Үлкен адам біздің ағамыз алтын

**18. Бұл не? Сырты жасыл, қап-қатты, іші қызыл, тәп-тәтті.**

- A) сағат  
B) алма  
C) кітап  
D) шөп  
E) қарбыз

**19. Сөйлемді толықтырыңыз: Оның көзінде (очки) бар.**

- A) көзілдірікте  
B) көзілдірік  
C) көзілдірікке  
D) көзілдіріктің  
E) көзілдіріксіз

**20. Қазақ тіліне аударыңыз: самый дорогой.**

- A) қымбат
- B) қымбаттау
- C) қымбаттырақ
- D) қымбатты
- E) қып-қымбат

*Тақырып бойынша қазақша-орысша сөздік*

- |               |                               |
|---------------|-------------------------------|
| 1. ақылды     | 1. умный                      |
| 2. ақымақ     | 2. глупый                     |
| 3. аңқау      | 3. наивный                    |
| 4. әдепті     | 4. вежливый                   |
| 5. әдепсіз    | 5. невоспитанный              |
| 6. әсем       | 6. прекрасный, изящный        |
| 7. беделді    | 7. авторитетный               |
| 8. байсалды   | 8. уравновешенный             |
| 9. бейқам     | 9. беспечный                  |
| 10. есепшіл   | 10. расчетливый               |
| 11. ерке      | 11. избалованный              |
| 12. жеңілтек  | 12. легкомысленный            |
| 13. кішіпейіл | 13. вежливый                  |
| 14. келбетті  | 14. статный, представительный |
| 15. күншіл    | 15. завистливый               |
| 16. көңілді   | 16. веселый                   |
| 17. кекшіл    | 17. злопамятный               |
| 18. көпшіл    | 18. общительный               |
| 19. қарапайым | 19. скромный                  |
| 20. қайырымды | 20. милосердный               |
| 21. қалжыңбас | 21. шутник                    |
| 22. мылжың    | 22. болтун                    |
| 23. сүйкімді  | 23. обаятельный, приятный     |
| 24. сүйкімсіз | 24. неприятный                |
| 25. сымбатты  | 25. стройный, грациозный      |
| 26. сараң     | 26. скупой                    |
| 27. сөзшең    | 27. разговорчивый             |
| 28. талдырмаш | 28. стройный                  |

#### 4-тақырып

**Грамматика: Фразеология туралы түсінік**

**Лексика: Дене мүшелері**

**Сабақтың мақсаты:** Студент грамматикалық ережелерді меңгерген соң "Дене мүшелері" тақырыбы бойынша қазақша сөйлеу, ойын айта алу, адамның дене мүшелері туралы сұхбаттасу, сұрақ қойып, жауабын айта алу деңгейіне жетуге тиісті. Бұл жұмыс нәтижесінде студенттердің білім деңгейі сөйлеудің жоғарғы деңгейіне көтерілуі тиіс.

#### **Грамматикалық тапсырмалар**

1. Как произносится звук **ө** ?
2. В каких слогах употребляется звук **ө** ?
3. Зат есімнің тәуелдік формасы.
4. Приведите примеры притяжательных форм имени существительного.
6. Приведите примеры притяжательного склонения имени существительного.
7. Назовите значения *көмектес септік*.
8. Как образуются имена существительные в *көмектес септік*?
9. Каким падежам русского языка соответствует *көмектес септік* казахского языка?
10. Объясните правописание окончаний имен существительных в *көмектес септік*.
11. Жалғаулықтар (союзы) – *мен, бен, пен*. Объясните их применение.
12. Дайте определение понятия фразеологизмы.

#### **Жаттығулар**

**1-жаттығу.** Тақырып бойынша грамматикалық материалды талдау. Жұп дауысты дыбыстар *о, ө*.

Прочитайте мини-текст, перескажите на казахском языке, переведите на русский язык.

Біздің еліміз өзендерге бай. Еліміздің ірі өзендерінің арасында Сырдария, Ертіс, Жайық, Іле, Шу, Ембі бар. Өзендері мол Жетісу өлкесі - бұл Алматы облысы. Жеті су, яғни жеті өзен: Іле, Ақсу, Лепсі, Қаратал, Биен, Басқан, Сарқанд. Алматы қаласы аумағында Үлкен, Кіші Алматы және Есентай өзендері ағып жатыр. Ал Астанамыздың ортасымен Есіл өзені ағып жатыр. Қазақстанда көлдер де аз емес: Алакөл, Балқаш, Зайсан. Көкшетау өңіріндегі Бұрабай - сексен көл аймағы деп аталады. Атақты қазақ ақыны Сәкен Сейфуллин «Көкшетау» поэмасында осы өңірді жырлаған.

**2-жаттығу.** Тәуелдік септелу. Данные существительные просклоняйте в форме притяжательного склонения:

Образец:

Менің басым

Сенің басың

Сіздің басыңыз

Оның басы

Біздің басымыз

Сендердің бастарың

Сіздердің бастарыңыз

Олардың бастары

*Маңдай, саусақ, бармақ, мойын, ерін, кеуде, іш, иық, құлақ, көз, тіс.*

**3-жаттығу.** Поставьте существительные в көмектес септік.

Көз... көру, қол... ұстау, шаңғыны аяқ... тебеді, сөз... жеңу, бала... ойнау, бас... ойлау, нанды пышақ... кесу, шашты тарақ... тарау, қыз... кездесу, мұрын... дем алу, қулақ... есту, тіл... сөйлеу, дәптерге қалам... жазады, тақтаға бор.. жазады.

**4-жаттығу.** Поставьте необходимые «жалғаулықтар»:

Қыз ... жігіт, есік ... төр, қар ... жаңбыр. "Қан ... тер" романы, намыс ... ар, әжем ... атам, ағам ... апам, күн ... түн, жаз ... күз, жақсы ... жаман.

**5-жаттығу.** Найдите эквиваленты на русском языке к следующим фразеологизмам казахского языка:

Аты шулы адам; айдан анық; отау иесі; саудасы біту; баяғы әніне басты; өзі би, өзі сұлтан; ханға сәлем бермеу; иттей ыза болу.

**Сөйлеу мәдениетін жетілдіру**

Вы должны знать:

- названия внешних органов человека;
- названия внутренних органов человека.

**6-жаттығу.** Мәтінді оқып орыс тіліне аударыңыздар.

### Дене мүшелері

Адамның дене мүшелеріне бас, көз, құлақ, тіл, тіс, маңдай, мұрын, иек, қас, кірпік, мойын, иық, қол, кеуде, іш, аяқ жатады. Әрқайсысының атқаратын өзіндік қызметтері бар. Мысалы, адам көзбен көреді, құлақпен естиді, мұрынмен иіс сезеді, дем алады, тілмен сөйлеседі, аяқпен жүреді, қолмен жұмыс істейді. Қазақ халқында «Денсаулық – зор байлық», «Тәні саудың – жаны сау», «Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – ақ жаулық, үшінші байлық – он саулық» сияқты өнегелі мақал-мәтел, қанатты сөздер бар. Қазақтар, әсіресе, көзді ерекше сақтауды ескертеді. Мысалы, «көзбен көрмей, ішіне сенбе», «көздің қарашығындай сақта», «Көз жетпеген жерге сөз жетеді» сияқты асыл сөздердің маңызы мол. Ал мына қанатты сөздер, кімді болса да сабырлыққа шақырады: «Қолмен істегенді мойныңмен көтер», «Бес саусақ бірдей емес», «Тіліңмен жүгірме, біліміңмен жүгір», «Шаш ал десе, бас алар». Ежелгі уақыттан ел ішінде мынадай ақыл сөз бар: «Көзің ауырса, қолыңды тый, ішің ауырса, аузыңды тый», «Көз қорқақ, қол батыр», «Сынықтан өзгенің бәрі жұғады».

Қазақ халқы тек қана сыртқы дене мүшелері ғана емес, ішкі ағзалар туралы нақыл сөз, мақал-мәтелдер айтқан. «Бала – ананың бауыр еті, көз нұры», «Бала - бауыр, дос - тамыр», «Бала ішегін шұбатып жүріп ойнайды». Ал қазақта, бауыр – ішкі ағзаның негізгі мүшесі, оның қызметіне қарай қазақтар ағайын-туыс адамдарды бауырлас деп атайды. Туған бауырым деген сөздің өзі аса жақындық, інім, ағам бауыр етім деген ұғымды көрсетеді. Бұл ғажап емес пе?

Дене мүшелерінің барлығы да адамның өмір сүруіне тікелей ықпал етеді.

## Сөздік

ағза	организм	нақыл сөз	крылатые слова
бауыр	печень, брат	ет-жүрегі елжіреу (фразеологизм)	скучать
бауырлас	братство, родственный	жағымды	приятный
иек	подбородок	барлығы	все
жақ	щека	тікелей	прямой
сабырлық	терпение	ықпал ету	влиять
ағайын-туыс	родственники	өмір сүру	жить

**7-жаттығу.** Ответьте на вопросы:

1. Адамның дене мүшелеріне не жатады?
2. Адамның бас мүшесінде не орналасқан?
3. Адамдар немен ойлайды (ұстайды, жүреді, сөйлейді, естиді, көреді)?
4. Адамның қаңқасына нелер жатады(относятся)?
5. Адамның қандай ағзаларын көзбен көре алмайсыздар?

**8-жаттығу.** Мына мақалдарды жатқа үйреніп алыңыздар:

1. Тазалық - саулық негізі, саулық - байлық негізі.
2. Бес саусақ бірдей емес.
3. Мергеннің көзі де мерген, сөзі де мерген.
4. Ағаш көркі - жапырақ, адам көркі – шүберек.
5. Адамның сырты – алдамшы.
6. Өнерлі баланың он саусағы тең, өнерсіз баланың бір саусағы кем.

**9-жаттығу.** Выучите пословицы и поговорки.

1. Отансыз адам – ормансыз бұлбұл.
2. Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле.
3. Оқы да біл, тоқы да күл.
4. Өнерлінің қолы алтын.
5. Өлеңшінің сөзі алтын.
6. Отан оттан да ыстық.
7. Көрдім деген көп сөз, көрмедім деген бір сөз.

**10-жаттығу.** Ситуативные задания:

1. Расскажите, какие органы находятся на голове человека. Охарактеризуйте каждый орган (предназначение каждого органа головы).
2. Расскажите, какие функции выполняют: желудок, печень, легкие, почки.

**11- жаттығу.** Поддержите беседу:

- ... !
- Сәлем! Сенің шашың қандай тамаша!
- ... .
- Шашты немен жуасың?
- ... ..
- Шашыңды жиі жуасың ба?
- ... ..

**12-жаттығу.** У Вашего друга болит живот. Предположите, что у него болит желудок, печень, почки.

**13-жаттығу.** Дайте несколько советов, чтобы не болеть.

### «ДЕНЕ МҮШЕЛЕРІ» ТАҚЫРЫБЫНА ҚАТЫСТЫ СӨЙЛЕУ ҮЛГІЛЕРІ

**Менің досым орта бойлы адам.** - Мой друг среднего роста.

**Досыңның бойы биік пе?** - Твой друг высокого роста?

**Оның дене бітімі келісті, шымыр.** – Он хорошего телосложения, мускулистый.

**Қыздың шашы қалың ба, ұзын ба?** – У девушки волосы густые, длинные?

**Ол арық та емес, толық та емес.** - Он и не худой, и не полный.

**Мына қыздың беті аппақ, мұрны қыр мұрын.** – У этой девушки лицо белое, нос прямой.

**Бес саусақ бірдей емес.** - Даже пальцы не одинаковые.

**Адамның сырты - алдамшы.** – Внешность человека обманчива.

**Бейтаныс кісі – бітеу жаңғақ.** - Незнакомый человек, что орех в скорлупе.

**Адамның ұяты бетінде, адамгершілігі ниетінде.** – Совесть человека на лице, а человечность в поступке.

**Адам тастай берік, гүлдей нәзік.** – Человек крепче камня, нежнее цветка.

#### **Шығармашылық тапсырма**

Напишите сочинение на тему «У моего друга (у моей подруги) идеальная фигура» на казахском языке.

#### **Тақырыпты қорытындылауға арналған тест сұрақтары**

**1. О дыбысының жіңішке сыңары қайсысы?**

A) ұ

B) ө

C) і

D) ү

E) у

**2. Ө дыбысы қай буындарда колданады?**

A) соңғы буында

B) орта буында

C) басты буында

D) кез келген буында

E) жабық буында

**3. О, Ө дыбыстары қандай?**

A) еріндік

B) тілдік

C) ауыздық

D) тістік

E) таңдайлық

**4.Притяжательная форма имени существительного I лица единственного числа?**

- A) қолдан
- B) көзбен
- C) тілді
- D) басым
- E) аяқта

**5.Притяжательная форма имени существительного III лица в көмектес септігі?**

- A) жүрегімен
- B) жүрекпен
- C) жүректің
- D) жүректі
- E) жүрек

**6.Какому падежу русского языка соответствует көмектес септігі казахского языка в предложении.**

**Ұшақ аспанмен (летит)?**

- A) предложному
- B) винительному
- C) творительному
- D) дательному
- E) родительному

**7.Определите значение көмектес септігі в предложении: Ағашты балтамен жарады.**

- A) время действия
- B) место действия
- C) средство передвижения
- D) средство связи
- E) орудие действия

**8.Как переводится термин "жалғаулықтар" на русский язык?**

- A) союзы
- B) послелог
- C) слова
- D) слоги
- E) служебные имена

**9.Найдите эквиваленты к мен, бен, пен "жалғаулықтар"**

- A) на,не,па,пе
- B) ма,ме,ба,бе,па,пе
- C) да,де,та,те
- D) са,се,за,зе
- E) ра,ре,ла,ле

**10.Что такое фразеологизмы?**

- A) жабық буын
- B) сөз тіркесі
- C) жуан дауыстылыр

D) ұяң дауыссыздары

E) ықпал

**11. Нүкте орнына қажетті әріпті қойыңыз: к...мектес септігі**

A) ә

B) і

C) ү

D) е

E) ө

**12. Адам немен сөйледі?**

A) тілмен

B) тілден

C) тілді

D) тілдің

E) тілге

**13. Кітапті немен оқимыз?**

A) баспен

B) тілмен

C) тіспен

D) қолмен

E) аяқпен

**14. Қандай жалғау қажет? Жігіт қыз... сөйлеседі.**

A) -мен

B) -пен

C) -бен

D) -ден

E) -нен

**15. Мына сөз тіркесін толықтырыңыз: "Аузында ... сүті кеппеген"**

A) ана

B) аға

C) бала

D) ата

E) қыз

**16. Переведите: "В мгновение ока".**

A) мұрнын көкке көтеру

B) қас пен көздің арасында

C) дем алу

D) өш алу

E) көз бояушы

**17. "Дене мүшелеріне " не жатпайды?**

A) кірпік

B) иық

C) кеуде

D) сабын

E) саусақ

**18. Қай сөйлем дұрыс құрастырылған?**



- A) Бойлы орта курстасы қарындасымның жігіт
- B) Жігіт орта курстасы қарындасымның бойлы
- C) Қарындасымның курстасы орта бойлы жігіт
- D) Курстасы жігіт қарындасымның орта бойлы
- E) Орта жігіт қарындасымның курстасы бойлы

**19. Оның бетінде нелер бар?**

- A) тар
- B) жалпақ
- C) ашық
- D) кең
- E) секпіл

**20. "Бүгін менің қолым тимейді". Переведите на русский язык**

- A) руки длинные
- B) нет времени
- C) руки надо мыть
- D) ничего не делать
- E) руками не трогать

**"Дене мүшелері" тақырыбы бойынша қазақша-орысша сөздік**

<b>1. дене мүшелері</b>	1. части тела
<b>2. ағза</b>	2. орган
<b>3. қанқа</b>	3. скелет
<b>4. жүйке</b>	4. нервы
<b>5. бас</b>	5. голова
<b>6. құлақ</b>	6. ухо
<b>7. мұрын</b>	7. нос
<b>8. көз</b>	8. глаза
<b>9. ауыз</b>	9. рот
<b>10. тіс</b>	10. зубы
<b>11. тіл</b>	11. язык
<b>12. ерін</b>	12. губы
<b>13. иек</b>	13. подбородок
<b>14. жақ</b>	14. сторона, щека
<b>15. маңдай</b>	15. лоб
<b>16. кірпік</b>	16. ресницы
<b>17. қас</b>	17. брови
<b>18. бет</b>	18. лицо
<b>19. мойын</b>	19. шея
<b>20. кеуде</b>	20. грудь
<b>21. қабырға</b>	21. ребро
<b>22. иық</b>	22. плечи
<b>23. бел</b>	23. поясница
<b>24. арқа</b>	24. спина
<b>25. аяқ</b>	25. нога
<b>26. тізе</b>	26. колени

27. өкше	27. пятки
28. бұлшық ет	28. мышцы
29. ойлау	29. думать
30. шайнау	30. жевать
31. ішеді	31. пьет
32. ұстайды	32. держит
33. жүреді	33. ходит
34. таңдай	34. небо
35. өкпе	35. легкие
36. асқазан	36. желудок
37. іш, қарын	37. живот
38. бауыр	38. печень
39. тамақ	39. еда
40. ішкі ағзалар	40. внутренние органы
41. сөйлейді	41. разговаривает
42. естиді	42. слышит
43. жуады	43. моет
44. жұмыс істейді	44. работает
45. қой көз	45. карие глаза
46. қоңыр көз	46. коричневого цвета (глаза)
47. қара көз	47. черные глаза
48. көк көз	48. синие (голубые глаза)
49. зор	49. очень
50. сабын	50. мыло

## 5-тақырып

**Грамматика:** Өздік етіс

**Лексика:** Емханада

**Сабақтың мақсаты:** Студент алдындағы тақырыпты меңгерген соң, бұдан күрделі тақырыпқа көшеді де жаңа сөздерді үйренеді. Қойылған тақырыпты меңгеру үшін грамматикалық ережелерді сөйлемдерде қолданады және ауызекі сөйлесу, оқу, жазуға, дағдыланады.

### Фонетикалық тапсырмалар

1. Как классифицируются звуки *ү* и *ұ*?
2. Как произносятся звуки *ү* и *ұ*?
3. В каких слогах употребляются звуки *ү* и *ұ*?

### Грамматикалық тапсырмалар:

1. Объясните правописание суффиксов *-нікі*, *-дікі*, *-тікі*.
2. Рай категориясы.
3. Етіс категориясы.
4. Өздік етіс. Как образуется өздік етіс? Объясните значение өздік етіс.
5. Сілтеу есімдігі. Перечислите *сілтеу есімдігі*, просклоняйте указательные

местоимения: *анау, мынау*.

### Жаттығулар:

**1-жаттығу.** Переведите на казахский язык следующие слова. Правильно произнесите звуки **у и ұ**.

Молоко, вода, флаг, сила, ноша, ночь, солнце, цвет, вид, три, песок, открывать, пить, приходит, быть, делить, кататься (на лыжах), лежать, уходить.

**2- жаттығу.** Переведите на казахский язык. Прибавьте суффиксы -нікі, -дікі, -тікі:

а) Сердце, легкие, желудок, печень, нос, ухо, глаза, горло, зубы, язык, ноги.

ә) Ответьте на вопросы. Мұрын не үшін керек? Өкпе не үшін керек? Аяқ не үшін керек? Көз не үшін керек? Тіс не үшін керек? Ас қорыту үшін не керек? Тіл не үшін керек?

Образец:

- Саусақтар не үшін керек?
- Ұстау үшін керек.
- Саусақтар қайда орналасқан?
- Саусақтар қолда орналасқан.

Слова для ответов: иіскеу, дем алу, жүру, көру, шайнау, қорыту, сөйлеу.

**3 - жаттығу.** Мәтінді оқып орыс тіліне аударыңыз.

### Емхана

Қазіргі қоғамда аурудың түрлеріне сәйкес емханалар және ауруханалар қызмет көрсетеді. Науқас адам нашар болса, ол ауруханада жатып емделеді, қажет болса операция жасатады. Ал егер дәрігерге өзі бара алса, емханаға өзі қатысып емделеді.

Қаланың әр ауданында көпшілік тұрғындарға арналған емхана және студенттік емхана бар. Бұл жерлерде әр түрлі мамандықтағы дәрігерлер жұмыс істейді. Олардың ішінде терапевт, хирург, жүйке ауруларын, жұқпалы ауруларды, жүректі, асқазан мен бауырды емдейтін дәрігерлер бар. Дәрігер – денсаулық қорғаны. Дәрігерге уақытында барсаңыз, емделу ұзаққа созылмайды.

Адам аяқ астынан ауырып қалатын болса, оған жедел жәрдем көмектеседі. Ол үшін «103» телефонымен дәрігер шақырасыз.

Денсаулықты сақтау керек. Денсаулық – зор байлық.

### Сөздік

қоғам	общество	жүйке аурулары	нервные заболевания
қызмет көрсетеді	оказывают услуги	жұқпалы аурулар	инфекционные заболевания
жатып емделеді	лечатся в больнице	денсаулық қорғаны	защитник здоровья
жасатады	сделают	уақытында	вовремя

қатысып	операцию		
емделеді	лечится	ұзаққа	не растягивается
көпшілік	амбулаторно	созылмайды	
тұрғындарға	для большинства	аяқ астынан	неожиданно
студенттік	студенческая	ауырып қалу	заболеть
емхана	поликлиника		

**4- жаттығу.** Заполните таблицу знаком «+»соответствующие графы.

Ауру түрлері Виды болезней	терапевт	хирург	гастроэнте ролог	кардиолог	тіс дәрігері
1. Тіс ауруы					
2. Асқазан ауруы					
3. Қол, аяқ сындыру					
4. Дене қызуы					
5. Жүрек ауруы					

**5 - жаттығу.** Что нужно делать, чтобы не болеть? Из данных вариантов найдите правильные и не правильные ответы, устно обоснуйте.

Не істеу керек?	Дұрыс жауап (правильно)	Кері жауап (не правильно)
Таза жүру		
Лас жүру		
Спортпен шұғылдану		
Темекі шегу		
Уақытылы тамақтану		
Дұрыс тамақтану		
Дәрігерге уақытында бармау		
Қыста жылы киіну		

**6-жаттығу.** Скажите по-казахски:

1. По-моему, Вы заболели.
2. Вы измеряли температуру?
3. У меня болит голова, кашель, насморк.
4. У тебя болит горло.
5. Открой рот и покажи язык.
6. Нужно вызвать врача.
7. Пусть врач послушает легкие и сердце.
8. Врач выпишет рецепт.
9. Нужно сходить в аптеку и купить лекарства.
10. Как принимать лекарства?

## Сөйлеу мәдениетін жетілдіру

Вы должны уметь:

- спросить о самочувствии друга (подруги), его (ее) родителей;
- обратиться в регистратуру, вызвать врача домой;
- поговорить с врачом на приеме;
- купить лекарства в аптеке.

*1-жаттығу.* Прочитайте. Переведите текст на русский язык.

### Халық емшілері

Ерте заманнан бастап халқымыз Орта Азия, араб елдері, Үндістан, Қытай мемлекеттерімен саяси, мәдени, сауда-саттық қатынаста болды. Сонымен қатар бұл халқымыздың медицинамен, дәрі-дәрмектермен танысуларына жағдай тудырды, халық емшілерінің көптеп шығуына ықпал етті. Аурудың түрін анықтау ол кезде де, қазір де өте қиын. Халық емшілері көбінесе ауруды науқастың сырт белгілеріне (бет әлпеті, тыныс ырғағы, тамыр соғысы, терісінің түсі т.б.) қарап анықтайтын. Жүрек, қан тамыр ауруларын демігуі, ісінуі, жүрегінің жаңылып соғуы т.б. белгілеріне қарап ажырататын. Халық емшілері жара, ойық жара, сынық, буын, қызылша, қызамық, шешек ауруларын оңай анықтап емдеген.

Халық емшілері ішкі ауруларды әдетте қан кетіру, массаж жасау (уқалау), қымтап жылы жабу (терлету), дәрі, сергіткіш ерітінді ішкізу сияқты әдістермен емдеген.

Аяқ, қол, бел ауруларын балшықпен, сумен, әр түрлі өсімдіктердің буымен емдеген.

Халқымыз қолы жеңіл сынықшыларды аса құрметтеген. Сынықшылардың бәрі дерлік гипс дегенді қолдануға қарсы. Біріншіден, гипс қан айнылымын тежейді, екіншіден, сүйек қисық бітуі мүмкін деп қарайды. Сынықшылар сынықты түзеп орнына келтіргеннен кейін жұмсақ матамен орап таңып, қозғалмау үшін екі жағына ағаш қалақ қойып байлайды. Сонан кейін қаныққан тұзды ыстық суды күніне бір-екі рет үстіне сеуіп отырады.

Қазақ халқы әр түрлі жұқпалы аурулардың емін де жақсы білген. Олардан сақтанудың жолын да көрсетіп отырған. Олар «қайнаған суда қасиет бар» деп, суды қайнатпай ішпеген, «жаман ауруға – жақсы ас» деп ескерткен.

### Сөздік

саяси	политические	бет әлпеті	вид лица
мәдени	культурные	тыныс ырғағы	дыхание
қатынас	отношения	тамыр соғысы	пульс
жағдай тудырды	созданы условия	терісінің түсі	цвет кожи
емшілер	лекари	демігуі	одышка
ықпал етті	влияти	ісінуі	отек, отечность
анықтау	определяли	жаңылып соғуы	аритмия
қиын	трудно	ішкі аурулар	внутренние

науқас белгілері	больной признаки	сынықшылар қан айналымы	болезни костоправы кровообращение
---------------------	---------------------	----------------------------	-----------------------------------------

**2-жаттығу.** Ответьте на вопросы.

1. Халық емшілері аурудың түрлерін қалай анықтаған?
2. Халық арасында сынықшыларды неге қатты құрметтеген?
3. Ішкі ауруларды халық емшілері қалай емдеген?
4. Жұқпалы аурулардан қалай сақтандырған?
5. Мәтінде берілген мақалдардың мәнін қалай түсіндіңіздер, дәлелденіңіздер.

**3-жаттығу.** Запомните следующие устойчивые словосочетания.

1. **әл үстінде** - өмірінің соңы;
2. **ауруға шалдығу** – науқастану;
3. **арудың беті қайту** – науқасы жеңілдеу, жазыла бастау;
4. **ауыршаң болу** – жиі аура беру;
5. **жұқпалы ауру** – вирус, инфекция арқылы тарайтын аурулар.

**Запомните типичные модели предложений применяемые при:**

**1. Встрече молодого человека с пожилым человеком:**

- Ата, сәлеметсіз бе? Халіңіз қалай? Денсаулығыңыз жақсы ма?
- Аман, айналайын! Халім жақсы, шүкір! Денсаулығым да жаман емес.

Саған рақмет, өркенің өссін! Бақытты бол!

**2. Встрече двух молодых людей:**

- Сәлем, Ержан! Қайда бара жатырсың? Көңілің жоқ қой! Не болды?

- Сәлем, Бауыржан! Бүгін мен ауырып тұрдым. Басым ауырып, дене қызуым көтеріліп тұр. Сондықтан мен емханаға өзім бара жатырмын. Терапевтке барамын ғой деймін. Емделу керек болып тұр.

- Ал, жақсы, тез емдел, жақында сессия ғой! Сау бол!

- Рақмет, сау бол!

**3. Диалог терапевта и пациента:**

Д: Сәлеметсіз бе?.

Т: Сәлеметсіз бе? Фамилияңыз, аты-жөніңіз кім? Студентсіз бе? Қайда оқисыз? Қай жеріңіз ауырады?

Д: Менің фамилиям Сапаров Дәурен. Мен "Тұран-Астана" университетінде оқимын. Кешеден бері қызуым көтеріліп, басым айналады. Тамақ ішкім келмейді.

Т: Тамағыңызды көрейін, аузыңызды ашыңыз. Көйлегіңізді шешіңіз, өкпеңізді тындайын. Иә, Сіздің тамағыңыз ауырып тұр. Бұл баспа ауруы. Қазір рецепт жазып беремін, осы рецепт бойынша дәріханадан дәрі алып емделесіз. Дәріні үзбей күніне үш рет ішесіз. Мына шөптермен тамағыңызды сағат сайын шаю керек. Үш күннен кейін маған қайта келесіз. Бәрі де жақсы болады. Емделіңіз.

Д: Рақмет. Сау болыңыз.

Т: Сау болыңыз.

#### 4. Составьте диалог стоматолога и пациента по ситуациям.

Д: Сәлеметсіз бе. Менің тісім ауырып тұр.

Ст: Ал, қай тісіңіз, көрейін.

Д: Жоғарғы тісім көптен бері ауырады, бірақ мен қорқып, Сізге келмедім, енді тісім қатты ауырып тұр (ситуации):

- коренной зуб - азу тісім

- опухла десна - қызыл иегім ісіп тұр

- сломался зуб - тісім сынып қалды

- выпала пломба – тісімнің пломбасы түсіп қалды

Ст: Надо удалить зуб - Тісті жұлу керек.

- надо запломбировать зуб - тіске пломба салу керек.

- надо лечить десны - қызыл иекті емдеу керек.

- нужен рентген зуба- тісті рентгенге салу керек.

#### Микродиалог:

Е: Кіруге рұқсат па?

Т: Иә, кіріңіз.

Е: Сәлеметсіз бе!

Т: Сәлеметсіз бе!

Отырыңыз. Қай жеріңіз ауырады?

Е: Менің басым, аяғым, қолым, тісім, жүрегім, асқазаным, бауырым, бүйрегім ... ауырады.

Дене қызуым тек түнде ғана болады.

Қан қысымым жоғары (төмен, әдеттегідей қалыпты).

Т: Денсаулықты сақтау керек. Денсаулық - зор байлық. Бұл дәрігердің де, халықтың да кеңесі, ақылы. Дұрыс түсіну керек.

Е: Сізге енді қашан келуім керек?

Т: Алдымыздағы жұма күні келесің. Сау бол, емделіп тез жазыл.

#### Мақалдарды есте сақтаңыздар

- Бірінші байлық - денсаулық, екінші байлық - ақ жаулық, үшінші байлық - он саулық. Аурудың алдын ал. Ауру қалса да, әдет қалмайды. Арық семіреді, ауру жазылады. Тыймаған ауызда пәле бар. Ауырып тұрдың, аунап тұрдың

- *С чем сравнивают здоровье?* - Денсаулық ауадан аумайды, барында кім оны аңдайды.

- *Со здоровьем связано хорошее настроение:* Денсаулық болса, көңілің жай болар.

- *Пожелание:* Денің сау болсын! Көңілің жай болсын!

**Адамның дене мүшелеріне қатысты ел арасында жиі қолданылатын тұрақты сөз тіркестерін оқыңыз, жаттаңыз**

Аяғына жығылу – *букв. : падать в ноги*

Беті бүлк етпейді – *без стеснения*

Мұртын балта шаппайды – *не придерешься*

Мұрнын көкке көтеру – *зазнаваться*

Кірпік ілмеу – *не спать всю ночь*

Тісін қайрау – *злиться*

Тісі тісіне тимеу - *замерзать*

Бауырына тарту – *любить, притягивать к себе заботой, любовью*  
Қарны ашты – *проголодался*  
Табанын жалтырату – *букв.:убегать*

## «ЕМХАНАДА» ТАҚЫРЫБЫНА ҚАТЫСТЫ СӨЙЛЕУ ҮЛГІЛЕРІ Речевые модели на тему «В поликлинике»

**Учаскелік терапевт қай сағаттарда қабылдайды?** – В какие часы принимает участковый терапевт?

**Учаскелік терапевт күнде таңғы сағат сегізден түскі екіге дейін қабылдайды.** – Участковый терапевт принимает каждый день с 8- до 1-30.

**Тіс дәрігерінің қызметі ақылы ма?** - Услуги врача-стоматолога платные?

**Емханаға тіркелген адамдарға барлық дәрігерлік қызмет тегін.** – Прикрепленным в поликлинику людям услуги поликлиники бесплатные.

**Зертхана қан анализін қай сағаттарда қабылдайды?** – В какие часы можно сдать анализ крови?

**Дене қызуы көтерілсе, дәрігерді үйге шақыру керек.** – Если поднялась температура, надо вызвать врача домой.

**Қан қысымы көтерілсе жедел жәрдем стансасынан дәрігер шақыру керек.** – Если поднялось артериальное давление, то надо вызвать врача скорой помощи.

### **Шығармашылық тапсырма**

Напишите сочинение о поликлинике, которую вы посещаете.

## **Тақырыпты қорытындылауға арналған тест сұрақтары**

### **1. Ұ дыбысы по положению языка:**

- A) переднего ряда
- B) заднего ряда
- C) среднего ряда
- D) верхнего ряда
- E) нижнего ряда

### **2. В казахских словах звуки Ұ и Ү употребляются в:**

- A) в начальных слогах
- B) в мягких слогах
- C) в задних слогах
- D) в конце слова
- E) в твердых слогах

### **3. Какому надежу казахского языка соответствуют суффиксы -нікі, - дікі, - тікі?**

- A) атау септігі
- B) ілік септігі
- C) барыс септігі
- D) жатыс септігі
- E) шығыс септігі



**4. Қашаннан бері ауырасыз? Ответьте на вопрос.**

- A) жұмысқа бармау
- B) емделу қиын
- C) төсекте жату керек
- D) кешеден бері
- E) ертеңге дейін

**5. Как пить лекарства?**

- A) күніне тамаққа дейін үш рет ішіңіз
- B) күнде тамақ ішіңіз
- C) күніне бір рет далада қыдырыңыз
- D) күндіз бір сағат ұйықтау керек
- E) күніне үш рет тамақтану керек

**6. Что желают больному человеку?**

- A) асыңыз дәмді болсын
- B) жазылыңыз
- C) көп жасаңыз
- D) кешіріңіз
- E) тыңдаңыз

**7. «Тұмау-жұқпалы ауру». Переведите на русский язык.**

- A) грипп - инфекционная болезнь
- B) берегите здоровье
- C) врач-инфекционист
- D) Здоровье-богатство
- E) Чистота—залог здоровья

**8. Найдите глагол в «өздік етіс».**

- A) көрмеймін
- B) көріп отырмын
- C) көрдім
- D) көрінемін
- E) көрсетемін

**9. Көзді қай дәрігер емдейді? Ответьте на вопрос**

- A) учаскелік дәрігер
- B) жүйке ауруларының дәрігері
- C) жұқпалы ауруларының дәрігері
- D) балалардың дәрігері
- E) рентген-кабинет

**10. «У меня» құлағым ауырады. Переведите местоимение.**

- A) сенің
- B) менің
- C) оның
- D) Сіздің
- E) біздің

**11. Какое словосочетание имеет значение «просить прощение»?**

- A) аяғына қарау
- B) аяқты күту

- С) аяғымен жүгіру
- Д) аяқпен жүру
- Е) аяғына жығылу

**12. Дәрігер (с 8 часов утра до двух часов дня) қабылдайды. Откройте скобки.**

- А) таңертеңгі сағат сегізбен түскі сағат екімен
- В) таңертеңгі сағат сегізге түскі сағат екіге
- С) таңертеңгі сағат сегізден түскі екіге дейін
- Д) таңертең сағат сегізде түскі сағат екіде
- Е) таңертеңнен сағат сегізде түсте сағат екіде

**13. Поставьте нужные имена существительные: ... ауырса қолыңды тый, ... ауырса аузыңды тый.**

- А) көзге, ішке
- В) көзің, ішің
- С) көзде, іште
- Д) көзбен, ішпен
- Е) көзден, іштен

**14. Вместо точек поставьте нужное слово. «Жаман ауруға - ... ас».**

- А) жақсы
- В) нашар
- С) орташа
- Д) ыстық
- Е) суық

**15. Укажите глагол условного наклонения казахского языка:**

- А) емделу
- В) емделсең
- С) емделді
- Д) емделіп жүр
- Е) емделсін

**16. Поставьте суффикс условного наклонения - се к соответствующему глаголу:**

- А) жүр...
- В) айт...
- С) аш...
- Д) арала...
- Е) қыдыр...

**17. Какой глагол требуется, чтобы закончить предложение: Бала ауырмаса ата-ана не істейді?**

- А) қуансын
- В) қуанып отыр
- С) қуанады
- Д) қуанбайды
- Е) қуанды

**18. Адам ауырса не істеу керек?**

- А) сабақты оқысын
- В) жұмыста болсын

- С) суға шомылсын
- Д) дәрігер шақырсын
- Е) киноға барсын

**19. "Мне надо было вчера пойти в студенческую поликлинику". Дұрыс сөйлем қайсысы?**

- А) Емханаға кеше студенттік еді бару керек
- В) Студенттік еді кеше емханаға бару керек.
- С) Кеше студенттік емханаға барсамшы
- Д) Кеше барсамшы емханаға студенттік еді
- Е) Студенттік еді емханаға кеше бару керек

**20. В каком предложении глагол выражен возвратным залогом?**

- А) Балалар қолдарын сабынмен жуады
- В) Кішкентай болса да, ол күнде өзі жуынады
- С) Дене мүшелерін адам таза ұстау керек
- Д) Тісті тіс щеткасымен тазалау керек
- Е) Дәріні күніне үш мезгіл ішу керек

**"Емхана" тақырыбы бойынша қазақша-орысша белсенді сөздік**

1. емхана	1. поликлиника
2. емделу	2. лечиться
3. ауру, науқас	3. больной
4. ауыру	4. болеть
5. сырқат	5. болезнь
6. дәрі	6. болезнь
7. дәрігер	7. врач
8. тіркеуші	8. регистратор
9. дене қызуы	9. температура
10. жөтел	10. кашель
11. тұмау	11. грипп
12. түшкіру	12. чихать
13. құлақ ауруы	13. болезни уха
14. қабылдау сағаты	14. часы приема
15. бас дәрігер	15. главный врач
16. тексеру	16. обследовать
17. өлшеу	17. измерять
18. жазылу	18. выздоравливать
19. қан қысымы	19. артериальное давление
20. қызару	20. краснеть
21. суық тию	21. простудиться
22. баспа ауруы	22. ангина
23. өкпенің қабынуы	23. воспаление легких
24. соқыр ішек	24. аппендицит
25. өт	25. желчь
26. шақыру	26. вызывать
27. тер	27. пот

28. қызылша	28. корь
29. сары ауру	29. желтуха
30. жұқпалы ауру	30. инфекционные болезни
31. кезекші дәрігер	31. дежурный врач
32. тісті емдеу	32. лечить зубы
33. жедел жәрдем	33. скорая помощь
34. жүрек ауруы	34. болезни сердца
35. халық емшілері	35. народные целители
36. дәрігерлік анықтама	36. справка врача
37. аурухана	37. больница
38. дәріхана	38. дәріхана
39. тапсыру	39. сдавать
40. сынық	40. перелом
41. улану	41. отравиться
42. терапия бөлімшесі	42. отделение терапии
43. зертхана	43. лаборатория
44. көз аурулары	44. глазные болезни

**1-ші кредит бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі**  
(Список литературы для подготовки к СРС)

1. Бектұрова А.Ш., Бектұров Ш.К. Казахский язык для всех. Алматы; Атамұра, 2004. 720 с.
2. Бектұров Ш.К., Бектұрова А.Ш. Қазақ тілі. Ана тілі деңгейінде үйрету құралы. Алматы, ВШП "Әділет", 1998. 254 б.
3. Бектұров Ш.К., Бектұрова А.Ш. Қазақ тілінің қалталық оқулығы. Карманный самоучитель казахского языка. Алматы: 1997. 204 б.
4. Бектұров Ш.К. Қазақ тілі. Лексика. Фонетика. Морфология. Синтаксис. Алматы: Атамұра, 2006. 335 б.
5. Бектұров Ш.К. Қазақ тілінің қолданбалы грамматикасы. Астана; Фолиант, 2003. 247 б.
6. Қазақтың мақал-мәтелі. Жинап, құрастырған Ө.Тұрманжанов. Алматы, 1980. 352 б.
7. Құлмағамбетова Б., Елемесова Ж. Қазақ тілін үйренушілерге көмек. Алматы; Рауан, 1990. 208 с.
8. Рыспаева Г. Қазақ тілі. Грамматикалық анықтағыш. Алматы: Сөздік-Словарь, 2000. 192 б.
9. Тажбагамбетова С.Е., Ахметова Қ.К. Формообразование в казахском языке. Алматы, 1999. 47 с.
10. Шота Қ.Н., Тажбагамбетова С.Е. Қазақ тілі пәні бойынша бақылау жұмыстарының үлгілері. Алматы, 1999. 42 б.

## 6-тақырып

Грамматика: Қалау рай

Лексика: Сауда орталығы

**Сабақтың мақсаты:** Күнделікте дүкен, сауда үйіне барғанда, сөйлем үлгілерін пайдалана білу, өмірде қажет ету. Сауда үйлерінде мүмкін болатын әңгімелерді меңгеру.

### Грамматикалық тапсырмалар

1. Расскажите о категории залога казахского языка.
2. Как образуется *өздік етіс*?
3. Приведите примеры с *өздік етіс*.
4. Расскажите о категории наклонения в казахском языке.
5. Как образуется *қалау рай*?
6. Приведите примеры с *қалау рай*.
7. Производные имена существительные.
8. Как образуются производные имена существительные?

Приведите примеры. Составьте предложения.

### Жаттығулар

**1 - жаттығу.** Мына сұрақтарға жауап беріңіздер:

- 1) Сіз киімді қайдан сатып аласыз?
- 2) Сіз сәнді киінуді ұнатасыз ба?
- 3) Жаңа үлгіде тігілген киімді үнемі сатып аласыз ба?
- 4) Сіз үнемі сәнді киінесіз бе?
- 5) Достарыңыз сәнді киіне ме?
- 6) Жазда қалай киіну керек?
- 7) Қыста қалай киінесіз?
- 8) Жаңа үлгіде тігілген киім қымбат па?
- 9) Сіз сәнге сәйкес киінесіз бе?
- 10) Сіздің достарыңыз сәнге сәйкес киіне ме?

**2 - жаттығу. Қалау рай.** Мына сұрақтарға жауап беріңіздер:

- 1) Менің "Жаннұр" атты сауда үйіне барғым келіп тұр, ал сенің ше?
- 2) Сенің сауда үйінен жаңа көйлек сатып алғың келеді ғой, жүр барайық!
- 3) Сіздің жаңа аяқ киім сатып алғыңыз келеді, қайда барасыз?
- 4) Менің анамның қара етік сатып алғысы келеді, қай дүкенге барсын?
- 5) Атамның ұлттық бас киім сатып алғысы келеді, қайда барса екен?
- 6) Қонақтардың "МЕТРО"сауда орталығын көргісі келіп тұр, қашан барамыз?
- 7) Досымның "Еуразия" сауда орталығына барғысы келеді. Оның не алғысы келеді?
- 8) Бас киім бөлімін көргім келеді, ол қай қабатта екен?
- 9) Бірінші қабатта нелер сатылады? Спорт киімдерін көргім келіп тұр.
- 10) Балаларға ойыншық алғым келеді. Ойыншықтар қай қабатта сатылады?

*Мына жағдайлар бойынша сұхбаттасыңыздар:*

- 1) Сауда орталығына барып, косметика бөлімінен жаңа иіс су алыңыз.
- 2) Әкеңіздің туған күніне сыйлық іздеп көріңіз.
- 3) Досыңыздың жаңа үйіне бару үшін сыйлық (шашу) алыңыз, не аласыз?
- 4) Өзіңізге жаңа көйлек сатып алыңыз. Бұл өте сәнді және театрға, қонаққа баратын көйлек болсын.
- 5) Сіз үйіңізге қажетті зат алғыңыз келеді. Өзіңіз әңгіме айтып беріңіз.

**3-жаттығу.** Берілген сөздерден туынды зат есім жасаңыз:

1) *-шы, -ші жұрнақтары арқылы:* қой, балық, оқу, мал, сату, жазу, кен, ән, би, етік, егін, үгіт, әдебиет.

2) *-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік жұрнақтары арқылы:* сенбі, бел, ұлт, халық, ай, бала, жас, кәрі, дос, жолдас, қала, әке, аға.

3) *-лас, -лес, -дас, -дес, -тас, -тес жұрнақтары арқылы:* ауыл, құрбы, жер, курс, қызмет, жұмыс, қалам, ат.

### **Сөйлеу мәдениетін жетілдіру**

Вы должны уметь:

- выбрать и купить себе какую-нибудь вещь в торговом доме;
- рассчитаться с кассиром;
- посоветоваться с продавцом;
- посоветоваться с подругой (мамой, сестрой и т.д.)

**4-жаттығу.** Переведите мини-текст, придумайте заглавие. Перескажите.

Сенбі күні біз қызым Мәдина екеуміз сауда орталығына бардық. Әйелдер көйлегі бөліміне келдік. Қызыма жаңа үлгімен тігілген көйлек сатып алғымыз келді. Сауда үйінде көйлектің саны да, түрі де, түсі де, тігілген үлгісі де мол. Бірнеше көйлек өлшеп көрдік. Ұнаған көйлекті таңдадық, ол қызыма түп-тұра болды және бұл көйлек Мәдинаға жарасады. Көйлекке сәйкес аяқ киім сатып алдық. Көйлек пен туфли қымбат, бірақ сәнді және өте әдемі. Осымен тоқтамай біз зергерлік бұйымдар бөліміне бардық. Ондағы бұйымдардан моншақ және тасы бар түйреуіш сатып алдық. Сатып алғандарымыз қызымның ойынан шықты. Қызым қуанышты болды. Мен оған айтқаным: «Киімің құтты болсын! Қуаныштарға киіп, тақ!». Біз осы сауда үйіне жиі барып тұрамыз.

**5-жаттығу.** Выразите желание купить: зимнюю одежду, зимние сапоги, туфли на высоком каблуке, нижнее белье, рубашку, галстук, костюм.

Үлгі (образец): Менің сауда үйінен ақ шалбар алғым келеді.

**6-жаттығу.** Попытайтесь попросить продавца: показать сумку, костюм, ботинки, носки, портфель, белье, канцелярские товары.

Үлгі (образец): Маған 44 – 46 өлшемді көйлек көрсетіңізші.

Нужные слова: өлшем (размер), түсі (цвет), аты (название).

**7-жаттығу.** Попытайтесь попросить продавца примерить: шапку, шляпу, куртку, обувь.

Үлгі (образец): Мен осы көйлекті киіп өлшеп көрейін.

Нужные слова: қалпақты, бөрікті, куртканы, жазғы, күзгі аяқ киімді

**8-жаттығу.** Ваш друг, (подруга) купили себе новую вещь: попытайтесь похвалить его (ее) за покупку.

Үлгі (образец): Досым, бұл костюм саған жарасады! Құтты болсын! Өзің

тозыдырып ки!

Нужные слова: түс, сәні (фасон), өлшемі, түрі.

**9-жаттығу.** Ответьте на вопросы.

1. Сіз сауда орталығына баруды ұнатасыз ба?
2. Сіз дүкенге ылғи кіммен барасыз?
3. Сізге киім-кешек алуға кім көмектеседі?
4. Сіз маусымдық (сезонную) киімді алдын-ала аласыз ба?
5. Сіз спорттық киімді ұнатасыз ба?
6. Сіз классикалық киімді ұнатасыз ба?
7. Сіз қандай аяқ киімді ұнатасыз? Өкшелі ме, өкшесіз бе?
8. Сізге қай түсті киім ұнайды?
9. Сіз қыста курткамен жүресіз бе, әлде тонмен бе?
10. Сыз қыста қандай бас киім киесіз?

**10-жаттығу.** Поддержите беседу:

- Бейсен, мен бүгін жаңа қол сағат сатып алдым!

-- ..... !

- Ол қай мемлекеттің сағаты? ... ме, ... ба, ... па?

Бағасы қандай, қымбат па?

- ..... !

- Құтты болсын, өзің киіп тоздыр!

**11-жаттығу.** Сауда үйінде қандай бөлімдер бар? Сауда орталығындағы ұлттық киімдер бөлімдері бар. Мәтіндерді оқып, қайталап айтып беріңіздер.

а) Ерлердің ұлттық сырт киімдері бөлімінде шапан, шекпен, бешпет, кеудеше сатылады. Шапан - ұлттық киім. Әсіресе, сырт киім болған соң, ата-бабамыз оған көп назар аударған. Тысы мен астары арасына қой, түйе жүнін пайдаланған. Қазіргі кезде шапан - ұлттың ең жоғары бағалайтын киімі. Өте құрметті адамдарға шапан кигізу рәсімі ғажап.

ә) Ұлттық бас киімдер бөлімі. Қазақта әйел болсын, ер болсын жалаңбас жүрмеген. Тіпті балаларға дейін тақия кигізіп, оны үкілеп қойған. Жалаңбас жүрмеудің эстетикалық, экологиялық негіздері бар. Ол денсаулықпен байланысты. Жазда күн өткізбейтін, қыста аяз өткізбейтін киімдер керек болған. Қазақтың бас киімдері: тақия, бөрік, қасаба, сәукеле, қалпақ. Қасаба алтын, күміс, паршамен әшекейленген.

б) Ұлттық аяқ киімдер бөлімі. Қазақ халқының ұлттық аяқ киімдерінің бір тобы: мәсі, етік, кебіс. Мәсі - ең ежелгі аяқ киім. Сауда орталығында оған сұраныс көп. Етік әйелдер және еркектердікі болып бөлінеді. Етіктерде міндетті түрде өкше болады. Етіктер былғарыдан тігіледі. Ұлттық аяқ киімдеріне сұраныс көп.

**12- жаттығу.** Прочитайте, переведите на казахский язык.

В торговом доме «Әлем» новые поступления женских зимних пальто!  
Тел.: 23-13-33.

Распродажа! Спортивные товары: майки, фуфайки, куртки, носки! Все для футбола Тел.:28-05-95 .

Скоро зима! Новинки для ваших детей! Детские зимние вещи. 2 этаж, бутик 37. Тел.: 32-61-56

**13-жаттығу.** Выучите пословицы по теме «Сауда-саттық».

1. Саудаға достық жүрмейді.
2. Базарда мың кісіні көреді, әркім сүйгеніне сәлем береді.
3. Сауда түбі – борыш, шаруа түбі - кеніш,
4. Сау басын саудаға салды.
5. Өткен соң базар, қайтқан соң ажар... (Абай).

**14-жаттығу.** Үш мақсат. Выучите наизусть.

Сауда мақсаты - ұту,  
Жол мақсаты – жету,  
Дау мақсаты – біту.

### **САУДА-САТТЫҚҚА ҚАТЫСТЫ СӨЙЛЕУ ҮЛГІЛЕРІ**

**«GREEN» сауда орталығы нешеде ашылады (жабылады)?**

Когда открывается (закрывается) торговый центр «GREEN»?

**«Еуразия» сауда орталығы сағат 10-00 ашылады .**

Торговый центр «Евразия» открывается в 10-00 утра.

**«METRO» сауда орталығы кешкі сағат 10-00 жабылады.**

Торговый центр «METRO» закрывается в 10-00 вечера.

**«MEGA» ойын-сауық сауда орталығы неше қабатты?**

Сколько этажей в торгово-развлекательном центре «MEGA»?

**«Сары-арқа» сауда орталығында киім-кешек, аяқ киім, сыртқы және ішкі киім сатылады.**

В торговом центре «Сары-арқа» продается обувь, верхняя одежда, белье.

**«Хан Шатыр» ойын-сауық сауда орталығының бірінші қабатында азық-түлік сатылады.**

На первом этаже торгово-развлекательного центра «Хан Шатыр» имеется продуктовый магазин.

**Астана тұрғындары мен қонақтарына «Керуен» ойын-сауық сауда орталығы ұнайды. – Жителям и гостям Астаны нравится торгово-развлекательный центр «Керуен».**

### **Жазбаша тапсырма**

Напишите сочинение на тему «Мой любимый торговый центр».

### **Тақырыпты қорытындылауға арналған тест сұрақтары**

**1.Етіс қай сөз табының категориясы?**

- А) зат есімнің
- В) етістіктің
- С) сын есімнің
- Д) сан есімнің
- Е) есімдіктің

**2.Қазақ тілінде неше етіс түрі бар?**

- А) 5
- В) 7



C) 3

D) 4

E) 6

**3.Өздік етістің жұрнақтары қайсысы?**

A)–с/-іс/-ыс

B)–р/-ір/-ыр

C)–л/-іл/-ыл

D)–н/-ін/-ын

E)–п/-іп/-ып

**4.Өздік етіс түрін көрсетіңіз:**

A) киіп тұрмын, тарап тұрмын

B) киіндім, тарандым

C) кию, тарау

D) кидім, тарадым

E) киермін, тарармын

**5.Етістіктің рай категориясы нешеу?**

A) 4

B) 5

C) 6

D) 7

E) 3

**6.Қалау рай нені білдіреді?**

A) іс-әрекеттің болуын, болмауын білдіреді

B) адамның ісі уақытпен, орындаушымен байланысты

C) істің бұйрық мағынасын

D) іс-әрекетті қалау, ынтасын білдіру

E) үш жаққа және үш шаққа да байланысты

**7.Қалау райдың жұрнақтары қайсысы?**

A) –ді/-ды/-ті/-ты

B) -сын/-сін

C) –са/-се

D) --а/-е/-и

E) –кі/-қы/-гі/-ғы

**8. Қалау райды көрсетіңіз.**

A) аяқталды

B) жуынды

C) тыңдалды

D) қайту керек.

E) айтқысы келеді

**9.Қалау райдың болымсыз түрін көрсетіңіз:**

A) сөйлескісі келмейді

B) демалып жатыр

C) демалмай жүр

D) оқып отыр

E) жазбасын

**10. Сұраққа дұрыс жауап беріңіз: Сауда үйінен не сатып алғың келеді?**

- A) сыйлық
- B) сыйлыққа
- C) сыйлықтан
- D) сыйлықтың
- E) сыйлықпен

**11. Қажетті есімдікті қойыңыз: ... шай ішкің келе ме?**

- A) біздің
- B) оның
- C) менің
- D) сенің
- E) Сіздің

**12. Қай етістік ауыспалы осы шақта тұр?**

- A) сатып аламыз
- B) айтқым келіп тұр
- C) көргім келеді
- D) сурет салып отыр
- E) келгісі келер

**13. Туынды зат есімді табыңыз:**

- A) студент, университет
- B) талапкер, зейнеткер
- C) ректор, декан
- D) дәптер, қалам
- E) маршал, генерал

**14. Күрделі зат есімді көрсетіңіз:**

- A) мұғалім, ғалым
- B) қып-қызыл
- C) басқару, бастау
- D) әңгіме, өлең
- E) аяқ киім, ауа райы

**15. Қай зат есім –лас/-лес жұрнағы арқылы жасалады?**

- A) жер..., құрбы...
- B) жазу..., жұмыс...
- C) батыр..., бала...
- D) курс..., заман...
- E) әке..., аға...

**16. Бас киімді көрсетіңіз:**

- A) көйлек, белдемше
- B) тон, шапан
- C) етік, іш киім
- D) орамал, қалпақ
- E) кеудеше, белбеу

**17. Зергерлік бұйымдарды көрсетіңіз:**

- A) сағат, білезік
- B) сырға, моншақ

- C) жейде, бөрік
- D) мата, қағаз
- E) пышақ, қасық

**18. Ойыншықты қай бөлімнен сатып алуға болады?**

- A) балалар бөлімінен
- B) ыдыс аяқ бөлімінен
- C) аяқ киім бөлімінен
- D) бас киім бөлімінен
- E) сырт киім бөлімінен

**19. Жаңа үлгімен тігілген көйлек (дорогой): жақшаны ашыңыз.**

- A) биік
- B) қымбат
- C) арзан
- D) аласа
- E) ыстық

**20. Сіздің немереңізге не алғызыз келеді?**

- A) велосипедпен
- B) велосипедтің
- C) велосипедке
- D) велосипед
- E) велосипедтен

**21. Жұқа матадан тігілген киімді атаңыз:**

- A) көйлек
- B) тон
- C) етік
- D) қолғап
- E) кеудеше

**"Киім.Сауда үйі" тақырыбы бойынша қазақша-орысша сөздік**

<b>1. дәл, түп-тура</b>	1. точно, как раз
<b>2. тар</b>	2. тесный
<b>3. сапа</b>	3. качество
<b>4. баға</b>	4. цена
<b>5. арзан</b>	5. дешевый
<b>6. қымбат</b>	6. дорогой
<b>7. түс</b>	7. цвет
<b>8. сәнді</b>	8. модный
<b>9. жаңа үлгі</b>	9. новая модель
<b>10. жарасу</b>	10. к лицу
<b>11. өлшем</b>	11. размер
<b>12. сырт киім</b>	12. верхняя одежда
<b>13. тон</b>	13. шуба
<b>14. шалбар</b>	14. брюки
<b>15. жейде, көйлек</b>	15. рубашка, платье

16. тоқыма	16. трикотаж
17. жүн мата	17. шерстяная ткань
18. жібек мата	18. шелковая ткань
19. бас киім	19. головной убор
20. тымақ	20. шапка-ушанка
21. құлақшын	21. шапка
22. қалпақ	22. шляпа
23. орамал	23. платок
24. тақия	24. тюбетейка
25. бөрік	25. мужской головной убор
26. сәукеле	26. головной убор невесты
27. аяқ киім	27. обувь
28. бәтеңке	28. ботинки
29. етік	29. сапоги
30. ұлттық аяқ киім	30. национальная обувь
31. іш киім	31. белье
32. ерлер іш киімі	32. мужское белье
33. әйелдер іш киімі	33. женское белье
34. балалардың іш киімі	34. детское белье
35. зергерлік бұйымдар	35. ювелирные изделия
36. сақина, жүзік	36. кольцо
37. білезік	37. браслет
38. сырға	38. серьги
39. алқа	39. медальон
40. моншақ	40. бусы
41. иіс су	41. туалетная вода, духи
42. кеңсе заттары	42. канцелярские товары
43. қалам	43. ручка (для письма)
44. қарындаш	44. карандаши
45. сызғыш	45. линейка
46. өшіргіш	46. резинка (ластик)
47. бояу	47. краски
48. түрлі-түсті қағаз	48. цветная бумага
49. ойыншықтар	49. игрушки
50. ыдыс-аяқ	50. посуда
51. кесе, пиала,	51. пиала
52. пышақ	52. нож
53. шанышқы	53. вилка
54. қасық	54. ложка
55. табақ	55. блюдо
56. құмған	56. чайник, кувшин
57. шайнек	57. чайник (заварной)
58. ожау	58. поварежка

## 7-тақырып

### Грамматика: Көмекші есімдер

### Лексика: Қала ішін бағдарлау

**Сабақтың мақсаты:** Әр студенттің лексикалық тақырыпты меңгеріп, өзі тұратын қаланың тарихы, көрнекті орындары мен сүйікті жерлері туралы еркін әңгімелеп бере алуды көздеу. Практикалық сабақтарда грамматикалық тақырыптарды меңгеру, өзіндік жұмыс істегенде осы және бұрынғы тақырыптарды, сөздікті қолдана отырып, қала туралы әңгіме құруға дағдылану.

### Грамматикалық тапсырмалар

#### Сұрақтарға жауап беріңіздер:

1. Интонация простого распространенного предложения.
2. Ударение в вопросительном предложении.
3. Может ли быть в предложении несколько ударений? Если да, то приведите примеры.
4. *Көмекші есімдер*. Какую роль выполняют эти части речи в предложении?
5. В какой форме употребляются *көмекші есімдер*? Что они выражают?
6. Какие окончания принимают *көмекші есімдер* в предложениях.
7. Какие суффиксы являются словообразующими? Приведите примеры.
8. Какие суффиксы являются словоизменяющими? Приведите примеры.
9. Приведите примеры использования суффиксов – *дағы*, - *дегі*, - *тағы*, - *тегі*.

### Жаттығулар

**1- жаттығу.** Көмекші есімдер. Мына сұрақтарға жауап беріңіздер:

- 1) Сіздің үйіңіздің қасында нелер орналасқан?
- 2) Үйге қарсы не тұр?
- 3) Үйдің артында не бар?
- 4) Сіз оқыған мектептің алдында не бар?
- 5) Үйдің алдымен машиналар жүре ме?
- 6) Ауланың ішінде балалар ойнайтын алаң бар ма?
- 7) Сіздің пәтеріңіздің асты пәтер ме, дүкен бе?
- 8) Университеттің маңында дәріхана бар ма?
- 9) Қаланың орталығына дейін қалай барасыз?
- 10) Стадион өзеннің жағасында ма?

**2-жаттығу.** Астана қаласы картасын қолданып, қаланың көшелері, білім мекемелері, ірі саяси, мәдени, медициналық, сауда орталықтарының орналасуы туралы әңгімелеу. Саяхат картасын дайындау.

**3-жаттығу.** Қала ішін бағдарлау. Мына тақырыптарға әңгіме құрыңыздар:

- 1) **Қала ішіндегі демалыс саябағы:**
  - демалыс саябағына қалай жетесіз?
  - саябақ қаланың қай жерінде орналасқан?
  - саябақ үлкен бе?

- саябаққа адамдар не үшін келеді?
- саябақта адамдар қай уақытта көп болады?
- саябақта нелер бар?
- саябақ әдемі ме, қолайлы ма, көркем бе?

**2) Қаланың ең сұлу көшесі:**

- қаланың сұлу көшелері көп, соның ішінде меніңше ең әдемі көше ....
- бұл көше қаланың қай жерінде орналасқан? (оң жағалауда, сол жағалауда)
- көше бойында нелер орналасқан (университет, сауда орталығы, емхана, банк, мұражай, кітапхана, мемлекеттік мекемелер т.б.);
- көше кең, таза, көшенің екі жағында түрлі ағаштар, гүлзарлар, су бұрқақтары т.б. бар;

**3) Қаланың ең сұлу алаңы:**

- Меніңше қаланың әдемі алаңдарының бірі ... ;
- Ол қаланың оң (сол) жағалауында орналасқан;
- Бұл алаң тарихи оқиғаларға толы, мысалы ... ;
- Алаңда мемлекеттік мекемелер орналасқан, олар ... ;
- Су бұрқақтары, дүкендер, балалар ойнайтын орындар;
- Гүлзарлар мен түрлі жарнамалар т.с.с

**Сөйлеу мәдениетін жетілдіру**

Вы должны уметь:

- найти интересующую Вас улицу в городе;
- объяснить прохожему, как можно добраться до нужного ему места.

**1-жаттығу.** Мына диалогты оқып, аударыңыздар.

*Сәрсен:* Кешіріңіз, Сізден сұрауға бола ма?

*Кездейсоқ адам:* Иә, тыңдап тұрмын.

*Сәрсен:* Сәкен Сейфуллин мұражайына қалай жетуге болады?

*Кездейсоқ адам:* Ол жерге 25-інші автобус барады. Аялдама жолдың арғы бетінде, үш аялдамадан соң шығасыз.

*Сәрсен:* Сізге көп рақмет!

**2- жаттығу.** По данным ситуациям составьте диалог:

- 1) как найти дом на какой-либо улице;
- 2) как найти ближайшую аптеку ;
- 3) как проехать (пройти) к ювелирному магазину;
- 4) как проехать в книжный магазин «Экономикс»;
- 5) как проехать (пройти) к монументу «Қазақ елі»;
- 6) где находится торгово-развлекательный центр «Хан шатыр»;
- 7) на какой улице находится Дом Министерств;
- 8) на какой улице находится здание КТЖ;
- 9) на какой улице находится «Азия-парк»;
- 10) как проехать в аэропорт.

## **«ҚАЛА ІШІН БАҒДАРЛАУ» ТАҚЫРЫБЫНА ҚАТЫСТЫ СӨЙЛЕУ ҮЛГІЛЕРІ**

**Мен бұл қалаға бірінші рет келіп тұрмын.** – Я первый раз в этом городе.

**Біз Астанаға іссапармен келіп тұрмыз.** – Мы приехали в Астану в командировку.

**Сен Астанада бұрын болдың ба?** – Ты был раньше в Астане?

**Мен Астанаға туристік жолдамамен келіп тұрмын.** – Я приехал в Астану по туристской путевке.

**Мен «Rixos» қонақ үйінде тоқтаймын.** – Я остановлюсь в гостинице «Rixos».

**«Дұман» ойын-сауық орталығы алыс па?** – Далеко ли находится развлекательный центр «Дұман»?

**Циркке дейін немен баруға болады?** – На чем можно доехать до цирка?

**«Жібек жолы» атты туристік агенттігіне баруым керек.** – Мне нужно пойти в туристское агенство «Жібек жолы».

**Ресей елшілігіне баруымыз керек.** – Нам надо пойти в посольство России.

**Сіз немен жүруді ұнатасыз?** – Мен қалалық көлікпен жүруді ұнатамын.

**Сіз немен жүруді ұнатпайсыз?** – Мен таксимен жүруді ұнатпаймын.

**Сіздер Бәйтерек алаңына бардыңыздар ма?** – Вы ходили на площадь Байтерек?

**Сол жағалауда Астананың әдемі су бұрқақтары бар.**- На левом берегу есть красивейшие фонтаны.

**Ұлттық кітапхана қай көшеде орналасқан?** - Ұлттық кітапхана Бәйтеректің алдында орналасқан.

**Астанадағы опера және балет театры қонақ үйден алыс па?**- «Аққу» қонақ үйінен алыс емес.

**Қонақ үйдің алдында Есіл өзені ағып жатыр.** – Перед гостиницей течет река Есиль.

### **Жазбаша тапсырма**

Составьте экскурсионный маршрут по городу Астана.

### **Тақырыпты қорытындылауға арналған тест сұрақтары**

#### **1. Көмекші есімдерді көрсетіңіз.**

- A) көктем, жаз
- B) жаны, қасы
- C) үй, пәтер
- D) сәлем, сау бол
- E) кешір, өтінемін

#### **2. Таңертең қалай амандасасыз?**

- A) Қайырлы күн!
- B) Қайдан жүрсің?
- C) Қайырлы кеш!
- D) Қайырлы таң!

Е) Кеш жарық!

**3. Сөз тудырушы жұрнақтар қайсысы?**

А) орманшы, балықшы

В) үйшік, кітапша

С) қазақша, орысша

Д) баладай, қыздай

Е) үйдей, аудай

**4. Сөз түрлендіруші жұрнақтары бар сөзді көрсетіңіз.**

А) жазушы, тарихшы

В) енші, биші

С) белбеу, белдік

Д) қызылдау, қызылырақ

Е) замандас, курстас

**5. –дағы жұрнағын қай сөзге қосуға болады?**

А) кітап...

В) дәптер...

С) мектеп...

Д) сабақ...

Е) қағаз...

**6. «мұнда» сөзінің орнына қандай сөз тұруы керек? Адамдар мұнда емделуге келеді.**

А) асхана

В) кітапхана

С) дәріхана

Д) емхана

Е) мейрамхана

**7. «мұнда» сөзінің орнына қандай сөз тұруы керек? Адамдар мұнда нан, ұн сатып алуға келеді.**

А) дүкен

В) мектеп

С) әуежай

Д) театр

Е) автотұрақ

**8. «мұнда» сөзінің орнына қандай сөз тұруы керек? Адамдар мұнда концерт тыңдауға келеді.**

А) аялдама

В) дүкен

С) пошта

Д) монша

Е) театр

**9. «мұнда» сөзінің орнына қандай сөз тұруы керек? Адамдар мұнда дәрі сатып алуға келеді.**

А) спорт кешені

В) асхана

С) дәріхана



- D) банк
- E) университет

**10. «мұнда» сөзінің орнына қандай сөз тұруы керек? Адамдар мұнда білім алуға келеді.**

- A) мұражай
- B) университет
- C) сапаржай
- D) стадион
- E) мұз айдыны

**11. Бұл жерден ұшып кете аласыз. Бұл не?**

- A) аялдама
- B) теміржол бекеті
- C) сапаржай
- D) әуежай
- E) орталық алаң

**12. Бұл жерде той өтеді, ол не?**

- A) сауда үйі
- B) аурухана
- C) кітап дүкені
- D) азық-түлік дүкені
- E) мейрамхана

**13. «До улицы Достық». Қазақ тіліне аударыңыз.**

- A) Достық көшесінен
- B) Достық көшесіне дейін
- C) Достық айына дейін
- D) Достыққа дейін
- E) Достықтың көшесіне дейін

**14. «Университет находится в Технопарке». Қазақ тіліне аударыңыз.**

- A) Технопарк сыртындағы университет.
- B) Университет Технопарктің ішінде
- C) Технопарк университеттің қасында
- D) Университетке Технопарк жақын
- E) Университеттің алды Технопарк

**15. Магазин, который в центре города. Аударыңыз.**

- A) Қаланың орталығындағы дүкен
- B) Қалаға жақын дүкен
- C) Қаладағы орталық дүкен
- D) Дүкендегі, орталық қала
- E) Орталықтағы, қала дүкені

**16. Менің үйімнің (напротив) шаштараз. Жақшадағы сөздің аудармасы қалай?**

- A) сыртындағы
- B) шіндегі
- C) жанындағы
- D) артындағы

Е) қарсысындағы

**17. Ұлттық кітапхана қайда орналасқан?**

А) сол жағалаудың

В) сол жағалауға

С) сол жағалауды

Д) сол жағалауда

Е) сол жағалаумен

**18. «Выставка, которая в музее». Қазақшаға аударыңыз.**

А) Мұражайға көрмеге

В) Мұражайдағы көрме

С) Мұражайдың көрмесі

Д) Мұражайлық көрме

Е) Мұражайды көрме

**19. «GREEN» сауда орталығындағы (продукты) арзан. Жақшаны ашыңыз.**

А) сырт киім

В) аяқ киім

С) азық-түлік

Д) бас киім

Е) ойыншықтар

**20. «Циркке» немен баруға болады?**

А) он автобус

В) онның автобуспен

С) онға автобусқа

Д) оныншы автобуспен

Е) онда автобуста

**21. «Қазақ елі алаңы» қайда орналасқан?**

А) өзен жағасынан

В) өзен жағасының

С) өзенмен жағасымен

Д) өзенде жағасы

Е) өзен жағасында

**22. «Можно дойти пешком». Аударыңыз.**

А) аяқ барады

В) жаяу баруға болады

С) асықпай баруға болады

Д) автобуспен емес

Е) көшемен баруға болады

**23. «До базара три остановки». Аударыңыз.**

А) базар туралы үш аялдама

В) базардан кейін үш аялдама

С) базардың алдында үш аялдама

Д) базарға дейін үш аялдама бар

Е) базар бойында үш аялдама

**24. «... университетім БҚылас Дүкенұлы көшесінде орналасқан». Нүкте орнына қай есімдік қажет?**

- A) менікі
- B) менің
- C) маған
- D) менен
- E) менде

**25. (Если Вы повернете направо) Халық банкіні көресіз. Аударыңыз.**

- A) оң жаққа емес, сол жаққа
- B) оң жақтың бұрышына
- C) оң жақта бұрышқа
- D) оң жақ бұрышта
- E) оң жаққа бұрылсаңыз

**26. «На пересечении улиц Бөгенбай батыра и Бейбітшілік» гүл дүкені бар.**

- A) Бөгенбай батыр мен Бейбітшілік көшесінің ортасында
- B) Бөгенбай батыр және Бейбітшілік көшелерінде
- C) Бөгенбай батыр және Бейбітшілік көшелерінің қиылысында
- D) Бөгенбай батыр, Бейбітшілік көшелеріне дейін
- E) Бөгенбай батыр көшесі мен Бейбітшілік көшесінде орналасқан

**27. Көпірдің үстінде ненің мүсіні тұр?**

- A) барстың
- B) аюдың
- C) түлкінің
- D) арыстанның
- E) адамның

**28. Орталық мешіт қай көшеде орналасқан?**

- A) Достық көшесі
- B) Достық көшесімен
- C) Достық көшесінде
- D) Достық көшесіндегі
- E) Достық көшесінен

**29. «Теміржол бекетіндегі касса». Орысшаға аударыңыз.**

- A) Касса железной дороги
- B) Касса на железной дороге
- C) Железнодорожная касса
- D) Касса, которая на вокзале
- E) В кассе на железной дороге

**30. Бараев көшесімен «идите прямо». Аударыңыз.**

- A) мынау көше
- B) олай жүрмеңіз
- C) осылай тұрыңыз
- D) былай жүріңіз
- E) тұра жүріңіз

**" Қала ішін бағдарлау" тақырыбы бойынша қазақ және орыс тіліндегі белсенді сөздік**

1. бағдар, бағыт	1. направление, маршрут
2. аралау	2. обойти (по городу)
3. жүру	3. ходить
4. кету	4. уходить
5. өту	5. пройти
6. кесіп өту	6. перейти
7. кіру	7. войти
8. түсу	8. (выйти) из автобуса
9. жанына келу	9. подойти
10. айналу	10. обойти (вокруг)
11. кездейсоқ адам	11. прохожий
12. ең алдымен	12. сначала
13. аялдама	13. остановка
14. жаяу	14. пешком
15. тура	15. прямо
16. жолақы	16. оплата за проезд
17. жүргізуші	17. водитель
18. валюта айырбастау пункті	18. пункт обмена валюты
19. туристік агенттігі	19. туристское агентство
20. спорт кешені	20. спортивный комплекс
21. денсаулық орталығы	21. центр здоровья
22. теміржол бекеті	22. железнодорожный вокзал
23. әуежай	23. аэропорт
24. сауда орталығы	24. торговый центр
25. ойын-сауық орталығы	25. развлекательный центр
26. мұражай	26. музей
27. көрме	27. выставка
28. мәдениет орталығы	28. культурный центр
29. емхана	29. поликлиника
30. аурухана	30. больница
31. балабақша	31. детский сад
32. «Мастер» құрылыс дүкені	32. «Мастер» - магазин строительных материалов
33. кітапхана	33. библиотека
34. қонақ үйі, мейманхана	34. гостиница
35. «Керемет» моншасы	35. баня «Керемет»
36. мейрамхана	36. ресторан
37. алаң	37. площадь
38. пошта	38. почта
39. Ұлттық банкі	39. Национальный банк
40. қала әкімшілігі	40. городская администрация
41. Жоғарғы сот	41. Верховный суд

42. Бас прокуратура	42. Генеральная прокуратура
43. Ақ орда	43. Ақ орда (Дворец Президента)
44. Министрліктер үйі	44. Дом Министерств
45. Білім және ғылым министрлігі	45. Министерство образования и науки
46. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университет	46. Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева
47. «МЕТРО» сауда орталығы	47. Торговый центр «МЕТРО»
48. «Евразия» сауда орталығы	48. Торговый центр «Евразия»
49. «Ramada» мейманханасы	49. Гостиница «Ramada»
50. Қ.Қуанышбаев атындағы қазақ музыка және драма театры	50. Казахский драматический театр имени К.Қуанышбаева
51. М.Горький атындағы орыс драма театры	51. Русский драматический театр им. М.Горького
52. К.Бәйсейітова атындағы опера және балет театры	52. Театр оперы и балета имени К.Байсейітовой
53. С.Сейфуллин атындағы мұражай	53. Музей имени Сәкена Сейфуллина
54. «Самал» ықшамауданы	54. Микрорайон "Самал"
55. «Мега» ойын-сауық орталығы	55. Развлекательный центр "Мега"
56. қала көпірлері	56. мосты города
57. Б.Момышұлының ескерткіші	57. памятник Б.Момышұлы
58. Ж. Жабаеттің ескерткіші	58. памятник Ж.Жабаеті
59. «Қазақ елі» алаңы	59. площадь «Қазақ елі»
60. Спорт кешендері	60. спортивные комплексы

## 8-тақырып

**Грамматика:** Болжалды келер шақ есімше

**Лексика:** Ас - адамның арқауы

**Сабақтың мақсаты:** "Ас - адамның арқауы" деп бекер айтылған сөз емес. Ас туралы әңгіме айту, нақыл сөз, мақал-мәтел білу, тағамның түр-түрін білу, дайындау, қонақты сыйлай білу, дастарханды мол, берекелі жаю, қазақтың ұлттық дәстүрі бойынша шай беру - осы салт-дәстүрлерді үйрену, білу, ауызша айтып бере алу.

### Грамматикалық тапсырмалар

1. Как образуется *болжалды келер шақ есімше*? Приведите примеры.
2. Как образуется *мақсатты келер шақ*? Приведите примеры.

3. Приведите примеры *сапалық* и *қатыстық сын есім*.
4. Дайте определение имени прилагательного.
5. Какие признаки есть у имени прилагательного?
6. В чем отличие имени прилагательного в казахском языке от имени прилагательного в русском языке? Приведите примеры.

## Жаттығулар

**1-жаттығу.** Есімше.

1) *Образовать причастия будущего предположительного времени от следующих глаголов:*

беру, айту, жіберу, түсу, ойлану, қыдыру, тамақтану, демалу, ұйықтау.

2) *Из данных выше слов образовать отрицательную форму причастия будущего времени, составьте предложения.*

3) *Образовать причастия будущего времени намерения из данных глаголов:* кету, оқу, жуу, сүрту, пісіру, кіру, сату, оқу, жасау, істеу, орындау.

**2-жаттығу.** Сын есім.

1) *Определите разряды имен прилагательных (основные и производные):*

Ақ қар. Аспан көкпеңбек. Алтын шаш. Биік тау. Сары ағаш. Ұзын ағаш. Сұлу қыз. Күшті жігіт. Ақылды бала. Таулы аймақ. Егделеу адам. Тұзды балық. Суық күн. Жұмсақ диван. Семіз ет. Ащы бұрыш. Дөңгелек үстел. Күзгі егін. Жазғы демалыс. Алыс сапар. Жақын шетел. Ыстық тамақ.

**3-жаттығу.** Мәтінді оқыңыздар, орыс тіліне аударыңыздар.

## Алматы кондитер фабрикасы

Алматы кондитер фабрикасы 1942 жылы салынды. Фабрика қазіргі уақытта «Рахат» ашық акционерлік қоғамы деп аталады. Ол сан алуан өнім шығарады. Соңғы жылдары фабрикада тәтті кондитер өнімдерін шығаратын жаңа өндірістік технологиялар енгізілген. Фабрика жоғары сапалы какао майын, какао ұнтағын, езілген какао, шоколад глазурын дайындайды. Алматы кондитер фабрикасы өнімдерін елдегі кәсіпорындарға, сауда орталықтарына және шет елдерге шығарады. Республика тұрғындары «Рахат» өнімдерін рахаттанып сатып алады.

### Сөздік

ашық	открытое	өнім	продукция
акционерлік	акционерное		
қоғам	общество		
сан алуан	множество	тәтті	сладкий
деп аталады	так	өндірістік	производственный
	называется		
түрлер	виды	жоғары	высококачественный
		сапалы	
какао майы	масло какао	езілген какао	тертое какао

какао ұнтағы            порошок            рахаттанып    с удовольствием  
                                  какао

**4-жаттығу. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер** (Ответьте на вопросы по тексту).

1. Алматы кондитер фабрикасы қай жылы салынды? 2. Қазіргі кезде фабрика қалай аталады? 3. Фабрика жоғары сапалы қандай өнім өндіреді? 4. Фабриканың жаңа өндірістік технологиялары бар ма? 5. Фабрика өнімдерін қайда шығарады? 6. «Рахат» кәмпиттері қандай? 7. Сізге «Рахат» өнімдері ұнай ма?

**5-жаттығу.** Мына мәтінді оқып, аударыңыздар. Мәтіннің тақырыбын атаңыз.

Қазір дәрігерлер көкөніс, жеміс-жидек жемесең түрлі аурумен ауырасыңдар дейді. Бұрын қазақтар көшпелі ел болған. Олар тек қана мал өсіруімен айналысқан. Сонда да қазіргідей көп ауырмаған. Неге? Қазақтар ет пен сүт тағамдарын ғана асқа пайдаланған, ол әрі пайдалы, әрі нәрлі (питательно).

Ең алдымен ет пен сүт ең пайдалы тамақ. Егер мал шөп жемесе, су ішпесе, қалай өмір сүреді? Мәселен, қой жылына 50-60 түрлі шөп жейді екен. Ал жылқы шөптің түрлерін таңдап жейді екен. Ешкі де сондай. Мал жеген неше түрлі шөптер мен гүлдердің нәрі, қуаттылығы малдың еті мен сүтіне сінеді (впитывается). Сондықтан, халқымыз бұрын ет пен сүт тағамдарын пайдаланып, көп ауырмай өмір сүрген, тіпті (даже) көп жасаған (долго жили). Ет пен сүттен түрлі тамақ пісірген.

**6-жаттығу. Мәтінді оқып орыс тіліне аударыңыз.**

### **Сорпа**

Сорпа қазақ ұғымында еттің ең күшті нәрі. Сорпаның 40-тан астам түрі бар екен. Нарын сорпа, турамыш сорпа, кәкірім сорпа. Ертедегі тағамдардың бірі – көкөніс сорпасы. Бұл сорпа - борщ, щи, солянка тектес сорпа.

Нарын сорпа – жас етті ұсақтап турап, аздап бидай себелеп, тұз, сарымсақ, бұрыш салып, қою етіп әзірлейді, еті мен сорпасы тең болады. Кейде нарын сорпаға пісірген бұршақ, күріш қосуға да болады.

Турамыш сорпа – бұған аздап ет тұрап пісіріледі. Аспаздың қалауына қарай турамыш сорпаға картоп, сәбіз, пияз, қырыққабат, бұрыш қосып пісіреді. Сонымен бірге томат тәрізді дәмдендіргіштер араластырады.

Кәкірім сорпа – бұл сүр еттің сорпасы. Бұған айран, қатық, іркіт қосып дайындайды.

Кеспе жас еттен пісіріледі. Қамырды илеп, жайып, қолмен кеспе кеседі. Ет сорпасына кеспеден бұрын картоп, пияз, сәбіз қосып пісіреді, осыдан кейін кеспе салады, дайын боларда аскөк салады.

## Сөздік

сорпа	суп	әзірлеу	готовят
нәр	вкус	бірдей	одинаково
көкөніс	овощи	қатық	қатық
тектес	похожий	қырыққабат	капуста
ұсақтап тұрайды	мелко нарезают	дәмдендіргіш	приправа

### *Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз:*

1. Сорпа деген не?
2. Сорпаның қандай түрлері бар?
3. Сорпаның түрлерін атаңыз?
4. Нарын сорпа қалай әзірленеді?
5. Турамыш сорпа қалай әзірленеді?
6. Кәкірім сорпа қалай әзірленеді?
7. Көкөніс сорпа қалай әзірленеді?
8. Сен қандай сорпаны жақсы көресің?
9. Халық «Ет етке, сорпа бетке» деп неге айтады?
10. Ас – адамның арқауы ма? Қалай ойлайсыз?

### **7- жаттығу. Сүт тағамдары. Оқып, есте сақтаңыздар. Ауызша айтып беріңіздер.**

**Қымыз.** Бұл қазақ халқының әрі тамақ, әрі дәрі, әрі сусыны. Қымыз - бағалы тағам. Қымызды арнайы ыдыста сақтау керек. Темір ыдысқа қымыз сақтамайды. Қымыз сапасына ауа райы, шөп, су әсер етеді. Сонымен де, баққан адамға да байланысты. Қымыз - "құнан қымыз", "дөнен қымыз", "бесті қымыз" деп үшке бөлінеді. Бұл ашытылуына байланысты. Құнан қымыз - үш тәулік бойы ашытылады, дөнен қымыз - төрт тәулік бойы ашытылады, ал ең күрделісі де, дәмдісі де бесті қымыз: бұл әбден ашыған, иісі аңқып, кейде адамды түшкіртіп жіберетін қымыз. Қымызды ашытатын арнайы ашытқы бар.

**Сүт тағамдары:** сүзбе, құрт, ірімшік, уыз, қатық т.б.

#### **Сөйлеу мәдениетін жетілдіру**

Вы должны знать:

- названия национальных блюд из муки;
- названия национальных молочных продуктов;
- названия национальных мясных продуктов и блюд.

Қазақ халқының қасиетті сөзі бар: Ас – адамның арқауы. Адамға күш беретін – ас, адамға көңіл беретін – ас. Дұрыс тамақтану – денсаулықтың кепілі. Сіз қалай тамақтанасыз? Ауызекі әңгіме құрып айтыңыз.

**1-жаттығу.** Төмендегі мәтінді оқыңыз. Мәнін түсініңіз. Салт-дәстүрмен танысыңыз.



## Ақ құю

Қазақ халқы сүтті, қымызды, шұбатты, айранды және басқа сүт тағамдарын «ақ», «ағарған» деп атайды. Бұл ұғымдар қасиетті, киелі болып табылады. Ақты жерге төкпейді, аяққа баспайды. Қонақты қарсы алғанда алдына ақ алып келеді, көбінесе бұл қымыз, шұбат. Мұндай әдет келген қонақтарға құрмет көрсету, сыйлауды көрсетеді.

Сонымен қатар қазақтың сол ақты жерге төгетін ырымы бар. Мысалы, қалың өрт келгенде өрт алдына ақ шашады, үйге жылан кіріп кеткенде оның басына сүт не айран құйып, үйден шығарып барып өлтіреді.

**2-жаттығу.** Мына мәтін арқылы қазақтың салт-дәстүрімен танысыңыз.

### Ауыз тию

Қазақтың үйіне кез келген уақытта келген адамға дәмнен ауыз тигізеді. Әсіресе таңертеңгі астан қонақ міндетті түрде ауыз тиеді. Халық арасында «үйге кірген жыланға да ақ құйып шығарады» деген сөз бар. Сондықтан мұның бәрі асқа да, қонаққа да ерекше ықыласы, бұл қазақ халқының қонақжайлылығы мен кең пейілділігін танытатын жәйт. Осындайда қазақтар «Қуыс жерден құр шықпа» деп айтқан, яғни үйдегі дәмнен ауыз тиіп шығу жөн деп санайды халық.

**3-жаттығу.** Қазақ халқының ет тағамдары туралы айтып беріңіздер. Бесбармақ туралы әңгімелесіңіздер. Етке байланысты қазақтың мақал-мәтелдерін жаттап алыңыздар.

- 1) Еттің бәрі қазы емес, иттің бәрі тазы емес.
- 2) Ет дегенде бет бар ма?
- 3) Қуырдақтың әкесін түйе сойғанда көрерсің.
- 4) Қой еті - қоян еті.
- 5) Еттің соры қуырдақ, ұнның соры - бауырсақ.
- 6) Ет жегеннің бәрі қонақ.
- 7) Ет – етке, сорпа бетке.

**4-жаттығу.** Қазақ халқының жалпы ас туралы тыйым сөздерін де есте сақтаңыздар:

1. Ас ішуді үй иесі бастап, үй иесі аяқтайды.
2. Ас ішкен ыдысыңды төңкеріп қойма. Ол ырысыңның таусылғанын білдіреді.
3. Дәмді (тамақты) табақтың ортасынан алма. Өйткені астың берекесі – ыдыстың ортасында.
4. Жуған қолыңды сілкіме.

**5- жаттығу.** Қазақ халқының ұн тағамдары туралы айтып беріңіздер.

1. Алтын-күміс тас екен, арпа-бидай ас екен (Золото и серебро просто камень, а пшеница и рожь пища).
2. Тату үйдің тағамы тәтті.– В дружной семье любая еда вкусная.

3. Шай ішіп үйренген, қымыз деп қыстамайды. – Любитель чая кумыс не попросит.

### «АС - АДАМНЫҢ» АРҚАУЫ ТАҚЫРЫБЫНА ҚАТЫСТЫ СӨЙЛЕМ ҮЛГІЛЕРІ

**Ас дәмді болсын!** – Приятного аппетита!

**Денсаулық - зор байлық.** – Здоровье - огромное богатство.

**Тамақтанғыңыз келе ме?** – Не хотите ли поесть?

**Тамақтануға қарсы емеспін.** – Не мешало бы перекусить.

**Қаладағы қай мейрамханада қазақ тағамдарын дайындайды?** – В каком ресторане города готовят казахские национальные блюда?

**Бізге нағыз ұлттық тағам әкеліңізші.**– Принесите наиболее типичное национальное блюдо.

**Қымызханада ыстық тағам беріле ме?** – Есть ли в кумысхане горячие блюда?

**Қымызханада ұлттық ет, сүт тағамдары бар.** – В кумысхане есть национальные мясные и молочные блюда.

**Қазақтардың ет тағамдары дәмді ме?** - Мясные блюда казахов вкусные?

**Қазы, қарта, жал-жаяны ауыз тиіңіздер.** – Попробуйте қазы, қарта, жал-жая.

**Ұннан пісірілген тамақтар өте дәмді.** – Блюда из муки очень вкусные.

**Дастархан сәні бауырсақ, шелпек, тандыр нан.** – Богатство дастархана шелпек, бауырсаки, шелпек, лепешки.

**Еттің соры - қуырдақ, ұнның соры - бауырсақ.** – Қуырдақ требует много мяса, а бауырсақ требует много муки.

#### **Жазбаша тапсырма.**

Қазақтың ұлттық тағамдары туралы шығарма жазыңыздар.

#### **Тақырыпты қорытындылауға арналған тест**

**1.Сапалық сын есімді көрсетіңіз.**

- A) сыртқы, ішкі
- B) таулы, сулы
- C) аудандық, қалалық
- D) күзгі, қысқы
- E) жуас, тентек

**2.Заттың түрін көрсететін сын есім қайсысы?**

- A) ақ, қара
- B) түзу, қисық
- C) жалқау, еңбекқор
- D) сұлу, әдемі
- E) семіз, арық

**3.Антоним сын есімдерді көрсетіңіз.**

- A) тәтті, дәмдә
- B) сары, сарылау
- C) аппақ, ақшыл

- D) ыстық, суық
- E) үлкен, үлкенірек

4. *«Ұзақ» сөзіне қажетті зат есімді таңдаңыз:*

- A) әңгіме
- B) ет
- C) баға
- D) табақ
- E) есік

5. *Сөйлемді толықтырыңыз: Менің әжем ... .*

- A) жаңа
- B) жеңіл
- C) мейірімді
- D) тар
- E) ыстық

6. *Мына сорпа (не солений). Жақшаны ашыңыз:*

- A) тұзсыз
- B) тұз
- C) тұздық
- D) тұзбен
- E) тұзда

7. *Сөйлемді толықтырыңыз: Ет–етке, ... бетке.*

- A) су
- B) май
- C) сорпа
- D) айран
- E) қатық

8. *Сүр еттің сорпасы қайсысы?*

- A) нарын
- B) көкөніс
- C) кеспе
- D) кәкірім
- E) турамаш

9) *Ұннан жасалған тағам қайсысы?*

- A) сары май, қаймақ
- B) сүзбе, құрт
- C) ірімшік, айран
- D) құймақ, бауырсақ
- E) жент, талқан

10. *Бие сүті қалай аталады?*

- A) сүт
- B) айран
- C) қымыз
- D) шұбат
- E) шалап

11. *Түйе сүті қалай аталады?*

- A) шұбат
- B) сусын
- C) шарап
- D) шырын
- E) кілегей

12. *Сүттің синонимі қайсысы?*

- A) көгерген
- B) ағарған
- C) қызарған
- D) ссарғайған
- E) қарайған

13. *Фразеологиялық сөз тіркесі қайсысы?*

- A) дәмді ас
- B) ас болсын
- C) аяқ-табақ
- D) арам тамақ
- E) тамағы тоқ

14. *Мен бүгін палау (наврное сварю). Жақшаны ашыңыз.*

- A) пісіремін
- B) пісірермін
- C) пісірмекпін
- D) пісірдім
- E) пісіріп тұрмын

15. *Қай сөйлем дұрыс құрастырылған?*

- A) Балық сорпасы берілді тағамнан сұйық.
- B) Тағамнан сорпасы балық сұйық берілді
- C) Берілді сорпасы балықтың тағамнан сұйық.
- D) Сорпасы балықтың берілді ан сұйық.
- E) Сұйық тағамнан балық сорпасы берілді.

16. *Қай етістік дұрыс қолданған? Ет табаққа (нарезано).*

- A) тартылды
- B) шабылды
- C) бөлінді
- D) тұралды
- E) кесілді

17. *Қазақ дастарқанының негізгі тамағы қандай?*

- A) бесбармақ
- B) құрт
- C) сүт
- D) айран
- E) шай

18. *Қазақтар шайды немен ішеді?*

- A) қымызбен
- B) құртпен
- C) сүтпен

D) айранмен

E) етпен

19. **Қазыны неден жасайды?**

A) қой етінен

B) сиыр етінен

C) тауық етінен

D) жылқы етінен

E) бұзау етінен

20. **Бас салынған табақ кімге тартылады?**

A) сыйлы қонаққа

B) әркімге

C) қыздарға

D) ұлдарға

E) балаларға

## 9-тақырып

**Грамматика: Сан есім. Модальдық сөз тіркестері**

**Лексика: Қонақта**

**Сабақтың мақсаты:** Лексикалық тақырып бойынша өмірде жиі кездесетін тақырыпты меңгеру. Әңгімелеу, сұхбаттасу, сұрақ-жауап арқылы сөйлесу, тақырыпқа сай мақал-мәтелдерді жаттау.

### **Грамматикалық тапсырмалар**

1. Есімше дегеніміз не?

2. Есімшенің сұрақтары қандай?

3. Есімшенің жұрнақтары қандай?

### **Жаттығулар**

Есте сақтаймыз: Қазақ тілінде болжалды келер шақ мақал-мәтелдерде, өлеңдерде жиі қолданылады. Мысалы:

#### **1-жаттығу.**

*A) Өлеңді оқыңыз, есте сақтаңыз:*

Құлақтан кіріп, **бойды алар**

Әсем ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі **ой салар,**

Әнді сүйсең, менше сүй. (Абай)

Мою душу взяла через слух

Залетевшая в наши края,

Столько мыслей навеяла вдруг...

Полюби эту песню как я. (Абай. Перевод Ю.Кузнецова)

*Ә) Мақал-мәтелдерді оқып, жаттаңыз:*

Еңбек ерлікке жеткізер,  
Ерлік елдікке жеткізер.

Білегі күшті бірді жығар,  
Білімі күшті мыңды жығар.

Бір қорқақтың кесірі мыңға тиер,  
Жолдас болсаң қорқақпен жаның күйер.

**2-жаттығу.** Мына етістіктерді болжалды келер шақтың 1 жағына айналдырыңыз.

Бару, келу, шақыру, болу, отыру, ішу, әңгімелесу, ойлау, ойнау, жеу.

**3-жаттығу.** Болжалды келер шақтың болымсыз түріне айналдырыңыз:

Айту, келу, бару, жазу, оқу, түсіндіру, тігу, сатып алу.

**4- жаттығу.** Сөйлемдерді аяқтаңыз, орыс тіліне аударыңыз:

1. Ертең күн жылы бол... . 2. Қонақтар кешке дейін кел... . 3. қарсыҚонақтарды ағам ал... . 4. Қона қтарға қонақасы беріл... . 5. Қонақтармен ақсақалдар әңгімеле... .6. Қонақтарға концерт ұсын... . 7. Меймандарға қала ұн... . 8. Қонақтармен сол жағалауда қыдыр...мыз. 9. Қонақтар ұлттық сыйлықтарды сатып ал... . 10. Олар кешке мейманханаға орналас... .

**5-жаттығу.** Мәтінді орыс тіліне аударыңыздар.

Президент Н.Ә.Назарбаевтың шақыруымен Астанаға Әзербайжан Республикасының Президенті Ильхам Әлиев жұбайымен қазан айының басында ресми сапармен келді. Астана әуежайында қонақтарды Елбасы қарсы алды. Ресми делегация құрамында он екі адам бар. Кешке Қазақстан Республикасы атынан Ақ Ордада қонақасы берілді. Қонақасы кезінде екі Президент құттықтау сөз сөйледі. Қонақтар Астана қаласын аралады, «Қазақстан» орталық концерт залында қазақ әртістерінің концертті берілді. Келесі күні баспасөз конференциясы ұйымдастырылды..

**Сөйлеу мәдениетін жетілдіру:**

Вы должны уметь:

по правилам этики

- пригласить гостей, встретить гостей;
- угостить и развлечь гостей;
- проводить гостей и поблагодарить их за визит.

**1- жаттығу.** Мәтінді орыс тіліне аударыңыздар.

### **Қазақ – қонақжай халық**

Ежелгі заманнан келе жатқан қазақ хадқының дәстүрі – қонақ күту, қонақ шақыру. «Құдайы қонақпын» деп келген кісіні қарсы алып, тамағын беріп, төсек-орнын дайындап, демалтады. Қазақ халқында «қырықтың бірі қыдыр», «қонақты қусаң – құт, ырыс қашады», «қонақпен еріп, құт ырыс келеді» деген мәтелдер бар. Ал мұндай қонақтарды үй иесі күтпесе, ол ұятты, бетке шіркеу

болған. Қонақты күту, шығарып салу бұл аса жауапты іс.

Қазақ ырымшыл халық, сондықтан қонақ келгенде үй иесі есікті өзі ашып, кіргізеді, сонан соң өзі кіріп есікті жабады. Бұл – қонақпен еріп келген «құт», «ырыс» бірге кірсін дегені. Ал қонақтарды шығарып салғанда, есікті қонақтарға ашқызады, қонақ шыққан соң есікті үй иесі өзі жауып қалады.

Қазақ халқы қонақтарды «арнайы қонақ», «қыдырма қонақ», «қылғыма қонақ» деп бөлген. Арнайы қонақ деп, шақырған қонақты айтады, «қыдырма қонақ» - алыстағы туысқандар, ағайындар арнайы іздеп келетін қонақтарды айтады, ал «қылғыма қонақ» - ауылдағы қонақтарға ілесіп келетін, сүйкімсіз қонақты айтады.

*Мәтін бойынша тапсырма: мәтіннің мазмұнын ауызша айтып беріңіз.*

**2- жаттығу.** Қонақты қарсы алу салты туралы мына тақырыптарды қолданып сұхбаттасыңыздар.

1. Қонақты шақыратын күн (туған күн, балаға арналған кез келген той, мерейтой, қоныстой, үйлену тойы т.с.с).

2. Қонақты шақыратын күнді белгілеу. Шақыру (телефонмен, шақыру қағазы арқылы т.с.с.)

3. Қазақтың «аттан түсіру» салты.

4. Амандасу, сәлемдесу, төс қағыстыру, хал-жағдайды сұрастыру. .

5. Үйге кіргізу, қонақтардың киімдерін шешкізу, қолға су құю, қол ормала беру.

6. Төрге отырғызу, дастарханға қымыз ұсынып, құю.

7. Ет тарту, жілік мұжу, сорпа беру.

8. Шай әзірлеу, шай беру.

9. Қонақкәде сұрау. Домбыра тарту, өлең айту, әңгіме айту.

10. Қонақтарды шығарып салу, қонақтармен қоштасу, ризашылық білдіру.

**3-жаттығу.** *Қонақ сөзіне байланысты мақал-мәтелдерді жаттап алыңыздар.*

1. Қонақ қойдан жуас.

2. Қонаққа бара білсең, шақыра да біл.

3. Қонақ бір күн қонса – құт, екі күн қонса – жұт.

4. Қонағы жаман болса, үй иесі қыдырады.

5. Құтты қонақ келсе, қой егіз табады.

6. Қонақ аз отырып, көп сынайды.

7. Қонағын сыйламаған баласын ұрады.

## **«ҚОНАҚТА» ТАҚЫРЫБЫНА ҚАТЫСТЫ СӨЙЛЕМ ҮЛГІЛЕРІ**

**Қонақ келсе есікке, жүгіріп шық кешікпе!** - Если пришел гость, беги и открой двери!

**Біз Сізді жұбайыңызбен қонаққа шақырамыз.** – Мы приглашаем Вас с женой (мужем) к нам в гости.

**Біз Сіздерді сенбі күні сағат екіде күтеміз.** – Мы вас ждем в субботу в два часа дня.

**Мен Сізді үйге шақырғым келеді. Кешке қолыңыз бос па?** – Мне хотелось пригласить Вас в гости. Вы вечером свободны?

**Сізді үйге шақыруға рұқсат етіңізші.** – Разрешите Вас пригласить домой.

**Барғаным жақсы болар еді.** – Хорошо, было бы пойти.

**Барғанмыз дұрыс.** – Хорошо что мы ходили (в гости, на чай, на ужин).

Будет правильно, если мы пойдем.

**Сізді шақырайын деп тұрмын.** - Я хочу пригласить Вас в театр.

**Кеттік, барып қайтайық. Жүр, барайық.** - Хорошо, пошли, давай ходим.

**Сәке, Сіздерді баламыздың үйлену тойына шақырамыз!** – Сәке, мы приглашаем Вас на свадьбу нашего сына!

**Міне, шақыру қағазын әкелдім.** – Вот приглашительный билет.

**Балаңыздың үйлену тойы қашан, қай жерде?** – Где и когда состоится свадьба Вашего сына?

**Тойымыз «Арайлым» мейрамханасының екінші қабатында, сенбі күні кешкі сағат бесте.** – Свадьба состоится в субботу в пять часов вечера на втором этаже ресторана «Арайлым».

**Шақырғаныңызға ризамын, рахмет!** – Благодарю за приглашение, спасибо!

**Біз қуаныштымыз, міндетті түрде келеміз.** – Мы очень рады, обязательно придем.

**Ділдә, жүр билейік, биге шақырамын! – Жақсы Мұхит, жүр, билейік! - Дильда! Пойдем танцевать! – Хорошо Мухит, пойдем потанцуем!**

**Құрметті студенттер, сіздерді жиналысқа шақырамыз.** – Уважаемые студенты! Приглашаем вас на собрание.

### **Жазбаша тапсырма**

«Біз қонақ шақырамыз» тақырыбына шығарма жазыңыздар.

### **Тақырыпты қорытындылауға арналған тест**

#### **1. Есімше жұрнақтарын көрсетіңіз:**

A) -ын/ - ін/-н

B) -ыс/ -іс/-с

C) -ар/-ер/-р

D) -ыл/-іл/-л

E) -ыр/-ір/-р

#### **2. Қандай жұрнақ қажет? Кешке ауа райы өзгер... .**

A) -ар

B) -ас

C) -ес

D) -ер

E) -ем

#### **3. Болжамдық етістікті қосыңыз. Біз емтиханды жақсы ... .**

A) тапсырармыз

B) тапсырармын

C) тапсырарсың

D) тапсырар



Е) тапсырарсыңдар

**4. Ағам жазда (возможно женится). Жақшаны ашыңыз.**

А) үйленерсің

В) үйленермін

С) үйлену

Д) үйленді

Е) үйленер

**5. Пойыз кешікпей келер. Аударыңыз.**

А) Сегодня поезд ушел без опоздания

В) Кажется поезд опоздал

С) Поезд пришел без опоздания

Д) Возможно поезд не опоздает

Е) Может быть поезд опоздал

**6. Мен киноға (возможно не пойду). Жақшаны ашыңыз.**

А) барармын

В) барарсың

С) бармассың

Д) бармаспын

Е) бармаспыз

**7. Ол маған (навверное не скажет). Аударыңыз.**

А) айтады

В) айтып отыр

С) айтпады

Д) айттым

Е) айтпас

**8. Қай сөйлем дұрыс жазылған?**

А) Суретшімен біз ертең кездесерміз белгілі.

В) Біз ертең белгілі суретшімен кездесерміз

С) Ертең кездесерміз біз суретшімен белгілі.

Д) Белгілі суретшімен біз кездесерміз ертең.

Е) Ертең кездесерміз білгілі біз суретшімен.

**9. Ол ұшақпен (скорее всего улетит). Жақшаны ашыңыз.**

А) ұшпас

В) ұшпау

С) ұшып кету

Д) ұшар

Е) ұшады

**10. Қазақ (қонақжай) халық. Жақшадағы сөзді аударыңыз.**

А) гостеприимный

В) ответственный

С) старательный

Д) добрый

Е) хороший

**11. Қонақ келгенде оны кім қарсы алады?**

А) бала

- В) келін
- С) үй иесі
- Д) күйеу бала
- Е) қыз

**12. Біз қонақтарды (на новоселье) шақырдық. Жақшаны ашыңыз.**

- А) тілашар тойына
- В) қоныстойға
- С) үйлену тойына
- Д) шілдеханаға
- Е) мерейтойға

**13. Гости выразили (ризашылық). Переведите слово в скобке.**

- А) благодарность
- В) просьбу
- С) приглашение
- Д) сожаление
- Е) поздравление

**14. Мы хотели бы Вас пригласить в гости. Қалай аударамыз?**

- А) Деп қонаққа шақырайық Сіздерді біз едік.
- В) Едік біз Сіздерді шақырайық деп қонаққа.
- С) Сіздерді біз қонаққа едік шақырайық деп.
- Д) Шақырайық қонаққа едік деп Сіздерді біз.
- Е) Біз Сіздерді шақырайық қонаққа деп едік

**15. Бізді (в гости) шақырды. Жақшаны ашыңыз.**

- А) қонақты
- В) қонақта
- С) қонаққа
- Д) қонақтан
- Е) қонақпен

**16. Қазақтар шақырған қонақтарды қалай атайды?**

- А) қыз-қонақ
- В) қылғыма қонақ
- С) қыдырма қонақ
- Д) құдайы қонақ
- Е) арнайы қонақ

**17. Қонаққа алдымен не беріледі?**

- А) қымыз, шұбат
- В) нан, бауырсақ
- С) ыстық шай
- Д) суық су
- Е) ет, палау

**18. «Қонақасы» сөзі қалай аударылады?**

- А) приятного аппетита
- В) специальный ужин для гостей
- С) приглашение в гости
- Д) благодарность за приглашение

Е) встреча гостей

**19. Қонақпен еріп не келеді? Мақалды еске түсіріңіз.**

А) жігіт пен қыз

В) қыз-келіншек

С) бала-шаға

Д) құт, ырыс

Е) күн мен түн

**20. Жаман үйді кім билейді?**

А) әйелі

В) баласы

С) қонағы

Д) нағашы

Е) бауыры

**21. Мен Сізді (на юбилей) шақырамын. Аударыңыз.**

А) мерейтой

В) мерейтойға

С) мерейтойды

Д) мерейтойдың

Е) мерейтоймен

## **10-тақырып**

**Грамматика: Үстеу**

**Лексика: Жыл басы - Наурыз**

**Өзіндік жұмыстың мақсаты:** Студенттерді Ұлыстың ұлы күні туралы білімдерін дамыту, тақырып бойынша сөйлесуге, ой-пікірін айтуға, туыстары мен достарын өз атынан құттықтауға үйрету. Қазақтың салт-дәстүрлерін үйрену. Тақырып бойынша грамматикалық үлгілерді қолдану.

### **Грамматикалық тапсырмалар**

1. Как образуются *салыстырмалы шырай* ? Приведите примеры.
2. Как образуются *күшейтпелі шырай* ? Приведите примеры.
3. Как образуются *асырмалы шырай* ? Приведите примеры.
4. Приведите примеры не производных наречий.
5. Как образуются производные наречия.
6. Назовите *мезгіл үстеулері*, приведите примеры в предложениях.
7. Назовите *мекен үстеулері*, приведите примеры в предложениях.
8. Назовите *қимыл-сын үстеулері*, приведите примеры в предложениях.
9. Назовите *мөлшер үстеулері*, приведите примеры в предложениях.
11. Назовите *мақсат үстеулері*, приведите примеры в предложениях.
12. Назовите *күшейту үстеулері*, приведите примеры в предложениях.
13. Назовите *себеп-салдар үстеулері*, приведите примеры в предложениях.
14. Назовите *топтау үстеулері*, приведите примеры в предложениях.

## Жаттығулар

**1- жаттығу.** Сын есім. Имя прилагательное.

1. *От данных слов образуйте имена прилагательные с помощью суффиксов -лық-лік, -дық-дік, -тық-тік.*

Мемлекет, халық, ұлт, қала, аудан, республика, Қазақстан, азамат, өндіріс, отан, ауыл, қыс, сауда, жыл, апта, нарық, база, ай, сағат, техника, құқық, қаржы.

2. *Переведите на казахский язык следующие словосочетания:*

Ночная работа, утренний поезд, высокая зарплата, молодой специалист, прекрасный человек, круглый стол, зимние каникулы, деловая женщина, вкусная каша, высокая гора, глубокое озеро, красивая девушка, счастливая семья, летний день, пасмурное небо, праздничный день.

**2-жаттығу.** Составьте предложения с наречием места (мекен үстеуі).

Үстінде, жанында, арасында, төменде, ішінде, сыртында, жоғарыда.

**3-жаттығу.** Вместо точек поставьте нужные наречия.

Қайрат шешімін ... тапты (іші, сырты, тез, кешке)

Райхан ... оқуды бітірді (төмен, жоғары, алда, былтыр, түсте)

Ольга ... жақсы сөйлейді (жазда, қыста, әдейі, осында, қазақша)

Үйге ... үлкен дүкен орналасқан (алды, арты, жаны, қарсы, түн)

Әкем ... осы мектепте оқыған (алға, жақын, осында, бұрын).

**4-жаттығу.** Из данных наречий найдите наречия цели (мақсат үстеулері) и составьте с ними предложения:

Тез, әрең, бірге, биыл, былтыр, ілгері, кейін, босқа, бекер, жорта, әдейі, қасақана, үшін, кездескелі, дереу, үсті-үстіне.

## Сөйлеу мәдениетін жетілдіру

Вы должны знать:

- названия праздничных дней на казахском языке;
- составить тексты поздравлений к празднику Наурыз.

**1-жаттығу.** Поздравьте с праздником Наурыз:

а) родителей;

ә) дедушку и бабушку;

б) друга или подругу.

**2-жаттығу.** Прочитайте текст, переведите на русский язык. Составьте вопросы к каждому предложению.

Наурыз - Ұлыстың ұлы күні, мейрам. Бұл мейрамды біздің қазақ қана емес, дүние жүзінің бірқатар елдерінде: Үндістан, Иран, Ауғанстан, Кавказ, Орта Азияда тойлайды. Наурыз тойын тойлаудың дәстүрі бар. Бұл күні барлық ел ең алдымен қазан-қазан наурыз көже пісіреді. Оған: тұз, су, ақ (күрт, соғымнан арнайы кәрі жілік сақталады), бидай, күріш не тары, кеспе, май - сонымен жеті тағам қосылады. Бұның халық ұғымына табиғаттағы жеті бояу, спектрді білдіретін философиялық мәні бар. Ақ - сүт, қара - тұз, көк - су, қызыл - дән, сары - май, қоңыр - кеспе, жасыл - ет.

**3-жаттығу.** Прочитайте мини-текст. Переспросите:

Үлгі:

- Наурыз мейрамын көктемде тойлайды.

- Наурыз мейрамын көктемде тойлай ма?

Наурыз мейрамын көктемде тойлайды. Наурыз мерекесін наурыздың 22-сінде қарсы алады, өйткені бұл күні түн мен күн теңеледі. Наурыз күні қар жауса, оны «ақша қар» дейді. Адамдар бұл күнді көңілді қарсы алады. Наурыз күні адамдар бір-бірін құттықтайды. Наурыз күні наурыzkөже пісіріледі. Наурыз - Ұлыстың ұлы күні.

**4-жаттығу.** Переведите данные наречия на казахский язык и составьте с ними предложения:

Летом, позади, еле-еле, столько, вместе, по одному, быстро, утром, выше, сколько, вверху, внизу, короткий, впереди, сзади, рядом.

**5-жаттығу.** *Вы хотите поздравить. Какое поздравление и для кого Вы выберете?*

- Мен наурыз мейрамымен ... құттықтағым келеді.

- Сіздің не тілегіңіз келеді?

- Менің оған мол қуаныш тілегім келеді.

Слова для справок: - ата-анамды, ағамды, туыстарымды, достарымды;

- денсаулық, бақыт, табыс, бейбітшілік.

**6-жаттығу.** Наурыз күні ұлттық ойындарды ойнауды қазақ халқы жақсы көреді. Олардың бірі

### **Аударыспақ**

Аударыспақ – ашық алаңда ойналады. Ойынға атқа мінген екі жігіт қатысады. Оларға уақыт беріледі. Осы уақыттың ішінде екеуі бірін-бірі аттың үстінен аударып түсіруі керек. Егер бірін-бірі жеңе алмаса, онда ортаға келесі екі атты ойыншы шығады. Ойын соңғы жеңімпаз анықталғанша жалғаса береді.

### **Сұрақтарға жауап беріңіздер.**

1. Ойын қандай жерде өтеді?
2. Ойынға қанша адам қатысады?
3. Нақты уақыт не үшін беріледі?
4. Жеңімпаз деп кімді атайды?

**7-жаттығу.** Қазақтың мейрам күндері ойналатын түрлі ат жарыстары. Мәтінді оқып ауызша айтып беріңіздер.

### **Бәйге**

Қазақ халқының ұлттық спорт ойындарының кең тараған түрі – ат жарысы. Бұл тай жарысы, құнан жарысы, дөнен жарысы, жорға жарысы, тіпті түйе жарысы болып бөлінеді.

Бәйге – қазақтың ежелгі ұлттық ойындарының бірі. Ол қазіргі кезде де ойналады ойындардың бірі. Ойын қала сыртында, жазық жерде өткізіледі. Ойынға тілек білдірген жеке адамдар ұжым атынан шыққан адамдар қатыса алады. Алматы маңайындағы Көкбастау ауылында жыл сайын бәйгенің түрлері ұйымдастырылады.

Ойын бастау үшін нақты арақашықтық белгіленеді. Алдымен бәйгешілер бір сызық алдында тұрады. Төрешілер берген белгіден кейін, олар алдағы

көмбеге қарай шаба жөнеледі. Көмбеге бірінші болып келген шабандоз жеңімпаз деп аталады. Ол адамға бәйге ұйымдастырушылар атынан сыйлық беріледі. Сыйлықтың ең үлкені жеңіл автомобиль, сонан соң ат, ақша сияқты сыйлықтар тағайындалады.

**8-жаттығу.** Давайте говорить правильно! Используйте традиционные формы казахской речи.

**Көктем туды.** – Пришла весна (дословно: родилась весна)

**Жаз шықты.** - Наступило лето (дословно: лето вышло)

**Күз түсті.** – Наступила осень.

**Қыс келді.** – Пришла зима.

## «НАУРЫЗ» ТАҚЫРЫБЫНА ҚАТЫСТЫ СӨЙЛЕУ ҮЛГІЛЕРІ

**Наурыз айында күн мен түн теңеледі.** – В марте день и ночь равняются.

**Наурыз қандай мереке?** – Наурыз какой праздник?

**Наурыз мұсылман елінің жаңа жылы.** – Наурыз – Новый год для мусульман.

**Наурыз құтты болсын!** – С праздником Наурыз!

**Жаңа жыл үйіңізге құт-береке әкелсін!** – Пусть новый год принесет в Вашу семью благополучие и достаток!

**Дастарханыңыз мол болсын, ақ мол болсын!** – Пусть будет богатым и изобильным Ваш дастархан!

**Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!** – С великим днем народа!

**Қуанышыңыз ұзағынан болсын!** - Пусть у Вас всегда будет радость!

### **Жазбаша тапсырма**

Напишите сочинение на одну из тем:

- а) Ұлттық киімдер.
- ә) Мерекелік дастархан.
- б) Ұлттық ойындар.

### **Тақырыпты қортындылауға арналған тест**

**1. Бүгін ауа-райы кешеден (холоднее). Жақшаны ашыңыз.**

- A) жаңбырлы
- B) суықтау
- C) қарлы
- D) боранды
- E) жауын-шашын

**2. «Жылырақ» сөзі қай сөз табына жатады?**

- A) сын есім
- B) сан есім
- C) зат есім
- D) есімдік
- E) етістік

**3. «Глубокоуважаемый» сөзін қазақ тіліне аударыңыз.**

- A) жақсы көретін

- В) сүйікті
- С) қадірлі
- Д) қымбатты
- Е) аса құрметті

**4.Бүгін күн (очень теплый). Қазақ тіліне аударыңыз.**

- А) суық
- В) салқын
- С) өте жылы
- Д) қоңыр-салқын
- Е) ылғал

**5.Түбір үстеу қайсысы?**

- А) жаз,жоғары,оң
- В) алға,артқа,оңға
- С) қазақша,орысша,жаңаша
- Д) әкедей,анадай,ағадай
- Е) жақында,алыста,осында

**6.Мезгіл үстеудің сұрағын көрсетіңіз:**

- А) неге?
- В) қалай?
- С) кім?
- Д) қайда?
- Е) қашан?

**7.Мекен үстеуін көрсетіңіз:**

- А) кешке,ерте
- В) таңға,түске
- С) көп,аз
- Д) жолшыбай,жоғарыдан
- Е) мүлдем,тіпті

**8.Қай сөйлемде мөлшер үстеуі бар?**

- А) Мәдина дұрыс сөйлейді.
- В) Айбол баяу сөйлейді
- С) Бізді қаншама жұмыс күтіп тұр!
- Д) Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды.
- Е) Аулың сенің ілгері!

**9.Қай сөйлемде күшейту үстеулері бар?**

- А) Ас дәмді болсын!
- В) Асықпа да,саспа,бірден қайта баста!
- С) Ең жақсы адам–анам!
- Д) Махаббат осылай келе ме?
- Е) Іштен шыққан жау жаман.

**10.Қимыл-сын үстеулері қандай сұраққа жауап береді?**

- А) қай жерде?
- В) қалайша? қайтіп?
- С) нешеден? нешелеп?
- Д) қандай? қай?

Е) не үшін? қалай?

**11. Себеп-салдар үстеулері қайсысы?**

А) себепсіз, амалсыз

В) жылдам, тез

С) меніңше, сеніңше

Д) бүгін, ертең

Е) ылғи, анда-санда

**12. Топтау үстеулерін табыңыз.**

А) тым, аса

В) жорта, қасақана

С) аз-аздан, көп-көптен

Д) соншама, біраз

Е) ауызша, жазбаша

**13. Жаңа жылды біздің елімізде неше рет тойлайды?**

А) он екі рет

В) жеті рет

С) тоғыз рет

Д) екі рет

Е) үш рет

**14. Жаңа жыл алдында балалар нені асыға күтеді?**

А) бесбармақты

В) аяз атаның сыйлықтарын

С) сағат түнгі он екіні

Д) ақ қарды

Е) суық қысты

**15. Күн мен түн қашан теңеледі?**

А) наурыздың 22-сінде

В) желтоқсанның 31-нде

С) қаңтардың 13-нде

Д) қаңтардың 1-нде

Е) ақпанның 3-нде

**16. Наурыздың бас тағамы қандай?**

А) наурыз шай

В) наурыз көже

С) наурыз ет

Д) наурыз бауырсақ

Е) наурыз шелпек

**17. Наурыз мейрамының синонимі қандай?**

А) Жаңа күн

В) Жаңа жыл

С) Ұлыстың ұлы күні

Д) Халықаралық күн

Е) Мұсылман күні

**18. Наурыз күні айтылатын қандай тілекті білесіз?**

А) Күн ашық болсын!



- В) Ақ мол болсын!
- С) Өтінеміз!
- Д) Ризамыз!
- Е) Жолыңыз болсын!

**19. Наурыз күні жсауған қарды қалай атайды?**

- А) ақша қар
- В) аппақ қар
- С) ақшылдау қар
- Д) ағырақ қар
- Е) ақшыл қар

**20. Наурыз мерекесінің өлең-жыры қандай?**

- А) той жыры
- В) дастан
- С) батырлар жыры
- Д) айтыс
- Е) жарапазан

**2-інші кредит бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі  
(Список литературы для подготовки к СРС).**

1. Бектұрова А.Ш., Бектұров Ш.К. Казахский язык для всех. Алматы; Атамұра, 2004. 720 с.

2. Бектұров Ш.К., Бектұрова А.Ш. Қазақ тілі. Ана тілі деңгейінде үйрету құралы. Алматы, ВШП "Әділет", 1998. 254 б.

3. Бектұров Ш.К., Бектұрова А.Ш. Қазақ тілінің қалталық оқулығы. Карманный самоучитель казахского языка. Алматы: 1997. 204 б.

4. Бектұров Ш.К. Қазақ тілі. Лексика. Фонетика. Морфология. Синтаксис. Алматы: Атамұра, 2006. 335 б.

5. Бектұров Ш.К. Қазақ тілінің қолданбалы грамматикасы. Астана; Фолиант, 2003. 247 б.

6. Қазақтың мақал-мәтелі. Жинап, құрастырған Ө.Тұрманжанов. Алматы, 1980.352 б.

7. Қамзебаева Р.Е., Әділбекова А.М.. Қазақша үйренейік. Атадан мирас. Тіл дамыту құралы. Астана,2002. 171 б.

8. Қамзебаева Р.Е. Грамматикалық минимум - қазақ тілін үйренушілерге көмек. Алматы, 2004. 78 б.

9. Құлажанов Қ.С., Камзебаев Қ.К., Бектұров Ш.К., Бөпішева Б.С. Тамақ өнеркәсібі және тұрмыстық қызмет мамандарына арналған қазақ тілі. Алматы: АТУ баспасы, 2003. 370 б.

10. Құлмағамбетова Б., Елемесова Ж. Қазақ тілін үйренушілерге көмек. Алматы;Рауан, 1990. 208с.

11. Рыспаева Г. Қазақ тілі. Грамматикалық анықтағыш. Алматы: Сөздік-Словарь, 2000. 192 б.

12. Тажбағамбетова С.Е., Ахметова Қ.К. Формообразование в казахском языке. Алматы, 1999. 47с.

13. Шота Қ.Н., Тажбагамбетова С.Е. Қазақ тілі пәні бойынша бақылау жұмыстарының үлгілері. Алматы, 1999. 42 б.

## 11-тақырып

**Грамматика: Жалпы және жалқы зат есім**

**Лексика. Менің елім - Тәуелсіз Қазақстан**

**Сабақтың мақсаты:** Қазақстан Республикасында тұратын әрбір азамат өзінің елі туралы көп білгені жөн. Сондықтан тақырып бойынша алған мәліметтерден әр студент, мемлекеттің қазіргі жағдайы, дамуы жөнінде және халқы, оқу орындары, мәдениет орталықтары туралы әңгіме құрастыра алуы керек.

### Грамматикалық тапсырмалар

1. Дайте определение понятиям: *жалқы и жалпы зат есімдер*.
2. Приведите примеры *дара, туынды и күрделі етістіктер*.
3. Аналитические формы глаголов. Приведите примеры.
4. Вспомогательные глаголы в казахском языке: их роль и значение.
5. Расскажите о форме глагола *көсемше*, расскажите об *өткен шақ көсемше*.
6. Расскажите о залоговой форме глагола - *өзгелік етіс*.
7. Как образуется *өзгелік етіс*, что означает эта форма глагола?

### Жаттығулар

**1- жаттығу.** Жалқы зат есімдерді оқыңыз, орыс тіліне аударыңыз.

Мемлекет, Қазақстан Республикасы, ел, халық, тұрғындар, ұлт, өкіл, Жоғарғы сот, Ұлттық экономикалық университет, "Нұр Отан" халықтық демократиялық партиясы, партия мүшелері, мерзімді басылымдар, Баспасөз күні, Білім күні, Білім және ғылым министрлігі, студент, оқытушы.

**2- жаттығу.** Найдите *дара және туынды* етістік. Образуйте два столбика и выпишите.

Жазу, ойлау, келу, әктеу, достасу, сату, басқару, теру, істеу, оқу, тоқу, байлау, қателесу, тілдесу, жасау, үйрену, шегелеу, сәлемдесу, іздеу, қыдыру, жеу, тістеу, атау.

**3- жаттығу.** Найдите *көмекиі етістік* в предложениях.

Сабаққа барып кел. Қыздар билеп, ән салады. Кішкентай балалар да сүрет салады. Астанада әдемі үйлер салынып жатыр. Аяқ киім аяғына тар болды. Ағам бұл жұмысты ермек етті. Бір жігіт мына қызға көз салды. Студенттер компьютер залында сабақ орындап отыр. Жаңбырдан соң үсті-басы су болды.

**4- жаттығу.** Проспрягайте следующие деепричастия в прошедшем времени

Келу, бару, ұйықтау, тапсыру, орындау, ояну(проснуться), сөйлесу.

**5- жаттығу.** Переведите глаголы в скобках на казахский язык и поставьте их в *өзгелік етіс* (понудительный залог)

Оқытушы балаларға шығарма (заставил написать). Шешесі қызына шаң (попросила вытереть). Қонақтар маған өлең (попросили спеть). Ол маған портрет (попросил нарисовать). Біз Зәуреге ащы дәрі (заставили выпить). Меруерт маған палау (заставила съесть). Ол маған темекі (не разрешает курить). Ол мені ұзақ (заставил ждать). Әкесі баласына кітап (заставляет читать).

### **Сөйлеу мәдениетін жетілдіру**

Вы должны уметь:

- составить устный рассказ о Казахстане;
- составить рассказ об административном делении Казахстана;
- составить рассказ о природных богатствах Казахстана.

**1-жаттығу.** Мәтінді оқып аударыңыз. Прочитайте текст, переведите.

Менің елім - тәуелсіз Қазақстан. Мен - Қазақстан азаматымын. Мен осы жерде туып өстім. Менің ата-бабам да осы жерде туып өскен. Қазақстан жері мол, мұнда биік тау да, терең көл де, шөл дала да, шалқыған өзен де бар. Кең дала! Менің сүйікті отаным! Қайда жүрсем де елімді сағынамын.

Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше. Енді Дүниежүзілік сауда Ұйымына мүше болуға дайындық жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Көп ұлт өкілдерімен тату-тәтті тұрып жатқан елімнің қасиеті көп. Тәуелсіздік алу үшін еліміз көп күрескен, қиын кезеңдерден өткен. Бірақ еліміз арманына жетті. Бүгін Қазақстан дамыған мемлекет. Елімнің жер қойнауы бай, даласы алтын астыққа толы, халқы - еңбекқор, берекелі.

Қазақстанның табиғаты да дүние жүзіне әйгілі. Іле Алатау етегіндегі сұлу Алматы, Сарыарқаның төріндегі - Астанамыз, асыл металды байлық еткен шығысымыз, көмірдің орталығы Қарағанды, Қаратау етегіндегі Тараз, аңызға толы сұлу Көкше, орманды Петропавл, өзендері мол Павлодар, сияқты қалалары бар.

Қазақстан көп елдермен шекаралас. Солтүстік, батыс, шығыс жағынан - Ресеймен, оңтүстік шығыс жағынан - Қытай, оңтүстікте - Өзбекстан, Қырғызстанмен шекаралас, оңтүстік-батыста – аз ғана жері Түркіменстанмен шектеседі. Осы елдердің ұлт өкілдері де Қазақстанда тұрады.

Менің елімнің болашағы жарқын! Менің Отаным, алтын бесігім, жасай бер!

### **Сұрақтарға жауап беріңіздер:**

1. Сенің Отаның қалай аталады?
2. Сен Отаныңды сүйесің бе?
3. Сен қай елде тудың?
4. Қазақстан - қандай мемлекет?
5. Еліміз қандай ұйымға мүше?
6. Енді қай ұйымға мүше болмақ?
7. Қазақстанның ірі қалалары қандай, қайда орналасқан?
8. Қазақстанның негізгі халқы кімдер?
9. Биыл тәуелсіздіктің неше жылдығы аталып өтіледі?
10. Қазақстанда қанша ұлт өкілдері тұрады?

**2-жаттығу.** Қазақстан Республикасы туралы төмендегі мәліметтерді есте сақтаңыздар.

1. 1991 жылғы 2 қазан күні ғарышқа тұңғыш қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіров көтерілді.
2. 1991 жылғы 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасы тәуелсіздікке ие болған күні.
3. 1992 жылғы 2 наурыз – Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымына (БҰҰ) мүше болып қабылданды.
4. 1993 жылғы 15 қараша – Республика Президентінің жарлығымен ұлттық валюта – теңге айналымға енгізілді.
5. 1995 жылғы 30 тамызда еліміздің жаңа Конституциясы қабылданды.
6. 1997 жылғы 10 желтоқсанда Ақмола қаласы – ресми астана болып белгіленді.
7. 1998 жылғы 10 маусымда жаңа астананың ресми тұсаукесері болып өтті.
8. 2001 жыл – Қазақстан Республикасының 10 жылдық мерейтойы.
9. 2003 жыл – Қазақстан Республикасында Дүниежүзілік Дін басшыларының кездесуі
10. 2006 жыл - Қазақстан Республикасының 15 жылдық мерейтойы.
11. 2010 жыл – Қазақстан Еуропа ..... (ЕЫҚҰ) басқарды
12. 2010 жыл – 1 – 2 желтоқсан – Астана қаласында Қазақстан... Саммиті өтті. Осы жиынға 56 мемлекет басшылары келіп Декларацияға қол қойды.
13. 2011 жылы 30 – 6 ақпан күндері VII Азиялық ойындары (Азиада) өтті.
14. 2011 жылғы 16 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне 20 жыл.

**3- жаттығу.** По карте Казахстана ответьте на вопросы.

1. Қазақстанның жер көлемі қандай?
2. Қазақстан қай өңірде орналасқан?
3. Қазақстанда қанша облыс бар?
4. Астана қаласы қай жерде орналасқан?
5. Қазақстанда қандай теңіздер бар?
6. Қазақстанның қай қалалары екі материкте орналасқан?
7. Қазақстан пайдалы қазбаларға бай ма?
8. Мұнай Қазақстанның қай жерінде табылды?
9. Көмір орталығы қандай қала?
10. Бидай, астық Қазақстанның қай жерінде өсіріледі?

**4-жаттығу.** Выучите эти пословицы наизусть.

1. Отансыз адам - ормансыз бұлбұл.
2. Ел-елдің бәрі жақсы, өз елің бәрінен де жақсы.
3. Ата қоныс - алтын мекен.
4. Отанды сүю - отбасынан басталады.
5. Тұлпар тегін табар, ер жігіт елін табар.
6. Отан - елдің анасы, ел - ердің анасы.
7. Туған жер - тұғырың, туған ел - қыдырың.
8. Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас.
9. Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық.
10. Алыс сапар ақыл қосар.

*5-жаттығу.* Переведите мини-тексты на казахский язык.

### **Территория Казахстана**

Площадь Республики Казахстан составляет 272,5 млн. квадратных километра. Казахстан по площади:

- занимает 9-ое место в мире, 2% - от территории земного шара, 3-е место в Азии или 6,1% от территории Азии;
- длина границ Казахстана составляет 13 331 километр;
- по территории Казахстан среди стран СНГ занимает второе место после России;
- среди 180 членов ООН Казахстан на 9 месте.

### **Население Казахстана**

В Казахстане проживают свыше 15 млн человек, представители более 130 национальностей и народностей.

### **Государственный строй Республики**

По административному делению в Казахстане 14 областей и два города республиканского значения (Алматы и Астана).

### **Язык**

В соответствии с Конституцией Республики Казахстан (ст. 7) и Законом РК «О языках в Республике Казахстан» (ст. 4) государственным языком республики является казахский язык, русский язык является официальным языком (ст.5)..

### **Президент**

Президент Республики Казахстан является главой государства, его высшим должностным лицом (Конституция РК, ст. 40).

### **Парламент**

Парламент Республики Казахстан является высшим представительным органом Республики, осуществляющим законодательные функции (Конституция РК, ст. 49). Парламент состоит из двух Палат: Сената и Мажилиса.

### **Правительство**

Правительство осуществляет исполнительную власть Республики Казахстан, возглавляет систему исполнительных органов и осуществляет руководство их деятельностью (Конституция РК, ст. 64)

### **Суды и правосудие**

Правосудие в Республике Казахстан осуществляется только судом (Конституция РК, ст. 75). Судебная система Республики устанавливается Конституцией Республики и конституционным законом.

В соответствии с законом судами Республики являются Верховный суд

Республики и местные суды.

*6-жаттығу.* Откройте скобки и поставьте глаголы в *өзгелік етіс*.

1. Бүгін Парламент төрағасы кезекті отырыс (провел). 2. Депутат өзінің сауалына жауап (попросил дать). 3. Құттықтауды Елбасы атынан төраға (передал). 4. Бұл мәселені мәжіліс төрағасы ертеңге (оставил). 5. Қала көлігінің проблемалары туралы әкімшілік жиналысын қала Әкімі сағат 11-00-де (попросил начать). 6. Жиналыста Әкім қала басшыларын (заставил говорить). 7. Заңның бірінші жобасын бүгін (попросили заслушать).

*7-жаттығу.* Прочитайте, выучите стихотворение.

### Туған жер

Шықшы тауға, қарашы кең далаңа:  
Мәз боласың, ұқсайсың жас балаға,  
О шеті мен бұ шетін жүгірсең,  
Шаршайсың ба, құмарың бір қана ма?

Уа, дариға, алтын бесік – туған жер,  
Қадіріңді келсем білмей, кеше гөр!  
Жата алмас ем топырағыңда тебіренбей,  
Ақын болмай, тасың болсам мен егер.

*(Қасым Аманжолов)*

## «МЕНИҢ ЕЛІМ - ҚАЗАҚСТАН» ТАҚЫРЫБЫНА ҚАТЫСТЫ СӨЙЛЕУ ҮЛГІЛЕРІ РЕЧЕВЫЕ МОДЕЛИ НА ТЕМУ «МОЯ РОДИНА - КАЗАХСТАН»

**Менің Отаным - тәуелсіз Қазақстан.** – Моя Родина – независимый Казахстан.

**Отан – отбасынан басталады.** – Родина начинается с семьи.

**Біз Отанымызды сүйеміз.** – Мы любим свою Родину.

**Кең байтақ жеріміз мол, бай, берекелі.** – Широкие просторы нашей страны обильны и богаты.

**Қазақстанның жер көлемі 2,7 млн. шаршы шақырымнан асады.** – Территория Казахстана составляет свыше 2,7 млн.кв.километров.

**Қазақстан жерінің қырық пайызы су.** – Сорок процентов земли Казахстана составляют реки, озера и моря.

**Қазақстан жерінің елу пайызы шөл.** – Пятьдесят процентов земли Казахстана составляют засушливые территории.

**Қазақстан жерінің он пайызы тау.** – Десять процентов земли составляют горы.

**Қазір Қазақстанда он төрт облыс бар.** – Сейчас в Казахстане четырнадцать областей.

**Қазақстан экономикасы жоғары деңгейде.** – Экономика Казахстана на высоком уровне.

**Қазақстан Біріккен ұлттар ұйымының мүшесі.** – Казахстан – член ООН.

**Қазақстанды дүние жүзіндегі 150 ел таныды.** – Қазақстан признан 150 странами мира.

**Қазақстан дүние жүзіндегі дамыған елу елдің қатарына кіруі керек.** – Қазақстан войдет в число 50 высокоразвитых государств мира.

**Қазақстан пайдалы кендерге бай мемлекет.** – Қазақстан богат природными полезными ископаемыми.

**Қазақстан 2011 жылы Кеден Одағының мүшесі болмақ.** – Қазақстан в 2011 году будет членом Таможенного Союза..

### **Жазбаша тапсырма**

Напишите сочинение «Наш молодой свободный Казахстан».

### **Тақырыпты қорытындылауға арналған тест**

#### ***1.Қай сөз жалпы зат есім?***

- A) мемлекет
- B) "Ер тарғын" операсы
- C) "Жас алаш" газеті
- D) Астана қаласы
- E) Алматы қаласы

#### ***2.Қай сөз жалқы зат есім?***

- A) өзен
- B) Алатау тауы
- C) оқулық
- D) көше
- E) алаң

#### ***3.Туынды етістік қайсысы?***

- A) шығу
- B) басқару
- C) салу
- D) беру
- E) болу

#### ***4.Сын есімнен туынды етістік жасалған,ол қайсысы?***

- A) түнеу
- B) босау
- C) ағару
- D) істеу
- E) айту

#### ***5.Күрделі етістік қайсысы?***

- A) жасару
- B) ақылдасу
- C) жазалау
- D) сәлемдесу
- E) сөз беру

#### ***6.Етістіктің аналитикалық түрі қайсысы?***

- A) тамақ пісіру

- В) айтып шықты
- С) жаяу жүру
- Д) ойлану
- Е) жұмыс істеу

**7. Көмекші етістіктер қайсысы?**

- А) е, деу
- В) асты, үсті
- С) әрі, бері
- Д) ол, олар
- Е) мен, біз

**8. Көсемшенің сұрақтары қайсысы?**

- А) не істер? қалай?
- В) не істемек? қай?
- С) не істеді? не істегілі отыр?
- Д) не істеді? не істемеді?
- Е) қашаннан бері? нешеу?

**9. «оқығалы келді» сөз тіркесін қазақ тіліне аударыңыз.**

- А) ушел учить
- В) пришел научить
- С) пришел и читает
- Д) пришел учиться
- Е) намерен выучить

**10. Қай сөйлемде көсемше бар?**

- А) Ол бүгін не істеген?
- В) Пойыз кеше келген
- С) Мен кеткелі отырмын
- Д) Ол ертең де сабаққа бармайды
- Е) Әкесі баласымен ұзақ әңгімелесті

**11. Нүкте орнына қажетті көсемшені қойыңыз: Балалар жаңа жылды ... күтеді.**

- А) тез
- В) баяу
- С) жылдам
- Д) асыға
- Е) бару

**12. Қай жұрнақ қажет? Мен ініме өлең айт...дым.**

- А) -дыр
- В) -дір
- С) -қыз
- Д) -кіз
- Е) -т

**13. Сөйлемді аяқтаңыз. Еліміздің табиғаты бір-біріне ... .**

- А) ұқсамайды
- В) асады
- С) көбейді



- D) айналады
- E) дамыған

**14. Қазақстан Республикасы (многонациональное) мемлекет?**

- A) егеменді
- B) тәуелсіз
- C) еркін
- D) көп ұлтты
- E) халықтық

**15. Қазақтар бұрын (кочевники) болған. Жақшаны ашыңыз.**

- A) бостандық
- B) көшпенді
- C) көшпелі
- D) тату-тетті
- E) бейбіт

**16. Қазақстан тәуелсіздігін қай жылы алды?**

- A) 1917 жылы 25 қазан
- B) 1931 жылы 1 қаңтар
- C) 1985 жылы 1 маусым
- D) 1989 жылы 21 қыркүйек
- E) 1991 жылы 16 желтоқсан

**17. Қазақстан БҰҰ қай жылы мүше болды?**

- A) 1922 жылы 5 тамыз
- B) 1939 жылы 1 ақпан
- C) 1989 жылы 17 шілде
- D) 1992 жылы 2 наурыз
- E) 1999 жылы 21 желтоқсан

**18. Көп нүкте орнына қажетті сөзді қойыңыз.**

**Қазақстан Республикасы көп ұлтты, ..., егемен мемлекет**

- A) қазақ халқы
- B) қазақ ұлты
- C) туған жер
- D) тәуелсіз
- E) саяси

**19. Қай сөйлемде етістіктің жеке түрі 1-жазғы пайдаланған?**

- A) Ол Қазақстан Республикасының азаматы
- B) Сен Қазақстан Республикасының азаматысың
- C) Мен Қазақстан Республикасының азаматымын
- D) Біз Қазақстан Республикасының азаматымыз
- E) Олар Қазақстан Республикасының азаматы

**20. Ел, Отан туралы мақалды көрсетіңіз.**

- A) Бірлік болмай-тірлік болмас
- B) Бірлескен бітіреді, ұйымдасқан ұтады
- C) Бірліксіз істе, береке жоқ
- D) Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас
- E) Бірлік еткен озар, бірлеспеген тозар

## 12-тақырып

**Грамматика: Өткен шақ есімше. Есімдік түрлері**

**Лексика: Ел рәміздері**

**Сабақтың мақсаты:** Әр мемлекеттің міндетті түрде өзінің рәміздері болады. Қазақ елінің рәміздері ежелгі заманнан пайда болған. Бұрынғы және қазіргі рәміздерді білу - Қазақстанның әр азаматының парызы. Сондықтан осы тақырып ел рәміздерін, олардың авторларын, құрамын, бейнесін білуді көздейді. Сонымен қатар грамматикалық тапсырмаларды пысықтау қажет.

### Грамматикалық тапсырмалар

1. Как образуется *ауыспалы өткен шақ есімше*? Приведите примеры.
2. Есімдік және оның түрлері. Расскажите подробно о каждом из местоимений:
  - а. Жіктеу есімдіктері.
  - ә. Сілтеу есімдіктері.
  - б. Өздік есімдіктері.
  - в. Жалпылау есімдіктері.
  - г. Болымсыздық есімдіктері.
  - ғ. Белгісіздік есімдіктері.
  - д. Сұрау есімдіктері.

### Жаттығулар

**1- жаттығу.** Ауыспалы өткен шақ есімшенің жұрнақтары *-атын, -етін, -йтын, -йтін* болады.

**№ 1 тапсырма:** *Поставьте необходимые суффиксы причастия переходного времени:*

Атам маған ылғи айт... . Бұрынғы көршілеріміз біздің үйге кел... . Әжем терезені үнемі жап(б)... . Алматыға бар... пойыз екінші жолда тұр. Аяз ата бізге сыйлық әкел... . Балалар ойн... жер үлкен бол... .

**№ 2 тапсырма.** Переведите на казахский язык.

Это город, в котором я жил. Это школа, в которой учился мой отец. Моя бабушка носила этот браслет. Часы, которые продаются в магазине, швейцарские. Вы не скажете, в котором доме живет Нұрбол? Это автобус, который пойдёт на турбазу. Это девушка, которая сплет народные песни. Это женщина, проживающая в нашем доме.

**2- жаттығу.** Распределите местоимения по разрядам.

Өзім, неше, қашан, бірнеше, маған, саған, барша, әркім, әрбір, әрқайсысы, ештеңе, дәнеме, Сіз, сіздер, олар, эне, міне, менің, сенің, әлдекім, бірталай, бірдеме, кім, нелер, әлдеқайда, бүкіл, ешқайсысы, сені, оны, оған, сендер, не, осы, анау, мынау, әркім, нешесі, қаншасыншы, одан, бізге, күллі, әрбір, ешбір, бүтін, түгел, әрдайым, әнеки, өздерің, әлдеқайдан, сонау, сол, осы, міне, бірде-бір, қай.

**3-жаттығу.** Мына мақалдарды жаттап алыңыздар.

Ел іші - алтын бесік.

Жері байдың - елі бай.  
Ел ұлсыз болмас, жер гүлсіз болмас.  
Елмен көрген - ұлы той.  
Өнерлі елдің - оты сөнбес.  
Көптің қолы көкке жетеді.  
Көп күлкісі күннен де жылы.

### **Сөйлеу мәдениетін жетілдіру**

Вы должны знать:

- государственные символы Республики Казахстан, даты их утверждения и авторов;
- музыку и текст государственного гимна Республики Казахстан.

## **Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ӘНҰРАНЫ**

*сөзі: Жүмекен Нәжімедінов, Нұрсұлтан Назарбаев  
әні: Шәмші Қалдаяқов*

Алтын күн аспаны,  
Алтын дән даласы,  
Ерліктің дастаны,  
Еліме қарашы!  
Ежелден ер деген,  
Даңқымыз шықты ғой.  
Намысын бермеген,  
Қазағым мықты ғой!

*Қайырмасы:*

*Менің елім, менің елім,  
Гүлің болып егілемін,  
Жырың болып төгілемін, елім!  
Туған жерім менің – Қазақстаным!*

Ұрпаққа жол ашқан  
Кең байтақ жерім бар,  
Бірлігі жарасқан  
Тәуелсіз елім бар.  
Қарсы алған уақытты  
Мәңгілік досындай.  
Біздің ел бақытты  
Біздің ел осындай!

*Қайырмасы:*

*Менің елім, менің елім,  
Гүлің болып егілемін,*

*Жырың болып төгілемін, елім!  
Туған жерім менің – Қазақстаным!*

2006 жылы 7 қаңтарда Қазақстан Республикасының жаңа Мемлекеттік Әнұраны қабылданды. Қазақстандықтардың жүрегіне жол тауып, өзіндік ұлттық құндылыққа айналған Шәмші Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» әні Қазақстан Республикасының әнұраны деп жарияланды. Кезінде Жүмекен Нәжімедінов жазған ән сөзіне Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен кейбір түзетулер енгізілді.

Елбасының ұсынысы бойынша біріншіден, әнұранның мәтінде ғасырлар бойы тәуелсіздік үшін күрескен бабалар ерлігі көрініс тапты. Екіншіден, мәтінде асыл мұрамыз – еліміздің кең байтақтығы, үшіншіден, жер мен ел байлығы біздің ұрпақтарымыздың болашағына айқын жол ашатыны көрініс тапқан. Ең бастысы – тәуелсіздігіміздің алтын дінгегі – ел бірлігі баса айтылған.

### **Қазақстан Республикасының Елтаңбасы**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы Қазақстан Республикасының негізгі мемлекеттік рәміздерінің бірі. ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық заң күші бар Жарлығымен бекітілген.

1992 жылы 4 маусымда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы қабылданды.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының авторлары: Мәлібеков Жандарбек Мәлібекұлы мен Уәлихан Шот-Аман Ыдырысұлы. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасында көгілдір түс аясында шаңырақ бейнеленген, шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап уықтар шашылған, оны аңыздардағы пырақтар қанаты көмкеріп тұр. Елтаңбаның жоғарғы жағында бес бұрышты жұлдыз, ал төменгі жағында «Қазақстан» деген жазу бар.

### **Қазақстан Республикасының Туы**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы Қазақстан Республикасының негізгі мемлекеттік рәміздерінің бірі. ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» конституциялық заң күші бар Жарлығымен бекітілген.

1992 жылы 4 маусымда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы қабылданды.

ҚР Мемлекеттік Туының авторы: суретші Шәкен Оңласынұлы Ниязбеков.

Мемлекеттік ту – көгілдір түсті тік бұрышты кездеме. Оның ортасында шұғылалы күн, күннің астында қалықтаған қыран бейнеленген. Ағаш сабына бекітілген тұста ұлттық оюлармен кестеленген тік жолақ өрнектелген. Күн, шұғыла, қыран және ою-өрнек алтын түсті. Геральдика (гербтану) тілінде көк түс және оның түрлі реңкі адалдық, сенімділік, үміт сияқты адамгершілік қасиеттерге сай келеді.

## Қазақстан Республикасының Конституциясы

1993 жылғы 28 қаңтарда – Қазақстан Республикасының тұңғыш Конституциясы қабылданды.

1995 жылғы 30 тамызда еліміздің жаңа Конституциясы қабылданды.

Конституция 9 бөлімнен, 98 баптан тұрады.

1995 жылғы Конституцияға сәйкес Қазақстан Республикасы – демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік, президенттік басқару жүйесіндегі біртұтас мемлекет.

2007 жылы Конституцияға өзгертулер енгізілді. Конституцияға сәйкес Республика билігі Президенттік-Парламенттік деп жарияланды.

**2010 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Елбасы деген лауазымға ие болды.**

**4-жаттығу.** Сұрақтарға жазбаша түрде жауап беріңіздер.

- 1) Геральдика дегеніміз не?
- 2) Геральдика нені зерттейді?
- 3) Біздің рәміздерде дүние жүзілік геральдиканың қандай элементтері бар?
- 4) Конституцияның қай бабында рәміздер туралы айтылған?
- 5) Мемлекеттің тағы қандай рәміздері бар?

**Жазбаша тапсырма**

«Бәйтерек - ел рәмізі» тақырыбына шығарма жазыңыздар.

## Тақырыпты қорытындылауға арналған тест

**1. Көптік жалғау жалғанбайтын зат есімдер қайсысы?**

- A) жұлдыз, ай
- B) кітап, дәптер
- C) су, ауа
- D) бүркіт, бұлбұл
- E) аяқ киім, бас киім

**2. Признаки глагола и имени прилагательного относятся к:**

- A) есімше
- B) көсемше
- C) үстеу
- D) зат есім
- E) есімдік

**3. Есімшенің болымсыз түрін табыңыз:**

- A) ойлағансыз
- B) ойламаспын
- C) ойлармын
- D) ойламақпыз
- E) ойладың

**4. «Әкем маған бұл әңгімені жиі айт...». Добавьте нужный суффикс из данных:**

- A) -ды
- B) -ті
- C) -атын

D) -етін

E) -йтін

**5. «Университет в котором я учусь» . Дұрыс аудармасын табыңыз:**

A) Мен университетте оқимын

B) Мен оқыған университет

C) Мен оқитын университет

D) Мен университетте оқимын

E) Мен университетте оқыдым

**6.Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз: «Ақыл - ...тон».**

A) кетпейтін

B) келмейтін

C) жатпайтын

D) тозбайтын

E) білмейтін

**7. Қай сөйлем-мақал?**

A) Келсең – кел.

B) Күлсе - күле берсін.

C) Ас - дәмді болсын.

D) Ел - тоқ болсын.

E) Көрмес түйені де көрмес.

**8. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туының түсі қандай?**

A) көгілдір

B) жасыл

C) қызыл

D) сары

E) ақ

**9.Тудың ортасында не бейнеленген?**

A) ай

B) күн

C) жұлдыз

D) қыран

E) барс

**10.Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасының негізі не?**

A) үй

B) ту

C) шаңырақ

D) құс

E) өрнек

**11.Шаңырақ –қай сөзге синоним?**

A) адамдар

B) отбасы ошағы

C) адал еңбек

D) жақсы өнер

E) пайдалы қазбалар

**12.Елтаңбаның авторлары кім?**

- A) Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уалиханов
- B) Мұқтар Әуезов, Мұқан Төлебаев
- C) Шәкен Ниязбеков, Қадыр Мырзаәлі
- D) Мәлібеков Жандарбек, Уәлихан Шот-Аман Ыдырысұлы
- E) Латиф Хамиди, Евгений Брусиловский

**13. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұранының авторлары кім?**

- A) Нәжімединов Жүмекен, Нұрсұлтан Назарбаев, Шәмші Қалдаяқов
- B) Қадыр Мырзаәлі, Мұзафар Әлімбаев
- C) Ыбырай Алтынсарин, Мұқтар Әуезов
- D) Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев
- E) Тұманбай Молдағалиев, Жадыра Дәрібаева

**14. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасының түсі қандай?**

- A) қызыл
- B) жасыл
- C) түрлі түсті
- D) көгілдір
- E) сары

**15. Елтаңбаның төменгі жағында қандай жазу тұр?**

- A) Елтаңба
- B) Қазақстан
- C) Астана
- D) Елорда
- E) Жұлдыз

**16. Қазақстан Республикасының рәміздері қайсысы?**

- A) ел, халық, отан
- B) ауыл, аудан, аумақ
- C) елтаңба, ту, әнұран
- D) бүркіт, қыран, бұлбұл
- E) адам, адамзат, әлем

**17. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туының авторы кім?**

- A) Ниязбеков Шәкен
- B) Шаханов Мұқтар
- C) Мәлібеков Жандарбек
- D) Уалиханов Шота
- E) Дәрібаева Жадыра

**18. Ел рәміздеріндегі алтын түс ненің белгісі?**

- A) көпшіліктің
- B) молшылықтың
- C) күштіліктің
- D) білімділіктің
- E) басшылықтың

**19. Тудың көлемі қандай?**

- A) ені - 1 метр, ұзындығы - 2 метр
- B) ені - 1 метр 20 см, ұзындығы - 1 метр 50 см
- C) ені - 1 метр 50 см, ұзындығы - 1 метр 70 см

- D) ені мен ұзындығы - 2 метрден
- E) ені - 2 метр, ұзындығы - 2 метр 50 см

**20. Қазақстан Республикасы қандай мемлекет?**

- A) егеменді тәуелсіз
- B) біртұтас
- C) ұлттық
- D) халықтық
- E) Халықаралық

**13-тақырып**

**Грамматика: Ырықсыз етіс**

**Лексика: Тарихи астаналар. Астана қаласы**

**Сабақтың мақсаты:** Қазақстан Республикасының бай тарихын әр студент білуі қажет. Сондықтан тақырып негізінде еліміздің ежелгі заманнан келе жатқан қалаларын білейік. Кейбір қалалар осы күнге дейін дамып келе жатқан қалалар. Грамматикалық тақырып бойынша ырықсыз етіс беріліп отыр, осы форманы әр түрлі жаттығу арқылы пысықтау көзделеді.

**Грамматикалық тапсырмалар**

**Сұрақтарға жауап беріңіздер.**

1. Етістіктің неше шақ түрі бар?
2. Өткен шақтың неше түрі бар?
3. Жедел өткен шақ қалай жасалады?
4. Жедел өткен шақ жұрнақтары қай заңдарға сәйкес жалғанады?
5. Қазақ тілінде неше етіс категориялары бар?
6. Ырықсыз етіс категориясы туралы айтып беріңіздер:
  - ол нені білдіреді?
  - жұрнақтары қандай?
  - жұрнақтан соң не келеді?

**Жаттығулар**

**1-жаттығу.** Переведите на русский язык следующие предложения. Подчеркните глаголы в ырықсыз етіс.

1. Сен жүзу бассейніне жазылдың ба? 2. Дәрі сырқат адамға берілген. 3. Дәрі дәріханада тез әзірленді. 4. Баяндама екі сағат оқылды. 5. Жиналыс уақытында басталды. 6. Жиналыста көп мәселелер қаралды. 7. Біздің отбасымыз осы газетке жазылды. 8. Бұл кітап екі рет оқылды. 9. Әжем осы емханада емделеді. 8. Жарыста біздің студенттеріміз жеңілмеді. 10. Кездесуде көп әңгіме айтылды.

**2-жаттығу.** Мәтіндерді орыс тіліне аударыңыздар.

**Қазақстан - көне қоныс**

Қазақстан жерін бұдан 300 мың жыл бұрын ежелгі адамдар мекендеген. Тас дәуірі кезінде мал шаруашылығымен айналысатын тайпалар бөлініп



шығады. Бұл тайпалар парсы тілінде сақтар деп аталады, ал грек жазуларында бұларды скиф депті. Ежелгі адамдар Жетісуда - Шу өзенінен бастап, Балқаштан Ыстық көлге дейін мекендеген.

**Үйсін мемлекеті.** Олар Қаратау аймағы мен Сырдарияның бойында, Арал теңізінің жағалауында Каспий теңізінің солтүстік жағалауына дейін мекендеген. Үйсін жерімен ұлы "Жібек жолы" өтті.

VI ғасырдан бастап феодалдық қатынастар дамыды. Осы кезде тұңғыш феодалдық мемлекет - Түркі қағандығы құрылды. VIII ғасырдың бас кезінде Іле мен Шу өзенінің аралығында Түргеш қағандығы және Қарлұқ қағандығы құрылды. Осыдан кейін түркі тайпалары (қимақтар мен қыпшақтар) мекендейді.

Қазақстан көнеден келе жатқан түркі халықтарының мекені болған.

**3- жаттығу.** Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Қазақстан жерін адамдар қашан мекендеген?
2. Қазақстан жерін адамдар қай дәуірде мекендеген?
3. Олар немен айналысқан?
4. Ежелгі адамдар қай жерде мекендеген?
5. Үйсін мемлекеті қай жерде мекендеген?
6. Үйсін жерімен не өтті?
7. VI ғасырда қандай қатынастар дамыды?
8. VIII ғасырдың бас кезінде қандай қағандықтар құрылды?
9. Қазіргі Қазақстанның жері қандай халықтардың мекені болған?

**4-жаттығу.** Мына мақал-мәтелдерді түсініп, жаттаңыздар.

1. Ата қоныс – алтын мекен.
2. Туған жер – тұғырың, туған ел – қыдырың.
3. Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас.
4. Отансыз адам – ормансыз бұлбұл.
5. Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық.
6. Ел-елдің бәрі жақсы, өз елің бәрінен де жақсы.
7. Ата мекен – анаң екен, қысылғанда панаң екен.

**5-жаттығу.** Оқыңыз. Есте сақтаңыз.

### **Қазақстан картасы**

Алматы – абат, оңтүстік астана.

Астана – ел жүрегі, елорда.

Ақтөбе - өлке, ақ тарысы – мол ырыс.

Атырау – мол Қазақстан мұнайы.

Жезқазған – кен, бұзылмаған қаймағы.

Көкшетау – көп көгілдер көл аймағы.

Қарағанды – қара алтынның қоймасы.

Қостанай – құт, қызыл бидай қамбасы.

Қызылорда – күрішті Сыр сағасы.

Орал – көне Ақ Жайықтың жағасы.

Өскемен - өр, шығыста Алтай аясы.

Павлодар – Қара Ертістің саясы.

Петропавл – орманды солтүстігім.

Семей – аңыз, Шыңғыстаудай қорғанды.  
Тараз – көне қала, аңызға мол өңір.  
Талдықорған – жер жаннаты, көк сулары.  
Шымкент – ыстық, мақталы оңтүстігім.

### **Сөйлеу мәдениетін жетілдіру**

Вы должны знать:

- названия бывших столиц Казахстана;
- историю столиц Казахстана;
- историю новой столицы Казахстана – город Астану.

*1-жаттығу.* XX ғасырда Қазақстанның астанасы болған қалалар:

1. Орынбор (1920-1925 жж)
2. Ақмешіт (Қызылорда) (1925-1929 жж)
3. Алматы (1929-1997 жж)
4. Астана (1997 жылдан бастап)

### **Орынбор қаласы**

Орынбор қаласы - Қазақстанның алғашқы астанасы. 1920 жылы Қазақстан Ресей Федерациясының автономиялық республикасы болып жарияланды. Орынбор қаласы Қазақстанның орталығы болды. Орынбор қаласының маңы мызғымас қазақ жері болатын.

1731 жылы Әбілқайыр хан Қазақстанның Ресей азаматтылығын алу туралы Жарлыққа қол қойды. Осылай Орынбор бекінісі, Ресейге бүкіл Орталық Азияны билеуге жол ашты. Орынбордағы кадет корпусында отыздан астам қазақ жігіттері оқыған. Олардың ішінде Халел Досмұхамедов, ағайынды Сейдалиндер және тағы басқа қазақтың зиялылары оқыған. Осы қалада қазақтың алғашқы мерзімді басылымы «Айқап» журналы шыққан.

Орынбор қаласында Ахмет Байтұрсынов, Сәкен Сейфуллин, Міржақып Дұлатов, Мұстафа Шоқай сияқты қазақтың атақты ғалымдары еңбектерін шығарған.

### **Қызылорда қаласы**

1925 жылғы наурыз айында Қазақстанның астанасы Ақмешіт қаласына аударылды, соңынан бұл қалаға Қызылорда аты берілді. Сол кездегі Сырдария өңірі керемет бай, мол жер болатын. Сырдария өзені жергілікті халықтың өмір көзі болған. Осы қалаға Қазақстанның түкпір-түкпірінен білімді адамдар жиналды, олар қоғам қайраткерлері, мәдениет, білім өкілдері. Мұнда Әліхан Бөкейханов, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров қызмет еткен. Қалада қазақ тарихындағы алғашқы қазақ музыка театры ашылды. Алғашқы қойылымы М.Әуезовтың «Еңлік-Кебек» атты трагедиясы болды. Кейін және осы күнге дейін М.Әуезов атындағы театрдың жаңа театрлық маусымы осы қойылыммен ашылады. Бұл театрда көп жылдар бойында Қалыбек Қуанышпаев, Серке Қожамқұлов, Шара Жиенқұлова өз өнерлерімен елді қуантқан.

### **Алматы қаласы**

1929 жылы Қазақстанның астанасы Қызылорда қаласынан Алматы қаласына көшірілді. Тау бөктерінде орналасқан сұлу Алматы қаласы, енді ел астанасы болды. Бұл қаланың тарихы өте қызық. Қаланың алғашқы аты «Алмалық» болған. Орыс патшасының жарлығымен оның орнына жаңа бекініс салынған. 1867 жылдың сәуір айының 11-нен бастап ол Верный қаласы деп аталды.

1921 жылдың 5 ақпанында Алматы қаласы деп қайта атала бастады.

Алматы қаласы 1997 жылғы 10 желтоқсан күні астана атағын Қазақстанның жаңа елордасы Ақмола қаласына берді.

Қазір Алматы Қазақстан Республикасының ең ірі қаласы. Алматыда 1,5 миллионнан астам халық тұрады. Бұл қаланы Қазақстанның ғылым, мәдениет, қаржы орталығы деп атайды. Алматыда көптеген құрылыс алаңдарында жаңа үйлер, ғимараттар бой көтеріп жатыр. Соңғы жылдары қалада «Мега-Алматы» атты сауда-ойын-сауық кешені, «Нұрлы тау» бизнес орталығы, «Алматы қаржы орталығы» пайда болды. 2011 жылы Алматыда Орталық Азияның Қысқы ойындары (Азиада) өтті.

### **Астана қаласы**

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін, қоғамды реформалау барысында астананы Алматыдан Ақмолаға көшіру идеясы туды.

- 1994 жылғы 6 шілдеде Жоғарғы Кеңес депутаттары астананы Ақмола қаласына көшіру туралы шешім қабылдады.

- 1995 жылғы 15 қыркүйекте Президенттің республика астанасын Ақмола қаласына көшіру туралы Жарлығы шықты.

Республика Парламенті мен Үкіметі Ақмола қаласына көшкенге дейін Алматы қаласы республика астанасы болып қала берді.

- 1997 жылғы қазан – желтоқсанда Президент әкімшілігінің, үкімет пен парламент қызметкерлерінің көші-қоны басталды.

- 1997 жылғы 9 желтоқсанда Ақмолаға мемлекеттік рәміздер эталоны және Қазақстан Президентінің байрағы жеткізілді.

- 1997 жылғы 10 желтоқсанда Ақмола – Қазақстанның ресми астанасы болып белгіленді.

- 1998 жылғы 6 мамырда Президент Ақмола қаласын «Астана» деп атауға Жарлық шығарды.

- 1998 жылғы 10 маусымда Астананың ресми тұсаукесері өткізілді.

1996 жылдың 6 қазанында Президент Жарлығымен Ақмола экономикалық аймағы құрылды. 1997 жылдың 20 қазан күнгі Президенттің «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы» Жарлығымен Ақмола қаласы ел астанасы болып жарияланды. 1998 жылы мамырдың 6-сында Елбасының Жарлығымен Қазақстан Республикасының астанасы Ақмола қаласы Астана қаласы болып аталды. Сол жылдың 10 маусымында жаңа астананың салтанатты ашылу рәсімі өткізілді. 2005 жылы Н.Ә.Назарбаевтың «Еуразия жүрегінде» атты кітабы шықты. Осы кітапта Астана қаласының астана

болуының тарихы жазылған. Елорда - Астана қаласы ХХІ ғасырда дүние жүзіндегі ең сұлу, дамыған қалаға айналады.

## «АСТАНА ҚАЛАСЫ» ТАҚЫРЫБЫНА ҚАТЫСТЫ СӨЙЛЕУ ҮЛГІЛЕРІ

### Речевые модели на тему «Астана қаласы»

**Астана қаласы дүние жүзіндегі ең сұлу қала болмақ.** – Город Астана станет самым красивым городом мира.

**Біз еліміздің кіндік қаласы Астанада тұрамыз.** – Мы живем в столице нашей Родины.

**Тәуелсіз Қазақстанның жаңа астанасы өз тарихын салтанатты ашылу рәсімімен бастады.** – Свою историю новая столица начала с презентации.

**Астана қаласында үш аудан бар.** – В городе Астана есть три района.

**Астана мәдениет, бейбітшілік және келісім орталығы.** – Астана – центр культуры, мира и согласия.

**Астанаға күнде алыс жақын шетелдерден қонақтар келеді.** – В Астану ежедневно прибывают гости из ближнего и дальнего зарубежья.

**Астананың су бұрқақтары ерекше, гүлзарлары сұлу, үйлері зәулім.** – Фонтаны Астаны особенные, цветники красивые, дома высокие.

**Менің Астанам, гүлдене бер!** – Цвети, моя Астана!

### Жазбаша тапсырма

Қазақстанның көне бір қаласы туралы шығарма жазыңыздар.

### Тақырыпты қорытындылауға арналған тест

#### 1. *Ырықсыз етістің жұрнақтары қайсы?*

- А) -ын/-ін
- В) -ыл/-іл
- С) -ыс/-іс
- Д) -ық/--ік
- Е) -ың/-ің

#### 2. *Мына етістерден ырықсыз етісті белгілеңіз:*

- А) шақырылды
- В) шақырды
- С) шақырған
- Д) шақырыпты
- Е) шақырмады

#### 3. *Құттықтау хат ...ме? Нүкте орнына қажетті етісті қойыңыз.*

- А) жібермеді
- В) жіберді
- С) жіберу
- Д) жіберілді
- Е) жібер

#### 4. *Елбасының тапсырмалары (выполнены) ма?*

- А) орындамады

- В) орындайды
- С) орындады
- Д) орындау
- Е) орындалды

**5. *Ответы на все письма были даны на прошлой неделе. Сөйлемді дұрыс құрастырыңыз.***

- А) Аптада өткен бәріне жауап берілді хаттардың келген
- В) Жауап бәріне берілді хаттардың келген өткен аптада
- С) Хаттардың жауап берілді бәріне аптада өткен келген
- Д) Өткен аптада келген хаттардың бәріне жауап берілді
- Е) Аптада бәріне өткен жауап берілді келген хаттардың.

**6. *Мақала қазақ тілінде жаз...ды. Қажетті жұрнақты жалғаңыз.***

- А)-ді
- В)-ыл
- С)-ыс
- Д)-ын
- Е)-ін

**7. *Қазақ елінің ең көне қаласы қайсысы?***

- А) Түркістан
- В) Орынбор
- С) Алматы
- Д) Тараз
- Е) Шымкент

**8. *Менің қазақ халқының тарихын.... Дополните предложение.***

- А) білімім бар
- В) білмеспін
- С) білгім келеді
- Д) білімім жоқ
- Е) білімдімін

**9. *Қазақстандағы мемлекеттік тіл...***

- А) қазақ тіл
- В) қазақтың тілін
- С) қазақта тіл
- Д) қазақ тілі
- Е) қазақпен тіл

**10. *Қазақ елі қай тілде сөйлейді?***

- А) қазақ тілінде
- В) қазақ тілінің
- С) қазақ тілін
- Д) қазақ тілімен
- Е) қазақ тілше

**11. *Мемлекеттік тіл туралы Заң қашан қабылданды?***

- А) 28 қаңтар 1990 жылы
- В) 9 ақпан 1991 жылы
- С) 25 қазан 1993 жылы

- D) 11 шілде 1997 жылы
- E) 16 желтоқсан 1998 жылы

**12. Біз қай мемлекетте тұрамыз?**

- A) егеменді
- B) көшпенді
- C) ауыспалы
- D) келер
- E) өткен

**13. Ақмола тарихы қай кезден басталады?**

- A) 1-нші ғасырдан
- B) 1830 жылдан
- C) 1833 жылдан
- D) 1836 жылдан
- E) 1837 жылдан

**14. Павлодар қаласы бұрын қалай аталған?**

- A) Қараөткіл
- B) Тобыл
- C) Қостанай
- D) Кереку
- E) Көкшетау

**15. Орал қаласы қай өзеннің бойында орналасқан?**

- A) Жайық
- B) Шу
- C) Сырдария
- D) Амудария
- E) Есіл

**16. Астана қаласының рәмізі не?**

- A) Бәйтерек
- B) Сол жағалау
- C) Мәдениет орталығы
- D) Су бұрқақтары
- E) «Думан» орталығы

**17. А.С.Пушкин және А.И.Крылов Қазақстанның қай қаласында болған?**

- A) Семей
- B) Орал
- C) Шымкент
- D) Арқылық
- E) Өскемен

**18. Орынбор қаласы қай жылдары Қазақстанның астанасы болды?**

- A) 1917–1920 ж.ж.
- B) 1920–1925 ж.ж.
- C) 1921–1927 ж.ж.
- D) 1922–1925 ж.ж.
- E) 1923–1926 ж.ж.

**19. Қызылорда қаласы бұрын қалай аталған?**

- A) Әулие ата
- B) Ақ мешіт
- C) Ақ орда
- D) Ақмола
- E) Ақтөбе

**20. Көмір орталығы қандай қала?**

- A) Қаратау
- B) Ақтау
- C) Ақтөбе
- D) Қарағанды
- E) Жезқазған

## 14-тақырып

**Грамматика: Өзгелік етіс**

**Лексика: Елбасы – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев**

**Сабақтың мақсаты:** Еліміздің тұңғыш Президенті Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өмірбаяны және Елбасының өмір жолын білу.

### Грамматикалық тапсырмалар

1. Назовите значения *етіс категориясы*.
2. Как образуется *ырықсыз етіс*? Приведите примеры.
3. Расскажите о форме өзгелік етіс. *Как образуется өзгелік етіс*?

Приведите примеры.

### Жаттығулар

**1-жаттығу.** Мына зат есімдерге шығыс септігінің жалғауларын жалғаңыздар.

Отан, ел, халық, балалық шақ, бай тіл, ел тілі, шығарма, өлең, поэзия, жазушы, ақын, драматургия, газет, журнал, теледидар, бұқаралық ақпарат құралдар (СМИ), басылым, мерзімді баспасөз, күнделікті газет, апталық газет, радио, интернет, жаң алық.

**2-жаттығу.** Мына сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыздар.

Часы сделаны из золота. Кольцо моей сестры сделано из серебра. Эта книга сделана из бумаги. Линейка сделана из пластмассы. Сок приготовлен из винограда. Дом № 11 больше дома № 13. Айдар старше Баян. Хлеб изготовлен из муки «Цесна». Из центра города до аэропорта. Из года в год. С понедельника по пятницу. Из недели в неделю. С утра до вечера. С осени до весны. Юрта изготовлена из кошмы.

**3-жаттығу.** Поставьте вопросы к следующим предложениям.

1. Ағам іссапарға барып келді. 2. Ол бүгін сабаққа бара алмады. 3. Ол асыға сөйлейді. 4. Рабиға қазақша жақсы сөйлей алады. 5. Мейіржан қазақ тілін үйренгелі жүр. 6. Сабақ басталғалы Әлібек жазып отыр. 7. Радио сөйлегелі қырық минут болды. 8. Мен саған әңгіме айтқалы отырмын. 9. Ол кітап жазғалы бес ай өтті. 10. Әкем әңгіме айтқалы отыр.

**4- жаттығу.** Из данных предложений выберите глаголы в *өзгелік етіс*.

1. Үй жинасу қиын емес.
2. Қонақтар маған үш өлең айтқызды.
3. Қаншама

әңгіме айтылды? 4. Оған қашан айтқызасың? 5. Бүгін әжеңе көмектес. 6. Ертең онымен сөйлес. 7. Ауыр жүкті көтерісіңдер. 8. Ақынмен айтысу оңай емес. 9. Қызым үй жинасты. 10. Көршімен сыйласу керек.

**5-жаттығу.** Мына диалогты жаттап алыңыздар.

**Нұрбол:** Танысайық! Менің атым - Нұрбол. Менің ана тілім қазақ тілі, сенің ана тілің қандай?

**Шейін:** Мен - Шейнмін. Менің ана тілім ағылшын тілі. Нұрбол, сен ана тіліндегі газеттерді оқисың ба?

**Нұрбол:** Иә, әрине, оқимын! Менің жақсы көретін газетім "Ана тілі". Бұл - республикалық газет.

**Шейн:** Солай ма? Өте қызық. Бұл газет күнделікті газет пе? Онда тек қана қазақ тілі туралы жазыла ма?

**Нұрбол:** Жоқ, оның тақырыптары мол. Бірақ елдің тілі - қазақ тілі туралы, яғни ана тіліміз туралы жиі жазылады. Өйткені, қазақ тілі - еліміздің мемлекеттік тілі.

**Сөйлеу мәдениетін жетілдіру**

Вы должны уметь:

- рассказать собеседнику о нашем Президенте;
- знать наизусть пословицы и поговорки о родине;
- знать произведения Н.А.Назарбаева;
- знать Послания Президента к народу Казахстана.

## **Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев**

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті, әлем таныған қайраткер Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 1940 жылы Алматы облысы, Қаскелең ауданы, Шамалған ауылында қарапайым шаруа отбасында дүниеге келді.

Еңбек жолын 1960 жылы Қарағанды облысы, Теміртау қаласында «Қазметаллургия кұрылыс» тресінің басқармасында түрлі қол жұмысын істеуден бастады.

1969 жыл – Теміртау қалалық партия комитетінің өндірістік-көлік бөлімінің меңгерушісі.

1969 – 1971 жылдар – Теміртау қалалық комсомол комитетінің бірінші хатшысы.

1971 жыл – Теміртау қалалық партия комитетінің екінші хатшысы.

1973 – 1977 жылдар – Қарағанды металлургия комбинатының партком хатшысы, Қарағанды облыстық партия комитетінің екінші хатшысы.

1979 – 1984 жылдар – Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы.

1984 жыл – Қазақ ҚСР Министрлер Кеңесінің төрағасы.

1989 жылғы маусым – Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы.

1990 жылғы 25 наурызда ҚСРО-да президенттік басқару институты енгізілуіне орай 12-сайланған Республика Жоғары Кеңесі «Қазақ ҚСР



Президенті қызметін бекіту және Қазақ ҚСР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданды және Н.Ә.Назарбаев Қазақ ҚСР-нің Президенті болып сайланды.

1991 жылғы 1 желтоқсанда бүкілхалықтық сайлаудың қорытындысымен Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті болып сайланды.

1995 жылы өткен бүкілхалықтық референдум Н.Ә.Назарбаевтың президенттік өкілеттілігін 2000 жылғы 1 желтоқсанға дейін ұзартты.

1999 жылдың 10 қаңтарында өткен президенттік сайлауда Елбасы болып қайта сайланды.

2005 жылғы 4 желтоқсанда өткен бүкілхалықтық сайлау қорытындысымен Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Республикасының Елбасы болып жеті жылдық мерзімге сайланды.

2007 жылы Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізіледі. Жаңартылған Конституция бойынша Республика Президенттік-Парламенттік басқару жүйесіне ауысты.

2010 жылы Конституцияға сәйкес Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Елбасы болып жарияланды.

2011 жылғы 3 сәуірде кезектен тыс президенттік сайлауда Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жаңа мерзімге Президент болып сайланды.

**Президент Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның дамыған елу елдің қатарына қосылуына бар күш-жігерін салуда. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан әлі де дүние жүзіне өзін танытады деген сенімдеміз.**

### **«ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ Н.Ә.НАЗАРБАЕВ» ТАҚЫРЫБЫНА ҚАТЫСТЫ СӨЙЛЕУ ҮЛГІЛЕРІ**

#### *Речевые модели на тему*

#### **«ҚР ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ ЕЛБАСЫ Н.Ә.НАЗАРБАЕВ»**

**Н.Ә.Назарбаев қай жылы туды?** – Когда родился Н.А.Назарбаев?

**Н.Ә.Назарбаев 1940 жылы туды.** - Н.А.Назарбаев родился в 1940 году.

**Н.Ә.Назарбаевтың мамандығы кім?** – Кто по специальности Н.А.Назарбаев?

**Мамандығы инженер-металлург.** – По специальности он инженер-металлург.

**Н.Ә.Назарбаевтың ғылыми атағы қандай?** – Какая у него научная степень?

**Н.Ә.Назарбаев – экономика ғылымының докторы.** – Н.А.Назарбаев доктор экономических наук.

**Н.Ә.Назарбаев еңбек жолын қай қаладан бастады?** - В каком городе Н.А.Назарбаев начал свой трудовой путь?

**Н.Ә.Назарбаев еңбек жолын Қарағанды облысы Теміртау қаласында бастады.** – Н.А.Назарбаев свой трудовой путь начал в городе Темиртау Карагандинской области.

**Жыл сайын Н.Ә.Назарбаев халыққа Жолдаумен шығады.** – Н.А.Назарбаев ежегодно выступает с Посланием к народу Казахстана.

**Елбасының 2011 жылғы Қазақстан халқына жолдауы «» деп аталады.** – Послание Президента республики народу Казахстана 2011 года называется «»

Елбасы өзінің күш-жігерін Қазақстанның дүние жүзіндегі жоғары дамығын елу мемлекет арасында тиянақты орнын алуға жұмсайды. – Президент прилагает все силы для того, чтобы Казахстан занял достойное место среди 50 высокоразвитых государств мира.

**Жазбаша тапсырма:**

«XXI ғасырдағы Қазақстан экономикасы» атты шығарма жазыңыздар.

### Тақырыпты қорытындылауға арналған тест

**1. Укажите суффиксы өзгелік етіс:**

- A) –ыл/-іл/-л
- B) –қыз/-ғыз
- C) –ыс/-іс
- D) –ын/-ін
- E) –са/-се

**2. Қонақты төрге (посади):**

- A) отырды
- B) отырған
- C) отырғыз
- D) отырыпты
- E) отырмақ

**3. Тамақты кімге (попросили сварить)?**

- A) апама пісірттік
- B) апам пісіріп жатыр
- C) апам пісірді
- D) апам пісірген
- E) апам пісіреді

**4. Какое предложение составлено правильно?**

- A) Үйлендірді ата-анасы баласын биыл ғана
- B) Биыл ата-анасы ғана үйлендірді баласын
- C) Баласын ғана биыл үйлендірді ата-анасы
- D) Ата-анасы баласын биыл ғана үйлендірді
- E) Ата-анасы ғана үйлендірді баласын биыл

**5. Әкесі баласын 6 жастан шахмат (научил играть).**

- A) үйренген
- B) үйренді
- C) үйретті
- D) үйренеді
- E) үйренгелі

**6. ҚР Мемлекеттік рәміздері қай жылы және қай айда бекітілді?**

- A) 1990 жылы қаңтарда
- B) 1991 жылы ақпанда
- C) 1991 жылы наурызда
- D) 1992 жылы мамырда
- E) 1992 жылы маусымда

**7. Қазіргі Конституция қай жылы қабылданды?**

- A) 12 қаңтар 1993 жылы
- B) 30 тамыз 1995 жылы
- C) 16 желтоқсан 1999 жылы
- D) 10 қаңтар 2000 жылы
- E) 25 қазан 2005 жылы

**8. Мақал: ...қорқақ, ...батыр. Көп нүкте орнына қажетті сөзді қойыңыз.**

- A) қол, аяқ
- B) бас, көз
- C) көз, қол
- D) тіс, ауыз
- E) ерін, құлақ

**9. Мақал: Жері байдың, ...бай. Көп нүкте орнына қажетті сөзді қойыңыз. .**

- A) өзені
- B) тауы
- C) суы
- D) елі
- E) көлі

**10. Қазақстанның мұнай өндірілетін жері:**

- A) батыс
- B) солтүстік
- C) шығыс
- D) оңтүстік
- E) оңтүстік-шығыс

**11. Мақта өндірілетін жер:**

- A) солтүстік
- B) оңтүстік
- C) солтүстік шығыс
- D) солтүстік батыс
- E) батыс

**12. Бәйтеректің биіктігі неше метр?**

- A) 37
- B) 49
- C) 77
- D) 81
- E) 97

**13. ҚР Тәуелсіздік алған күні - қай күн?**

- A) 1991 жылғы 16 желтоқсан
- B) 1992 жылы 28 қаңтар
- C) 1993 жылы 15 қараша
- D) 1994 жылы 25 қазан
- E) 1995 жылы 7 қараша

**14. Елбасы Н.Ә.Назарбаев тұңғыш рет бір мың тоғыз жүз ... жылы Президент болып сайланды.**

- A) тоқсан бірде
- B) тоқсан бірінші

- C) тоқсан біреу
- D) тоқсан бірге
- E) тоқсан бірдің

**15. Елбасының «Қазақстан-2030» жолдауы қай жылы жарияланды?**

- A) 1993
- B) 1995
- C) 1997
- D) 1998
- E) 1999

**16. Президенттің Астана қаласы – ҚР елордасы болуы туралы еңбегі қалай аталады?**

- A) «Сындарлы он жыл»
- B) «Туған елім – тірегім»
- C) «Нық сеніммен болашаққа»
- D) «Еуразия жүрегінде»
- E) «Ғасырлар тоғысында»

**17. ҚР БҰҰ-на қай жылы не болып қабылданды?**

- A) мүшемен
- B) мүше
- C) мүшеге
- D) мүшелік
- E) мүшенің

**18. ҚР Тәуелсіздігін Түркия мемлекеті алғашқы болып не істеді?**

- A) мойындады
- B) мойындамақ
- C) мойындар
- D) мойындап отыр
- E) мойындайды

**19. ҚР Мемлекеттік елтаңбасының негізі не?**

- A) алтын күн
- B) ашық аспан
- C) қыран бүркіт
- D) алтын жұлдыз
- E) шаңырақ

**20. ҚР Мемлекеттік рәміздер күні қай күн?**

- A) төртінші маусым
- B) төрт маусым
- C) маусым төрті
- D) маусымда төртінде
- E) төртте маусымда

## 15-тақырып

### Грамматика: Одағай

### Лексика: Қазақ мәдениеті. Қазақ театры

**Сабақтың мақсаты:** Жоғары білімді маман, мемлекеттік тілді біліп, қызметте пайдалануы керек. Сонымен қатар тілін дамыту үшін қазақ мәдениетін де білуі қажет. Болашақ маман мемлекеттік тілде: театр, музыка, балет, опера, кино және басқа өнер туралы сөйлесе алуы керек.

#### Грамматикалық тапсырмалар

#### Сұрақтарға жауап беріңіздер

1. Болымды модаль сөздері туралы айтып беріңіздер.
2. Болжаулық модаль сөздері туралы айтып беріңіздер.
3. Одағайлар.
4. Одағайлардың неше түрлері бар? Бөліп айтып беріңіздер.

#### Жаттығулар

**1-жаттығу.** Сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.

1. Әнуар ана үлкен үйде тұрады екен. 2. Шамасы, балалар кітапханада отыр. 3. Әсем бала сияқты, сыйлыққа өте қуанды. 4. Мүмкін, сен ертең қалалық мұражайға барарсың? 5. Рас, мен сені өте сыйлаймын. 6. Студент емтиханда болған шығар. 7. Шынымен, маған жүйрік ат керек. 8. Расында, ол анасы сияқты әдемі, мейірімді. 9. Үйде ыстық су жоқ екен. 10. Інісі іссапарда болатын шығар.

**2-жаттығу.** Көп нүктенің орнына қажетті модаль сөздерін қойыңыз.

1 ... , мен студентерге үй тапсырмасын бердім. 2. Студенттер емтихан тапсыратын ... . 3. ... , пойыз кешігіп келеді . 4. Бұл жаңа мақала ... . 5. Дәрігерге бармасам, болмайды ... . 6. Жаңбыр жауған ... . 7. ..., бүгін ауа-райы өте нашар. 8. Сабақ аяқталған ... . 9. Қонақтар ... қонақ үйіне орналасты. 10. Сіз оны танысыз, ... па?

*Қажетті сөздерді пайдаланыңыздар: шамасы, расында, шығар, сияқты, керек, бәсе, болар, әрине, мүмкін, екен.*

**3-жаттығу.** Мына сөз тіркестерін орыс тіліне аударыңыз.

Драмалық шығармалар, мәдени мұра, алғашқы қойылым, ақындар айтысы, талантты жастар, театр сахнасы, ұлттық театр, театр шымылдығы, өнер тарландары, түспей келеді, тұңғыш рет, өнер қайраткері, көрермендер қауымы, ойын-сауық орталығы, ілеспе аудару, басты роль, жасөспірімдер театры, қуыршақ театры.

**4-жаттығу.** Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Ең алғаш театр қай мемлекетте ашылды? 2. Сіз қай театрға баруды ұнатасыз? 3. Сізге балет ұнай ма? 4. Алғашқы қазақ театры қай қалада ашылды? 5. Алғашқы қойылымның авторы кім болды? 6. Астана қаласындағы қазақ музыкалық драма театрына кімнің аты берілген? 7. Қазақстанда қандай ұлттық театрлар бар? 8. Абай атындағы опера және балет театры қай қалада орналасқан? 9. «Еңлік-Кебек» трагедиясының авторы кім? 10. Қазақ театрының тарихында із қалдырған қандай әртістерді білесіз?

**5- жаттығу.** Әңгімені орыс тіліне аударыңыз.

Астана қаласының тұрғындары түрлі театр өнерін ұнатады. Қалада бірнеше театр бар. Олардың ішінде ұлттық драмалық және опера-балет театрын атауға болады. Студенттер театрға жиі барып тұрады. Менің ең сүйікті театрым - Күләш Бәйсейітова атындағы опера және балет театры. Бұл театрға қазақтың бұлбұлы Күләш Бәйсейітованың аты берілген. Күләш - қазақ опера өнерінің негізін қалаушының бірі. Ол 1933 жылдан бастап, Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ опера және балет театрында еңбек еткен. Күләш Мұқан Төлебаевтің "Біржан-Сара" операсында Сара ролін, Петр Ильич Чайковскийдің "Евгений Онегин" спектаклінде Татьяна ролін, Пуччинидің "Чио-Чио-Сан" операсында Баттерфляй ролін орындаған.

Күләш Бәйсейітова бар болғаны 45 жас өмір сүрді. Ол Кеңес одағының тұңғыш Халық әртістерінің бірі. Оның таланты әлі күнге дейін опера өнерін сүйетіндерді таң қалдырады.

**6-жаттығу.** Мәтін бойынша сұрақ қойыңыздар, сұхбаттасыңыздар.

**7-жаттығу.** Сұхбаттарды оқыңыз, аударыңыз.

- Бүгін К.Бәйсейітова атындағы опера және балет театрында қандай опера жүріп жатыр?

- Oh! Елге ұнамды "Қыз-Жібек" операсы жүріп жатыр.

-

- Сенбі күні театрға барайық-шы, апа! Мен билет сатып алдым!

- Қандай керемет! Рақмет! Барайық! Менің де барғым келіп жүр еді!

Қандай спектакль?

- "Ана - Жер-ана" спектаклі. Сағат 18-00 басталады. Жиналыңыз!

-

- Мен баламды балалардың қуыршақ театрына апардым. Жексенбі күні тағы да барамыз. Бізбен барасыздар ма? Сіздің балаңыз театрды ұната ма?

- Иә, біз бір ай бұрын "Золотой ключик" деген спектакль көргенбіз.

Шақырғаныңызға көп рақмет, балаларымызбен бірге барайық!

**Сөйлеу мәдениетін жетілдіру**

Вы должны уметь:

- пригласить в театр своего друга (подругу, гостей, сокурсников) на премьеру;

- найти свое место в зале;

- рассказать о театральных премьерах;

- выразить свое мнение о спектакле.

**Жаттығулар**

**1 - жаттығу.** Поддержите беседу:

- Сәрсен, сенбі күні театрға барайық! Мен билет сатып алдым.

- .....

- Сенбі күні спектакльдің жаңа қойылымы екен! Тамаша!

- Сағат нешеде басталады?

- .....

- Мен асыға күтемін. Қандай актерлер ойнайды екен?

- .....  
**2-жаттығу.** Мына жағдайларға байланысты диалог құрастырыңыз.

1. Біз театрға бару үшін келістік (баратын күн туралы, спектакль туралы, досыңызбен, ата-аналарыңызбен, қонақтармен т.б.)

2. Билет сатып алу үшін театр кассасына келдік (спектакльдің басталу уақыты, билет бағасы, залдағы қатар мен орындар туралы).

3. Билетті партерге сатып алдық (нешінші қатар, нешінші орын).

4. Кешке сағат алты жарымда театрға келдік (фойе, киім ілгіш орны, зал, сахна, қатар, орын іздеу, орналасу, орындаушылар құрамы, басты рольдер, спектакль қоюшы, сахна, үзіліс, спектакльдің ұнауы, ұнамауы).

**3-жаттығу.** Менің үйге келген қонақтармен театрға барғым келді.

**Қонақ:** Біздің театрға барғымыз келеді. Қазақ театрында қандай қойылым жүріп жатыр екен? Барайық-шы!

**Мен:** Жақсы, барайық. Репертуарын көрейік, сонан соң билет сатып алайын.

**Қонақ:** Мүмкін болса алдыңғы қатарға билет алсаң.

**Мен:** Жарайды, барып көрейін.

**Біз театрға бара жатырмыз:**

**Қонақ:** Театр Сіздің үйден алыс па?

**Мен:** Жоқ, алыс емес, жақын. Автобустен барсақ, үш аялдама.

**Қонақ:** Иә, жақын екен. Асығайық, кешігеміз.

**Біз театрға келдік:**

**Қонақ:** Театрдың фойесі қандай ғажап!

Қойылым сағат жетіде басталады. Орындарымыз қай жерде?

**Мен:** Иә, расында, керемет! Бұл ұлттық театр ғой!

**Қонақ:** Міне, екінші қатар, он бесінші және он алтыншы орындар біздікі.

**Мен:** Жайғасып отырайық, қойылым басталуға бес минут қалды.

**Қойылым аяқталған соң:**

**Қонақ:** Маған бұл қойылым өте ұнады. Әртістер де, сахна да, қойылымның музыкасы да өте тартымды. Әртістер жас болса да шебер екен. Не деген талант десеңіз-ші!

**Мен:** Маған да қойылым ұнады. Бұл - театрдың классикалық қойылымы. Орындаушылар тобы өте шебер екен.

**Қонақ:** Ендігіде біз опера және балет театрына барайық. Онда "Біржан-Сара" операсы қойылады. Соны көрсек деп отырмын.

**Мен:** Менің де сол операны көргім келеді. Келістік, сенбі күні барамыз.

**Екеуара сөйлесуге арналған тапсырмалар:**

**№ 1 тапсырма:** Сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.

1. Әнуар ана үлкен үйде тұрады екен. 2. Шамасы, балалар кітапханада отыр. 3. Әсем бала сияқты, сыйлыққа өте қуанады. 4. Мүмкін, сен ертең қалалық мұражайға барарсың? 5. Рас, мен сені өте сыйлаймын. 6. Студент сабақта болған шығар. 7. Маған жүйрік ат керек. 8. Ол анасы сияқты әдемі, мейірімді. 9. Үйде су жоқ екен. 10. Інісі іссапарда болар.

**№ 2 тапсырма:** Көп нүктенің орнына қажетті одағайларды қойыңыз.

1 ..., мен студенттерге үй тапсырмасын бердім. 2. Студенттер емтихан

тапсыратын ... 3. ... пойыз кешігіп келер . 4. Маған жаңа тапсырма ... 5. Дәрігерге бармасам, болмайды ... 6. Сізге менен не ... ? 7. ..., бүгін ауа-райы өте нашар. 8. Сабақ аяқталған ... 9. Сізге не ... ? 10. Сіз мұны білесіз, ... па?

*№ 3 тапсырма.* Мәтінді орыс тіліне аударыңыз. Мәтін бойынша сұрақ қойыңыз.

Қазақ халқының ең жас өнернің бірі - кино. Ол өзінің тарихын 1938 жылы шыққан "Аманкелді" фильмінен бастайды. Кино - өнер ғана емес, ол күрделі өндіріс. Қазіргі киностудияны бұрын фильмдер жасайтын фабрика деп атаған. Ұлы Отан соғысы кезінде Алматыда біріккен Орталық киностудиясы жұмыс істей бастады. Соғыс жылдары "Жауынгер ұлы", "Алып туралы ән", "Абай әні", "Домбыра үнін естігенде" атты қазақ фильмдері шыққан. Біраз уақыт ішінде кино көп жетістікке жетті.

Қазақтың халық әртісі, режиссер Шәкен Аймановтың басшылығымен қазақтың ұлттық кино өнерінде комедия жанры қалыптасты. Оның "Алдар көсе", "Біздің сүйікті дәрігер", "Тақиялы періште" фильмдері дүниеге келді.

2002 жылы Алматыда «Шәкен жұлдыздары» атты кинофестиваль басталды. Бұл кинофестиваль жыл сайын өтеді. Сол күндері Алматыда «Өнер жұлдыздардың аллеясы» салтанатты ашылды.

Қазіргі қазақ киносы өнердің жаңа деңгейіне көтерілді.

*(Қ.Сиранов)*

*№ 4 тапсырма.* Мәтінді орыс тіліне аударыңыз. Мәтін бойынша сұрақ қойыңыздар.

Қазақ халқының театр өнері де жас. Қазақ театрының тарихы 1926 жылы Қызылорда қаласындағы алғашқы қазақ театры ашылғанынан бастайды. Бұл театрдың іргетасын қалаушылар: Ж.Шанин, С.Қожамқұлов, Қ.Жандарбеков, Е.Өмірзақов, Қ.Жантілеуов т.б. әртістер болған. Театр тарихы атақты жазушы Мұқтар Әуезов атымен байланысты. 1926 жылы театрдың шымылдығы М.Әуезовтың "Еңлік-Кебек" пьесасымен ашылды. Кейін, қазақ драма театры М.Әуезовтың атымен аталды. Жыл сайын театр маусымы "Еңлік-Кебек" пьесасымен ашылады, бұл театрдың дәстүріне айналды. Әртүрлі жылдары театрдың сахнасында елге танымал шеберлер өз таланттарын көрсетті. Олардың еңбектері театр тарихында алтын әріппен жазылған, айталық, режиссер Ә.Мәмбетов, халықтың сүйікті әртістері С.Майқанова, Ф.Шәріпова, Б.Римова, Қ.Жандарбеков, А.Әшімов, Ә.Өмірзақова, Н.Жантөрин сияқты атақты шеберлер. Қазіргі театр репертуарында қазақ классикасының шығармалары қойылады. Алматы қаласында М.Әуезов атындағы қазақ драма театры Абай даңғылында орналасқан.

## **«ҚАЗАҚ ТЕАТРЫ» ТАҚЫРЫБЫНА ҚАТЫСТЫ СӨЙЛЕУ ҮЛГІЛЕРІ**

### **Речевые модели на тему «Қазақ театры»**

**Астана қаласында қазақ драма театры бар ма? –** Есть ли в Астане казахский драматический театр?

**Әрине, ол Қ.Қуанышпаев атындағы музыкалық драма театры.** – Да, конечно, это музыкально-драматический театр имени Қ.Қуанышбаева.

**Астанада орыс драма театры бар ғой?** – Есть ли в Астане русский



драматический театр?

**Иә, Астанада М.Горький атындағы орыс драма театры бар.** – Да, в Астане есть русский драматический театр имени М.Горького.

**Астанада үлкен сахна бар шығар.** – Наверное, в Астане есть и большая сцена.

**Иә, Астанада «Қазақстан» орталық концерт залы бар.** – Да, в Астане есть центральный концертный зал «Қазақстан».

**Астанада сол жағалауда жаңа «Қазақстан» концерт залы ашылды.** – В Астане, открыт новый концертный зал «Қазақстан».

**«Думан» ойын-сауық орталығы сол жағалауда ма?** – Развлекательный центр «Думан» тоже на левом берегу?

**Иә, бұл жерде «құрлықта орналасқан мұхитты» көре аласыз.** – Да, здесь Вы увидите «океан, расположенный на суше».

### **Жазбаша тапсырма**

Өзіңіздің сүйікті театр қойылымы туралы шығарма жазыңыздар.

### **Тақырыпты қорытындылауға арналған тест**

**1.Қай сөздер қысқартылады (сокращаются)?**

- A) Күндізгі Оқу Бөлімі
- B) Жоғары Білімді Маман
- C) Біріккен Ұлттар Ұйымы
- D) Қала Әкімшілігі
- E) Жастар Одағының төрағасы

**2.Зат есімнен жасалған туынды етістіктерді көрсетіңіздер:**

- A) ағару, көгеру
- B) ойлау, бастау
- C) жасару, қартаю
- D) азаю, қымбаттау
- E) қысқару, тазалау

**3.Қай сөйлемде күрделі етістік бар?**

- A) Ет дегенде бет бар ма?
- B) Көз бен қастың арасында
- C) Сұлу сұлу емес, сүйген сұлу
- D) Көңілді ән салайық, би билейік
- E) Көппен көрген ұлы той.

**4."Қазір Қазақстан Республикасы - көп ұлтты егеменді мемлекет. Қай сөз жалқы зат есім?**

- A) көп ұлтты
- B) егеменді
- C) Қазақстан Республикасы
- D) мемлекет
- E) қазір

**5.Ауыспалы шақ есімше қайсысы?**

- A) көретін
- B) айтты
- C) оқыпты

- D) келмек
- E) кетпеу

**6. Нүкте орнына керекті есімішені қойыңыздар: Театр...орны.**

- A) ойын-сауық
- B) драма
- C) шымылдық
- D) сахна
- E) режиссер

**7. Қазақ тіліне дұрыс аударыңыз: Мы всегда ходили в театр имени Мухтара Ауэзова.**

- A) Сендер Мұхтар Әуезов атындағы театрға барып жүрсіндер.
- B) Олар Мұхтар Әуезов атындағы театрға үнемі тыңдайды.
- C) Біз Мұхтар Әуезов атындағы театрға күнде барамыз.
- D) Біз Мұхтар Әуезов атындағы театрға ылғи баратынбыз.
- E) Сіз Мұхтар Әуезов атындағы театрға бармайсыз.

**8. Сілтеу есімдігін көрсетіңіздер:**

- A) Сол бір кез есімде, жағасы Еділдің.
- B) Сен де бір кірпіш дүниеде.
- C) Мен саған ғашық едім бар жүрекпен.
- D) Барлық халық, бақыт үшін күреседі.
- E) Ешкім ештеме білмейді, ештеңе сезбейді.

**9. Мақалды еске түсіріңіздер: «...білемін деген, өрге баспас». Қандай есімдік қажет?**

- A) не?
- B) кім?
- C) өзім
- D) барша
- E) қай?

**10. Қай есімдіктер септелмейді?**

- A) бәрі, бүкіл
- B) кім? не?
- C) ешкім, ештеме
- D) анау, мынау
- E) әне, міне

**11. Возвратное местоимение "өзім" в ілік септігі:**

- A) өзіме
- B) өзімнің
- C) өзімде
- D) өзіммен
- E) өзімді

**12. Қазақстан Республикасының рәміздері туралы Заң қашан қабылданды?**

- A) 28 қаңтар 1990 жылы
- B) 30 тамыз 1990 жылы
- C) 20 қазан 1991 жылы
- D) 4 маусым 1992 жылы

Е) 6 шілде 1993 жылы

**13. Қазақстан Республикасының туының түсі қандай?**

А) ақ

В) көгілдір

С) қызыл

Д) сары

Е) алтын түсті

**14. Қазақстан Республикасының әнұраны қай сөздерден басталады?**

А) Жырың болып, төгілейен елім

В) Алтын күн аспаны, алтын дән даласы

С) Жаралған намыстан, қаһарман халықпыз

Д) Шет жүрсем сағынарым

Е) Айттым сәлем, Қаламқас!

**15. Жедел өткен шақтың қажетті жұрнағын қойыңыз: Салтанатты ашылу рәсімі өт....**

А)-ті

В)-ты

С)-ді

Д)-ды

Е)-ны

**16. "Сабақ әдеттегідей (как обычно) сағат сегізде баста..." Бірықсыз етістің жұрнағы мен жалғауын қойыңыз:**

А)-нда

В)-нде

С)-лда

Д)-лды

Е)-лде

**17. Қазақстанның астаналары туралы көп жаз...ды. Бірықсыз етістің жұрнағын қойыңыз.**

А)-ін

В)-ын

С)-ыс

Д)-іл

Е)-ыл

**18. Тәуелдік септік деп қай септікті айтамыз? (Притяжательный падеж - какой из них?)**

А) атау

В) ілік

С) табыс

Д) шығыс

Е) көмектес

**19. Менің "Біржан-Сара" операсын (хочу посмотреть). Жақианы ашыңыз.**

А) көріп отырмын

В) көрсету керек

С) көретінмін

- D) көрмегелі
- E) көргім келеді

**20) Бүгін қойылым сағат жетіде ....Қажетті етістікті қойыңыз.**

- A) басталды
- B) басталады
- C) басталатын
- D) басталу
- E) бастасын

**21.Өнер алды не?**

- A) тілінің
- B) тіл
- C) тілінде
- D) тілін
- E) тіліне

**22.Болымды модаль сөздері қай сөйлемде?**

- A) Ол театрға бармаған екен
- B) Меніңше алдымен бақылау жұмысын орындау керек
- C) Мүмкін жаңбыр жауады
- D) Бәрекелді! Бұл тамаша еуен!
- E) Шамасы,спектакль қазақ тілінде жүріп жатыр

**23.Қуанышты білдіретін одағайлар:**

- A) Әй, бала,жолда ойнама!
- B) Тәйт! Кет әрі! Жақындама!
- C) Уа, сендер қайдан келе жатырсыңдар?
- D) Тек,жаман сөз айтпа!
- E) Па шіркін,махаббат, осылай туа ма?!

**24.Тұрмыс-салт одағайлары қайсысы?**

- A)-Кә-кә,сүт берейін.
- B) Қаз-қаз балам, қаз балам!
- C) Қайырлы таң!
- D) Құдай-ай, бұл не дегенің!
- E) Ой, пәле! Қайда жүрсің?

**25.Алғашқы қазақ театрының шымылдығы қай қалада ашылды?**

- A) Қызылордада
- B) Орынборда
- C) Алматыда
- D) Астанада
- E) Ақмолада

**26.Астана қаласындағы Қазақ драма театрына кімнің аты берілген?**

- A) Қ.Қуанышбековтың
- B) М.Әуезовтың
- C) С.Сейфулинның
- D) Абайдың
- E) Әл-Фарабидың

**27.Халықаралық театр күні – қай күн?**

- A) 1 сәуір
- B) 27 наурыз
- C) 9 маусым
- D) 27 маусым
- E) 1 шілде

**28. Ұлттық театрдың қойылымының дұрыс атауы қайсысы?**

- A) «Қаракөз»
- B) «Қарагөз»
- C) «Қарагөз»
- D) «Қарақоз»
- E) «Қарағөз»

**29. «Біржан-Сара» ... операсы. Нүкте орнын толықтырыңыз:**

- A) Мұқан Төлебаевта
- B) Мұқан Төлебаевтың
- C) Мұқан Төлебаевтікі
- D) Мұқан Төлебаевпен
- E) Мұқан Төлебаевты

**30. Қазақ халқының айтыскер ақыны:**

- A) Үкісі бар Ыбырай
- B) Үкісіз Ыбырай
- C) Үкілі Ыбырай
- D) Үкісі жоқ Ыбырай
- E) Үкі іздеген Ыбырай

Морфология

Сөз таптары (части речи)

Атауыш сөздер Именные части речи	Сөз таптары Части речи	Сұрақтары Вопросы	Мағынасы Значения	Мағыналық топтары Названия значимых функций
	Зат есім	кім? не? кімдер?неле р?	Заттың, құбылыстың атауы	Жалпы және жалқы зат есім, деректі зат есім, дерексіз зат есім
	Етістік	не істеді? не істеп отыр? не істейді?	Заттың іс- қимылын, әрекетін білдіретін сөздер	<p><b>Тұйық етістік</b>  <b>Шақ:</b> осы шақ, өткен шақ, келер шақ.  <b>Болымды, болымсыз етістіктер:</b> жасалу жолдары.  <b>Шақтың түрлері:</b> жекеше, көпше, жітелу.  <b>Етістік категориялары:</b> рай, етіс.  <b>Рай категориясы:</b> ашық, бұйрық, шартты, қалау.  <b>Етіс категориясы:</b> негізгі, өздік, өзгелік, ортақ, ырықсыз.  <b>Ерекше түрлері:</b> көсемше, есімше(осы шақ, келер шақ және өткен шақ), жіктелу.</p>

	Сын есім	қандай? қай?	Заттың сыны, сапасы, көлемі, сипаты, түсі, түрі, мінезі т.б.	<b>Сапалық сын есімдер.</b> <b>қатыстық сын есімдер.</b> <b>Сын есімнің шырайлары:</b> жай шырай, салыстырмалы шырай, күшейтпелі шырай, асырмалы шырай.
	Сан есім	қанша? неше?	Заттың саны, реті, мөлшерінің атауы	<b>Сан есімнің түрлері:</b> есептік, реттік, жинақтық, топтау, болжалдық, бөлшектік.
	Есімдік	кім? не? қанша? қай?	Есім сөздердің орнына жүретін сөздер	<b>Есімдіктің түрлері:</b> жіктеу, сілтеу, сұрау, өздік, белгісіздік, болымсыздық, жалпылау.
	Үстеу	қашан? қайда? қайтіп? қалай? қанша? не себепті?	Іс-әрекеттің мезгілін, амалын, мақсатын, мекенін білдіретін сөздер	<b>Үстеу түрлері:</b> мезгіл, мекен, мөлшер, сын-бейне, күшейту, мақсат, себеп-салдар, топтау.
<b>Көмекші сөздер</b> <b>Служебные имена</b>	Шылау		Дербес мағынасы жоқ, сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырады	<b>Септеуліктер;</b> <b>Жалғаулықтар;</b> <b>Демеуліктер.</b>
	Еліктеу сөздер	қайтті? қалай?	Табиғаттағы әр түрлі құбылыстардың дыбыстарына еліктеуден және табиғи көріністердің бейнелеуінен пайда болған сөздер.	<b>Еліктеуіш және бейнелеуіш еліктеу сөздер.</b>

	Модаль сөздер		Сөйлеушінің айтылған ойына қатысты көз қарасын көрсетеді.	<b>Болымды және болжаулық</b> модаль сөздер
	Көмекші есімдер	кімнің? ненің? және септіктердің сұрақтары	Заттардың кеңістіктегі орналасу қатынастарын көрсетеді	<b>Негізгі көмекші есімдер септеделі</b>
<b>Одағай сөздер Междометия</b>	Одағай		Адамның көңіл күйін, сезімін білдіретін, жануарларға қаратып айтылатын сөздер	<b>Көңіл күй одағайлары; жекіру, ишарат одағайлары; шақыру одағайлары; тұрмыс салт одағайлары.</b>

2-кесте

### 1-тақырып

#### 18.1. Туынды зат есім. Словообразование

#### 18.2. – ша/ - ше жұрнақтары

<b>Сөз тұлғасы Тип слова</b>	<b>Сөз құрамы Состав слова</b>	<b>Словообразование Жасалу жолдары</b>	<b>Мысалдар Примеры</b>
<i>Түбір сөз Корневое слово</i>	Самостоятельное слово Дара сөз	Сөздердің мағыналы бөлшегі Значимая часть слова	қала, адам, ауыл
<i>Туынды сөз Производное слова</i>	Самостоятельное слово Дара сөз	Сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жаңа мағыналы сөздің тууы Образование новых значений слов за счет словообразующих суффиксов	жұмыс +шы ән+ші сурет+ші дәрі+гер заң +гер ғарыш+кер үш +қыш
<i>Біріккен сөздер Сращенные слова</i>	Курделі сөздер Сложное слово	Екі не одан да көп сөздердің бірігуі арқылы жаңа	Дәрі+хана+шы кітап+хана+шы баспа+хана+шы



		мағынаныың тууы Образование новых значений слов за счет сращения двух и более корневых основ и прибавлением суффиксов	жұлдыз+нама+шы ы
--	--	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------

### 3-кесте

<p>Суффикс –ша/ - ше соответствует русскому <i>по</i>:</p> <p><i>қазақ-ша – по-казахски</i></p> <p><i>орыс-ша – по-русски</i></p> <p><i>ағылшын-ша – по-английски</i></p>	
<p>Мен қазақша сөйлеймін</p> <p>Сен қазақша түсінесің</p> <p>Сіз қазақша жазасыз</p> <p>Ол қазақша жазады</p>	<p>Біз ағылшынша жазамыз</p> <p>Сендер қытайша сөйлейсіңдер</p> <p>Сіздер корейше айтасыздар</p> <p>Олар орысша түсінбейді</p>

### 2 -тақырып

#### 2.1. Ауыспалы келер шақ

#### 2.2. Бұйрық рай

### 4-кесте

Етістіктің шақтары	Түрлері	Жасалу жолдары	Мысалдар
<b>Осы шақ</b>	Ауыспалы	- а, - е, - и	<b>Әдетте болатын іс-қимыл</b> Болу – <b>бол-а-мын</b> (күнде сабақта боламын) Келу – <b>кел-е-ді</b> (пойыз сағат сегізде келеді) Сөйлеу – <b>сөйле-й-сіз</b> (Сіз ылғи қазақша сөйлейсіз)
<b>Келер шақ</b>	Ауыспалы	- а, - е, - и	<b>Сөйлеп тұрған сәттен кейін болатын іс-қимыл</b>  Жету – <b>жет-е-ді</b> – (Хат ертең жетеді) Асу – <b>ас-а-ды</b> – (Апам қонаққа ет асады) Бармау – <b>барма-й-ды</b> – (Кешке ешкім бармайды)

## 2.2. Бұйрық рай

Қазақ тіліндегі рай түрлері	Жасалу жолдары	Мысалдар
<i>Ашық рай</i>	Істің жағы, шағы үнемі ашық айтылады	Алдым, келдік Алдың, келдіңдер Алдыңыз, келдіңіздер Алды, келді
<i>Шартты рай</i>	қимылдың іске асу шартын білдіреді -са/ - се жұрнақтары арқылы жасалады	Мен барсам, анам қуанады Қар суытса, жылы киінеміз
<i>қалау рай</i>	Тілек мәнді білдіреді -қы/ - кі, - ғы/ - гі, - са/ - се, - игі еді	Айтқым келеді, ішкім келеді, барғым келіп тұр, алғым келеді, барса игі еді
<i>Бұйрық рай</i>	Үнемі II, III жақта айтылады	II. Сен бар, барғыз, айтқыз, тіккіз, келтір III. Ол жазсын, оқысын, қалсын, шешсін.

## 3-тақырып

## 3.1. Сын есім

## 3.2. Ілік септік.

## 3.3. Сын есім

Сын есім (имя прилагательное)		
Мағынасына қарай (по значению)	Тұлғасына қарай (по способу образования)	құрамына қарай (по составу)
Сапалық (качественные)	Негізгі (непроизводные)	Дара (простые)
қатыстық (Относительные)	Туынды (производные)	Күрделі (сложные)

**Сын есімнің түрлері**  
**Типы имен прилагательных**

I. Мағынасына қарай (по значению)	
Сапалық	қатыстық
Ақ, көк, сұлу, жалқау, биік, аласа,	Сулы, білімді, баладай, анадай,

домалақ, тәтті, сопақ, жалпақ	қалалық, бұлтсыз, жоғарғы, төменгі
<b>II. Тұлғасына қарай (по способу образования)</b>	
Негізгі (непроизводные)	Туынды (производные)
Таза, алыс, жақын, арзан, қымбат	өнерпаз, көктемгі, жақсылық
<b>III. Құрамына қарай (по составу)</b>	
Дара (простые)	Күрделі (сложные)
Қалың, бай, жаман, жақсы, сары, ұзын, сұр, қара, қызыл, ащы, тұщы	Аса қадірлі, жап-жақсы, кең пейілді, өте биік, тым аласа

8-кесте

### Сапалық сын есімдер

Түрлері	Мысалдар
а) түрі және түсі (качество, цвет)	қызыл, жасыл, көгілдір, күрең
ә) сын-сипаты (характер и свойство)	қатты, өткір, семіз, арық, сұлу
б) көлемі мен аумағы (объем, величина, размер)	үлкен, кіші, кең, тар, қысқа, алыс, жақын жуан, тар, биік
в) дәмі мен иісі (вкус и запах)	тұщы, ащы, тәтті, қышқыл
г) пішіні, түрі (форма)	қисық, түзу, дөңгелек, домалақ

9-кесте

### Қатыстық сын есімдер

Жұрнақтар және олардың мағыналары Суффиксы и их значения	Мысалдар Примеры
а) –лы, -лі, - ды, - ді, - ты, - ті указывает на отношение одного предмета к другому	су-лы, тау-лы, ақыл-ды, күш-ті, бәлкіт-ты, ақша-лы, бас-ты, бала-лы
ә) – дай, - дей, - тай, - тей указывает на качество предмета относительно другого предмета	бала-дай (как ребенок), сүт-тей (как молоко), тау-дай (как гора)
б) – лық, - лік, - дық, - дік, - тық, - тік указывает на отношение к обществу, к искусству, к политике	қоғам-дық (общественный), мемлекет-тік (государственный), аудан-дық (районный), жыл-дық (годовой), азамат-тық (гражданский)
в) – сыз, - сіз отрицательные прилагательные	су-сыз (безводный), тіс-сіз (беззубый), кітап-сыз (без книги)
г) – қы, - кі, - ғы, - гі отношение времени и пространства	қыс-қы (зимний), жаз-ғы (летний), кеш-кі (вечерний), таң-ғы (утренний), төмен-гі (нижний), жоғар-ғы (высший)

**Жай септеу (Простое склонение)****3.2. Ілік септік**

<b>Септіктер (Падежи)</b>	<b>Сұрақтары (Вопросы)</b>	<b>Жалғаулары (Окончания)</b>
Атау (Именительный)	кім? не? (кто? Что?)	
Ілік (Родительный)	кімнің? ненің? (чей? чье? кого? чего?)	- ның, - нің - дың, - дің - тың, - тің
Барыс (Дательно- направительный)	кімге? неге? қайда? (кому? чему? куда?)	- ға, - ге - қа, - ке - на, - не, - а, - е
Табыс (Винительный)	кімді? нені? (кого? Что?)	- ны, - ні - ды, - ді, - ты, - ті
Жатыс (Местный)	кімде? неде? қайда? қашан? (у кого? у чего? в чем? где? когда?)	- да, - де, - та, - те - нда, - нде
Шығыс (Исходный)	кімнен? неден? қайдан? қашаннан? (от кого? от чего? из чего? откуда?)с какого времени?)	- дан, - ден - тан, - тен - нан, - нен
Көмектес (Творительный)	кіммен? немен? қалай? (с кем? С чем? Как?)	- мен, - бен, - пен - менен, - бенен, - пенен

**3.3. Сөйлем мүшелерінің орын тәртібі**

Если в русском языке порядок слов в простом предложении может меняться, то в казахском языке порядок слов постоянный, твердый. В таблице приведен порядок слов в предложении:

<b>Сөйлем мүшесі Член предложения</b>	<b>Сөйлемдегі орны Его место в предложении</b>	<b>Сұрақтары Вопросы</b>
<b>Бастауыш Подлежащее</b>	Обычно в начале предложения	кім? не? кто? что?
<b>Баяндауыш Сказуемое</b>	В конце предложения	не істеп отыр? не істеді? не істейді? не істер? не істемек? не істегелі отыр? не істейтін? не істепті? не істеген?...

		что делает? что сделал? что, возможно, сделает? что сделал когда то? что он делает обычно?
<b>Толықтауыш Дополнение</b>	В большинстве случаев перед сказуемым	кімге? неге? кімді? нені? кімнен? неден? кімде? неде? – кому? чему? кого? что? от кого? от чего? у кого?
<b>Анықтауыш Определение</b>	Перед определяемым словом.	қай? қандай? қайсы? қайдағы? недегі? кімнің? ненің? – какой? который? чей? кому принадлежащий?
<b>Мезгіл пысықтауыш Обстоятельство времени Басқа пысықтауыштар Другие обстоятельства</b>	Перед подлежащим.  Перед теми словами, к которым они относятся.	қашан? қашаннан? неше? нешеден? қайда? қайдан? қанша? неше? неге? не себепті? не үшін? – когда? с какого времени? сколько? где? откуда? почему? по какой причине? для чего?

## 12-кесте

### 4.1. Тәуелді септеу

<b>Септіктер (Падежи)</b>	<b>Сұрақтары (Вопросы)</b>	<b>Жалғаулары (окончания)</b>	<b>Мысалдар: I жақ (Примеры: I лицо)</b>
<b>1. Атау</b>	кімім? нем? кімім? нең? кіміңіз? неңіз? кімі? несі?	Ø	ағам (мой брат)
<b>2. Ілік</b>	кімімнің? немнің? кіміңнің? неңнің? кіміңіздің? неңіздің? кімінің? несінің?	- ның, - нің	ағам-ның (моего брата)
<b>3. Барыс</b>	кіміме? неме? кіміңе? неңе? кіміңізге? неңізге? кіміне? несіне?	- а, - е - на, - не	ағам-а (моему брату)
<b>4. Табыс</b>	кімімді? немді? кіміңді? неңді? кіміңізді? неңізді? кімін? несін?	- ды, - ді, - н	ағам-ды (моего брата)
<b>5. Жатыс</b>	кімімде? немде? кіміңде? неңде?	- да, - де - нда, - нде	ағам-да (у моего)

	кіміңізде? неңізде? кіміңде? несінде?		брата)
<b>6. Шығыс</b>	кімімнен? немнен? кіміңнен? неңнен? кіміңізден? неңізден? кімінен? несінен?	- нан, - нен	ағам-нан (от моего брата)
<b>7. Көмектес</b>	кімімен? неммен? кіміңмен? неңмен? кіміңізбен? неңізбен? кімімен? несімен?	- мен	ағам-мен (с моим братом)

#### 4.3. *мен, бен, пен* жалғаулықтары союзы *мен, бен, пен*

Союзы служат для соединения однородных членов предложения. Союзы *мен, бен, пен* называются соединительными (ыңғайластық).

Мысалы: қыз бен жігіт – *девушка и парень*, кітап пен қалам – *книга и ручка*, ана мен бала – *мать и ребенок и т.д.*

#### 5-тақырып

##### 5.1. Рай категориясы

Шартты рай (2-сабақ 5 кестені қараңыз).

##### 5.2. Етіс категориясы. Өздік етіс.

Етіс – іс-әрекет, қимыл мен субъект арасындағы қатынастарды білдіретін етістіктің категориясын **етіс** деп атайды.

Залог – категория глагола, которая выражает возможные отношения между действующим лицом и объектом действия. В казахском языке пять залогов.

#### 13-кесте

Етістердің түрлері (Типы залогов)	Жұрнақтар (аффиксы)	Мысалдар (примеры)
<b>1. Негізгі етіс</b>	жоқ	істің жағы, шағы үнемі ашық айтылады, етістіктің барлық шақтары қолданады
<b>2. Өздік етіс</b>	- ын, - ін, - н	жуынды, таранды, киінді
<b>3. Ырықсыз етіс</b>	- ыл, - іл, - л - ын, - ін, - н	жуылды, таралды, киілді жуынды, таранды, киінді
<b>4. Ортақ етіс</b>	- ыс, - іс, - с	көмектесті, жуысты, әкелісті
<b>5. Өзгелік етіс</b>	- дыр, - дір, - тыр, - тір - қыз, - кіз - ғыз, - гіз - т	жаздыру, келтіру, айттыру, ішкізу, сатқызу, айтқызу, жегізу, кигізу, кескізу, емдету

**5.3. Тәуелдік – *нікі, - дікі, - тікі* жұрнақтары**  
**Притяжательные суффиксы – *нікі, - дікі, - тікі***

**14-кесте**

<b>Сөздің соңғы дыбысы (Конечный звук слова)</b>		
Дауысты (гласные)	ұяң және үнді (звонкие и сонорные)	қатаң, ұяң б, в, г, д (глухие, звонкие б, в, г, д)
<b>- <i>нікі</i></b>	<b>- <i>дікі</i></b>	<b>- <i>тікі</i></b>
ме- <i>нікі</i> , се- <i>нікі</i> , Сәуле – <i>нікі</i> Рауза – <i>нікі</i> Бала – <i>нікі</i> Ира - <i>нікі</i>	Сіз – <i>дікі</i> үй – <i>дікі</i> адам – <i>дікі</i> қол – <i>дікі</i> жер – <i>дікі</i>	студент – <i>тікі</i> жақ – <i>тікі</i> бұтақ – <i>тікі</i> табақ – <i>тікі</i> Базаров - <i>тікі</i>

**6-тақырып**

1.1. **Туынды зат есім (1-сабақ 1 кесте)**

1.2. **Қалау рай (2-сабақ 2 кестені қараңыз)**

Мысал: Сауда орталығына *барғым келеді*. Сыйлық іздеп, сатып *алғым келеді*. Анамның мерейтойына асыл тасы бар алтын жүзік *сыйлағым келеді*. Анамды *қуантқым келеді*. Міне, зергер бұйымдар сататын бөлім. Тамаша!

**7-тақырып**

7.1. **– дағы, - дегі, - тағы, - тегі жұрнақтары**

**15-кесте**

Дауысты және ұяң (гласные и звонкие согласные кроме б, в, г, д)	Қатаң және ұяң б, в, г, д (Глухие, звонкие б, в, г, д)
<b>- <i>дағы, - дегі</i></b>	<b>- <i>тағы, - тегі</i></b>
бала- <i>дағы</i> , қыз- <i>дағы</i> , адам- <i>дағы</i> , бар- <i>дағы</i> , тау- <i>дағы</i> , сай- <i>дағы</i> , қол- <i>дағы</i> , ауыз- <i>дағы</i> , көз- <i>дегі</i> , сөз- <i>дегі</i> , өзен- <i>дегі</i> , өлең- <i>дегі</i> , көше- <i>дегі</i>	клуб- <i>тағы</i> , Алмат- <i>тағы</i> , Асхат- <i>тағы</i> , кітап- <i>тағы</i> , ағаш- <i>тағы</i> , жас- <i>тағы</i> , от- <i>тағы</i> , топырақ- <i>тағы</i> , ас- <i>тағы</i> , кесек- <i>тегі</i> , ет- <i>тегі</i> , төсек- <i>тегі</i> , қызмет- <i>тегі</i> , бес- <i>тегі</i> , сурет- <i>тегі</i> , есік- <i>тегі</i>

**Мақалды есте сақтаңыз:** Қолдағы бар алтынның, қадірі жоқ.

**8-тақырып**

8.1. **Мақсатты келер шақ (Будущее время намерения)**

Причастие (есімше) особая форма глагола. Имеет значение времени, залога, лица, особенности образования отрицательных форм. Вместе с тем причастие, как и именная форма присоединяет окончания множественного числа, притяжательности, падежа.

Етістіктің шақтары	Түрлері	Жасалу жолдары	Мысалдар
Келер шақ есімше (причастие будущего времени)	Мақсатты (будущее время цели)	- пақ, - нек, - бақ, - бек, - мақ, - мек, - шы, - ші	қаш-пақ-сың, қаш-пақ-шы бар-мақ-пыз, бар-мақ-шы жаз-бақ-пын, жаз-бақ-шы кел-мек-сіз, кел-мек-ші

**Есте сақтаңыздар:**

Қашпақ болсаң, зымыра (мақал).

Қашпақ, кумақ ерге сын,

Көшпек, қонбақ жерге сын (мақал).

**9-тақырып****3.1. Есімше (-ар, - ер, - р)****Болжалды келер ша (-ар, - ер, - р)**

Етістіктің шақтары	Түрлері	Жасалу жолдары	Мысалдар
Келер шақ есімше (причастие будущего времени)	Болжалды (будущее предположительное время)	- ар, - ер, - р, - с ( <i>отрицательная форма</i> )	айт-ар-мыз, ойна-р-сын, күт-ер-сіңдер, көріс-ер-мін, сөйлес-ер-міз, көр-ме-с-сің, бер-ме-с-піз, аралас-па-с-сыздар

**10-тақырып****10.1. Үстеу (наречие)****Типы наречий в казахском языке**

Үстеудің түрлері (Типы наречий)	Сұрақтары (вопросы)	Мысалдары (примеры)
1. Мекен үстеуі	қайда? қайдан?	алда, артта, жоғары, төмен, әрі, бері, кейін, ілгері, сонда, осында
2. Мезгіл үстеуі	қашан? қашаннан?	бүгін, ертең, былтыр, түсте, таңертең, бұрын, ала жаздай, қыстай, күні-түні, баяғыдан
3. Мөлшер үстеуі	қанша? қаншама? қаншалап? қаншалық?	талай, бірталай, сонша, соншама, онша, мұнша,



	қалай? қалайша?	неғұрлым
<b>4.Мақсат үстеуі</b>	қалай? не мақсатпен?	жорта, әдейі, әдейілеп, қасақана
<b>5. Күшейткіш үстеуі</b>	қалай? қандай?	ең, ылғи, кілең, тіпті, мүлдем, нағыз, өте, аса
<b>6. Сын-бейне үстеуі</b>	қалай? қайтіп? кімше? қалайша?	ақырын, әрең, осылай, сөйтіп, бірте-бірте
<b>7. Себеп-салдар үстеуі</b>	неге? қалай? не себепті?	амалсыздан, босқа, бекерге, жоққа

## 11-тақырып

### 14.1. Өзгелік етіс

### 14.2. Көсемше

### 14.3. Жалпы және жалқы зат есім

**11.1.Өзгелік етіс – понудительный залог** отсутствует в русском языке. Он имеет значение «заставить, попросить, позволить совершить какое-либо действие». В таблице 19 представлена форма образования залоговой формы.

## 19-кесте

<b>Етістіктер (глаголы)</b>	<b>- қыз/ - кіз, - ғыз/ - гіз</b>	<b>- тыр/ - тір - дыр/ - дір</b>	<b>- т</b>
жат «ложись» жет «доберись» сал «положи» бер «дай» же «ешь» ки «надень»	жат – қыз – ды жет – кіз – ді сал – ғыз – ды бер – гіз – ді же – гіз – ді ки – гіз – ді		
тап «найди» піш «раскрой» күт «жди» қал «останься» сез «почувствуй»	тап – қыз – ды піш – кіз – ді күт – кіз – ді қал – ғыз – ды сез – гіз – ді	тап – тыр – ды піш – тір – ді күт – кіз – ді қал – дыр – ды сез – дір – ді	
тазала «чисти» сана «считай» емде «лечи» пісір «свари» жүгір «беги»			тазала – т сана – т емде – т пісір – т жүгір – т

## 11.2. Көсемше - Деепричастие

Деепричастие – особая форма глагола, совмещающая в себе признаки глагола и наречия. Деепричастие – неизменяемая форма глагола.

20-кесте

Түрлері (типы)	Жұрнақтары (суффиксы)	Мысалдар (примеры)
1. Ауыспалы шақ көсемше (Деепричастие переходного времени)	- а	жаз- а-мыз, қал- а- мыз
	- е	күт – е- мін, кел- е-мін
	- й	сөйле – й-мін, биле-й-ді
2. Өткен шақ көсемше (Деепричастие прошедшего времени)	- ып	жаз-ып-отыр, сал-ып жатыр, бар-ып жүр
	- іп	жүр-іп жатыр, кел-іп отыр, кес-іп тұр
	- п	ойла –п жүр, сана-п кел
3. Келер шақ көсемше (Деепричастие будущего времени)	- қалы	айт-қалы, шап-қалы
	- келі	кет-келі, сеп-келі
	- ғалы	сана-ғалы, ойна-ғалы
	- гелі	кел-гелі, жүр-гелі

## 11.3. Жалпы және жалқы зат есімдер.

Зат есімдер – имена существительные как и в русском языке делятся на две большие группы:

1) **жалпы есімдер** – нарицательные имена: по своей семантике имеют обобщающий характер, служат названием однородных предметов, явлений, отвлеченных понятий.

2) **жалқы есімдер** – собственные имена: к ним относятся имена, фамилии, географические и административно-территориальные наименования, названия газет, журналов, произведений и т.д.

## 15-тақырып

### 15.1. Модаль сөздері

### 15.2. Етістіктің аналитикалық түрлері

### 15.3. Одағайлар

**15.1. Модальные слова** – выражают отношение говорящего к высказыванию, достоверность и оценку его содержания, обозначают чувства, которые вызывает сообщаемое. По происхождению модальные слова восходят к именам существительным, наречиям и другим, могут сохранять свое первоначальное значение.

Модальные слова с утвердительным значением	рас, шынында – правда элбетте – конечно, непременно эринe – конечно керек – нужно
Модальные слова с предположительным значением	мүмкін – возможно шығар – наверное екен - оказывается тәрізді – похоже болар – возможно тиіс – необходимо, должно
<p>Модальная частица <i>ғой</i> - <i>же, ведь</i> подтверждает сказанное, напоминает собеседнику об известном событии, действии, факте.</p> <p>Мен оның жолдасымын ғой! – Я ведь его друг! Ол бүгін келді ғой! – Он ведь приехал сегодня!</p>	
<p>Слова <i>керек, қажет</i> – абсолютные синонимы со значением долженствования – надо, необходимо.</p> <p>Мұны білу қажет. – Это надо знать. Есте сақтау керек. – Надо запомнить.</p>	

### 15.2. Етістіктің аналитикалық түрі.

Аналитическая форма глагола состоит из двух и более компонентов, основного и вспомогательного глаголов. Основной глагол имеет формы деепричастия и причастия. Аналитические формы глаголов различаются по значению. Наиболее употребительные из них (см. таблицу):

Мағына (значение)	Жұрнақ	Көмекші етістік	Мысалдар (примеры)
Начало действия	-а/-е/-й	бастау, жөнелу	жаза бастады жүгіре жөнелді
Продолжение действия	-а/-е/-й	бару, беру, түсу	айта барды, оқи береді, жаза түсті
Завершение действия	-ып/ -іп/ -п	біту, кету, қалу, шығу, өту, болу	жазып бітті, тұрып кетті, ұйықтап қалды, сүртіп шықты, көріп өтті
Незначительность действия	-а/-е/-й	келу, кету, салу, отыру, жүру	көре келді, көре кетті, айта салды, санай жүрді
Неожиданность действия	-а/-е/-й	қою, қалу, кету	жата қалды, сала қойды, отыра кетті, жата кетті

### 15.2.1. Көмекші етістіктер (вспомогательные глаголы).

Вспомогательные глаголы, встречающиеся в составе аналитической формы глагола, можно разделить на три основные группы:

1. Вспомогательные глаголы, не имеющие самостоятельного лексического значения. Их всего три:

*а) е (ту)* – еді, екен, емес. Сіз ауылда қай жылдары еңбек еттіңіз? (Вы в какие годы работали в ауле?)

*ә) деу* – деп, деген. Сен не дейсің, ол не дейді? (Ты что говоришь, он что говорит?)

*б) жаздау* – үйдің қасындағы мұзда құлап қала жаздадым. (Около дома на льду чуть было не упала).

2. Вспомогательные глаголы состояния, которые, могут выступать в роли основных. Их всего четыре: *отыру, тұру, жүру, жату*. Например: *Мен оқып отырмын* (Я читаю). *Сен мені тыңдап тұрсың* (Ты меня слушаешь). *Сіз емханаға барып жүрсіз* (Вы посещаете поликлинику). *Олар Академияда оқып жатыр* (Они учатся в Академии).

3. Вспомогательные глаголы с самостоятельным лексическим значением, образующие сложные глаголы и аналитические формы глаголов. В казахском языке их более тридцати: *алу, беру, айту, бару, қою, салу, қалу, түсу* и др.

Например: *үйдің ішін жинап ал* (Убери дома). *Жауабыңды айта бер* (Продолжай отвечать). *Суретке түсе салыңдар* (сфотографируйтесь).

### 15.3. Одағайлар (Междометия)

Междометия выражают различного рода эмоции, чувства (боль, тоску, радость, удивление, гнев и др.). Например: *Бәрекелді! Жақсы сөз айттың!* (Отлично! Хорошие слова сказал!) *Қап! Жаңбыр жауып кетті!* (Эх, пошел дождь!) *Бәсе! Ол кешікпейтін еді!* (Ну, вот! Он никогда не опаздывал!)

Одағайлар (междометия)	Орысша түрі (русский эквивалент)	Мысалдар (примеры)
<b>Эмоциональные:</b>		
1. радость, одобрение, восторг, восхищение <i>керемет!</i>  <i>алақай!</i>	<i>Браво!</i>  <i>Ура!</i>	<i>Тамаша! Өлеңің тамаша! – Браво! Песня хорошая! Алақай! Біздің команда жеңді! – Ура! Наша команда победила!</i>
2. боль, страх, горе, досада: <i>Алла-ай!</i>  <i>Қап! Әттеген-ай!</i>	<i>Боже мой!</i>  <i>Ну надо же!</i>	<i>Алла-ай! Сақтай гөр! – Боже мой! Сохрани! Қап, әттеген-ай! Мен мүлдем ұмытып кетіппін!</i>

<i>Апыр-ай, а!</i>	<i>Ой, как страшно!</i>	Надо же! Я совсем забыл! <i>Апыр-ай, а! Қорқып кеттім зой! – Ой, как страшно! Я испугалась!</i>
3. презрение, негодование: <i>масқара!</i>  <i>тәйт!</i>	<i>кошмар! позор!</i>  <i>прекрати!</i>	<i>Масқара! Соны да білмейсің бе? – Позор! И этого тоже ты знаешь? Тәйт! Тәртіпсіз! – Прекрати! Невоспитанный!</i>
4. удивление, сомнение, ирония, недоверие: <i>Не жазып едім?</i>  <i>Обал-ай!</i>	<i>Что я сделал?</i>  <i>Ой, как жалко!</i>	<i>Неге өкпеледің? Не жазып едім? – Почему ты в обиде? Что я сделал?</i>  <i>Обал-ай! Қатты құлады! Ой, как жалко. Сильно споткнулся!</i>
<b>Императивные:</b>		
1. Адамға қаратпа одағайлар: <i>Әй, қызым, ау!</i>  <i>Мә, алсайшы!</i>  <i>Кел, дәм татсайшы!</i>  <i>Жә!</i>	<i>Доченька!</i>  <i>На, возьми, же!</i>  <i>Подойди, попробуй!</i>  <i>Хватит! Прекрати!</i>	<i>Әй, балам, ау! Орын бер! – Сынок! Уступи место! Сәке, мә, алсайшы! – Саке! Угощайся! Рабиға! Кел, қымыздың дәмін татсайшы! – Рабиға, иди, попробуй кумыс! Балақай, жә! Ойныңды тоқтат! – Малыш, ну-ка, прекрати здесь играть!</i>
2. Жануарларға қатысты қаратпалар (одағайлар): <i>Шіп-шіп-шіп!</i> <i>Кә-кә!</i> <i>Аухау-ухау!</i>	<i>Цып-цып-цып!</i> <i>Обращено к собаке</i> <i>Обращено к корове</i>	
<b>Тұрмыс-салт одағайлары.</b> <b>Бытовые междометия:</b>	<i>Рақмет! Күн! Мейлі.</i> <i>Мақұл. Әрине. Әлбетте.</i> <i>Кеш жарық!</i>	<i>Спасибо!</i> <i>Договорились, хорошо!</i> <i>Пусть. Пускай. Конечно.</i> <i>Как всегда. Добрый вечер!</i>

**ГЛОССАРИЙ**  
**лексических и грамматических терминов,**  
**использованных в учебном пособии**

Разделы языкознания.

1. **Фонетика** – (гр.: *fone* – звук) – изучает звуковую (фонетическую) систему языка.

2. **Лексика** – (гр.: *Lexikox* – словарь или состав слова) – изучает словарный состав и совокупность всех слов языка.

3. **Морфология** – (гр.: *morphe* – форма, *logos* – слово, наука) – наука о слове и его формах. Изучает состав слова и части речи.

4. **Синтаксис** – (гр.: *syntaxis* – «собирать, составлять») – является наукой о законах построения словосочетаний и предложений. Изучает синтаксис словосочетаний и предложений.

**Терминдер (термины)**

**Сөз** – слово

**Түбір** – корень

**Қосымша** – аффиксы (суффиксы и окончания)

**Жұрнақ** – суффикс

**Сөз тудырушы жұрнақтар** – словообразующие суффиксы

**Сөз түрлендіруші жұрнақтар** – формообразующие суффиксы

**Жалғау** – окончания

**Көптік жалғау** – окончания множественного числа

**Жіктік жалғау** – личные окончания

**Тәуелдік жалғау** – окончания притяжательности

**Септік жалғау** – падежные окончания

**Атау септік** – именительный падеж

**Ілік септік** – родительный падеж

**Барыс септік** – дательно-направительный падеж

**Табыс септік** – Винительный падеж

**Жатыс септік** – местный падеж

**Шығыс септік** – исходный падеж

**Көмектес септік** – творительный падеж

**Сөз таптары (части речи)**

**Зат есім** – имя существительное

**Зат есімнің түрлері** – типы имен существительных

**Негізгі зат есім** – корневые производные имена существительные

**Туынды зат есім** – производные имена существительные

**Сын есім (имя прилагательное)**

**Сын есімнің түрлері** – Типы имен прилагательных

**Сапалық сын есімдер** – качественные имена прилагательные

Қатыстық сын есімдер – качественные имена прилагательные  
Күрделі сын есімдер – сложные имена прилагательные

**Сын есімнің шырайлары** – Степени сравнения имен прилагательных

Жай шырай – Положительная степень

Салыстырмалы шырай – сравнительная степень

Күшейтпелі шырай – Усилительная степень

Асырмалы шырай – Превосходная степень

**Сан есім (имя числительное)**

Сан есімнің түрлері – Типы имен числительных

Сан есімдердің мағыналық түрлері – Разряды имен числительных

Есептік сан есімдер – Количественные имена числительные

Реттік сан есімдер – Порядковые числительные

Жинақтық сан есімдер – Собирательные числительные

Топтау сан есімдер – Группирующие имена числительные

Болжалдық сан есімдер – Приблизительные имена числительные

Бөлшектік сан есімдер – Дробные имена числительные

**Есімдік (Местоимения)**

Есімдіктің түрлері – Типы местоимений

Жіктеу есімдіктері – Личные местоимения

Сілтеу есімдіктері – Указательные местоимения

Сұрау есімдіктері – Вопросительные местоимения

Өздік есімдіктері – Возвратные местоимения

Белгісіздік есімдіктері – Неопределенные местоимения

Болымсыздық есімдіктері – Отрицательные местоимения

Жалпылау есімдіктері – Определительные местоимения

**Етістік (глагол)**

Етістіктің түрлері – Типы глаголов

Туынды етістіктер – Производные глаголы

**Етістіктің шақтары (Время глагола)**

**Осы шақ - Настоящее время глагола**

Нақ осы шақ – Собственно-настоящее время глагола

Ауыспалы осы шақ – Переходное настоящее время

**Өткен шақ – Прошедшее время глагола**

Жедел өткен шақ – Очевидно-прошедшее время глагола

Бұрынғы өткен шақ – Давно-прошедшее время

Ауыспалы осы шақ – Переходное прошедшее время

**Келер шақ – Будущее время глагола**

Болжалды келер шақ – Будущее предположительное время

Максатты келер шақ – Будущее время намерения  
Ауыспалы келер шақ – Переходное будущее время глагола

### **Етістіктің рай категориясы – Категория наклонения глагола**

Ашық рай – Изъявительное наклонение  
Бұйрық рай – Повелительное наклонение  
Шартты рай – Условное наклонение  
Қалау рай – Желательное наклонение

### **Етістіктің етіс категориясы – Категория залога**

Негізгі етіс – Основной залог  
Өздік етіс – Возвратный залог  
Өзгелік етіс – Понудительный залог  
Ортақ етіс – Взаимно-совместный залог  
Ырықсыз етіс – Страдательный залог

### **Есімше – Причастие**

Өткен шақ есімше – Причастие прошедшего времени  
Келер шақ есімше – Причастие будущего времени  
Ауыспалы шақ есімше – Причастие переходного времени

### **Көсемше– Деепричастие**

Өткен шақ көсемше – деепричастие прошедшего времени  
Келер шақ көсемше– Деепричастие будущего времени  
Ауыспалы шақ көсемше – Деепричастие переходного времени

### **Тұйық етістік – Неопределенная форма глагола**

#### **Үстеу – Наречие**

Мезгіл үстеу – Наречие времени  
Мекен үстеу – Наречие места  
Мөлшер үстеу – Наречие меры  
Сын-бейне үстеу – Наречие образа действия  
Күшейту үстеу – Усилительные наречия  
Максат үстеу – Наречие цели  
Себеп-салдар үстеу - Наречие причины и следствия  
Топтау үстеу – Группирующие наречия

#### **Шылау – Союзы**

Септеулік шылаулар – Послелоги  
Жалғаулық шылаулар – Союзы  
Демеулік шылаулар – Частицы

#### **Одағай – Междометия**

Көңіл-күй одағайлары – Эмоциональные междометия



Жекіру одағайлары - Императивные междометия  
Шақыру одағайлары – Призывные междометия  
Тұрмыс-салт одағайлары – Бытовые междометия  
**Көмекші есімдер – Служебные имена**  
**Модаль сөздері – Модальные слова**  
Болымды модаль сөздері – Положительные модальные слова  
Болжаулық модаль сөздері – Предположительные модальные слова

### Сөйлемді морфологиялық талдау тәртібі

Порядок морфологического разбора простого предложения

1. Сначала нужно определить часть слова /зат есім, етістік, сын есім, шырай, үстеу/.

2. Затем нужно определить морфологический ряд: корень слова, суффиксы, окончание.

Например: Маған кешкі спектакльге екі билет беріңізші.

**Маған** – Жіктік есімдік, барыс септік.

**Кешкі** – Туынды сын есім: *кеш* – түбір, үстеу, *-кі* – қатыстық сын есімнің жұрнағы.

**Спектакль** – зат есім.

*-ге* – барыс септігінің жалғауы.

**екі** – есептік сан есім, атау септік.

**билет** – зат есім, түбірі, атау септік.

**бер** – түбір, етістік.

*-іңіз* – II жақ, көптік форма, сыпайы түрі.

*-ші* – сыпайы түрі.

## ӨЗБЕТІМЕН ОҚИТЫН МӘТІНДЕР ТЕКСТЫ ДЛЯ САМОСТОЯТЕЛЬНОГО ЧТЕНИЯ

Атамекен

*Сөзін жазған: Қ.Мырза Әлі*

*Әнін жазған: Е.Хасанғалиев*

Жасыл жайлау – түкті кілем, көк кілем,

Көк кілемде көп ойнаймын, көп күлем.

Айдарымнан сипап өткен самалды –

Қазағымның алақаны деп білем.

*Қайырмасы:*

Қайда жүрсен, Атамекен,

Көкейіңде жатады екен.

Күннің өзі аясына,

Қимай оны батады екен.

Жасыл жайлау – түкті кілем, көк кілем,

Көк кілемде көп ойнаймын көп күлем.

Асқар тауың аспаныммен астасқан,

Қазағымның мәртебесі деп білем.

*Қайырмасы:*

Қайда жүрсең, Атамекен,  
Көкейіңде жатады екен.  
Күннің өзі аясына,  
Қимай оны батады екен.

Жасыл жайлау – түкті кілем, көк кілем,  
Көк кілемде көп ойнаймын көп күлем.  
Күннің нұрын, Айдың аппақ сәулесін  
Қазағымның махаббаты деп білем!

*Қайырмасы:*

Қайда жүрсең, атамекен,  
Көкейіңде жатады екен.  
Күннің өзі аясына,  
Қимай оны батады екен.

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТАРИХИ ДАТАЛАРЫ**

- 1456 жыл – Қазақ хандығының құрылуы.
- 1721 – 1723 жылдары – Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама.
- 1731 жыл – Кіші жүздің Ресей құрамына енуі.
- 1771-1781 жылдар - Абылайхан қазақ хандығын құрған кезең.
- 1830 жыл – Қараоткіл (Ақмола) бекінісінің іргетасының қалануы.
- 1854 жыл – Верный (Алматы) бекінісінің іргетасының қалануы.
- 1920 жыл – Қазақ Кеңестік Социалистік автономиялық Республикасының құрылуы.
- 1920 – 1925 жылдар – Орынбор қаласы Қазақстанның алғашқы астанасы.
- 1925-1929 жылдар – Ақмешіт (Қызылорда) қаласы Қазақстанның астанасы.
- 1929-1997 жылдар – Алматы қаласы Қазақстанның астанасы.
- 1936 жыл – Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының құрылуы.
- 1946 жыл – Қазақстан Республикасының Ғылым Академиясының құрылуы.
- 1949 жыл – Семей полигонындағы атом жарылыстардың басталуы.
- 1954 жыл – тың және тыңайған жерлердің игеріле басталуы.
- 1963 жылдан бастап Семей полигонында жер үстінде атом жарылыстары жүргізіле бастады.
- 1986 жыл – Желтоқсан оқиғалары.
- 1998 жыл – Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуы.
- 1991 жыл – Қазақстан тәуелсіздігін жариялады.
- 1991 жыл – ғарышқа тұңғыш қазақ ғарышкері Т.Әубәкіров көтерілді.
- 1992 жыл – Қазақстан БҰҰ мүше болуы.
- 1992 жыл - Мемлекеттік рәміздердің қабылдануы.
- 1993 жыл - Тұңғыш Конституцияның қабылдануы.
- 1993 жыл - Ұлттық валюта - теңгенің айналымға енгізілуі

- 1994 жыл – Жоғарғы Кеңес депутаттары астананы Ақмола қаласына көшіруге шешім қабылдады.
- 1997 жыл – Ақмола қаласы– ресми астана болып белгіленді.
- 1998 жыл – Президент Ақмола қаласын – Астана деп атауға Жарлық шығарды.
- 1998 жыл – жаңа астананың ресми тұсаукесері болып өтті.
- 2004 жыл – Президенттің Ақ ордасының ашылуы.
- 2006 жыл – Бүкілхалықтық сайлау қорытындысымен Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Республикасының Президенті болып сайланды.
- 2006 жыл – Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 15-жылдығы.
- 2007 жыл – Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізілді, Қазақстан Республикасының басқару жүйесі Президенттік-Парламенттік болып жарияланды.
- 2010 жыл – Қазақстан Республикасы Президенті Елбасы болып бекітілді.
- 2010 жыл Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтің 70 жасқа толуы.
- 2010 жыл – Қазақстан Республикасы елордасы Астананың 13-жылдығы.
- 2010 жыл – Қазақстан Республикасы ЕҚЫҰ басқарды.
- 2011 жыл – Қазақстан Республикасы Елбасын кезектен тыс сайлауы
- 2011 жыл - Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 20-жылдығы.

### **Қазақстан Республикасының саяси жүйесі**

1991 жылғы 16 желтоқсан күні Қазақстан Республикасы саяси тәуелсіздікке ие болды. Тәуелсіз Қазақстан басында президенттік жүйемен басқарылған. 2007 жылдан бастап Қазақстан Республикасының басқару жүйесі Президенттік-Парламенттік жүйеге ауысты. Үкімет жүйесі биліктің екі тармағынан тұрады: заң шығаратын Үкімет – Парламент, атқарушы Үкімет – Президент және Үкімет. Парламент екі палатадан тұрады: төменгі – Мәжіліс, жоғарғы - Сенат. Енді Парламент депутаттары саяси партиялардың өкілдерінен құралады. Саны мен құрамы жағынан ең үлкен партия – «Нұр Отан» (2006 жылдан бастап), ол 1997 жылдан бастап «Отан» партиясы деп аталады. «Нұр Отан» партиясының басшысы Елбасы Н.Ә.Назарбаев.

Үкіметті Премьер-Министр басқарады. Үкімет министрлік, агенттік және жергілікті атқарушы органдардан тұрады.

### **Қазақстан халықтарының Ассамблеясы**

Қазақстан халықтарының Ассамблеясы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен 1995 жылы құрылған. Ассамблеяның XII сессиясында Н.Ә.Назарбаев «Ассамблеямыздың тарихы – тұрақтылығымыздың тарихы» деп баға берді. Шын мәнінде, өткен жылдары ішінде республикада түрлі этнос өкілдерінің өзара әрекет инфрақұрылымы туды. Бүгінгі күні Қазақстанда Ассамблея шеңберінде 471 аймақтық ұлттық-мәдени орталықтар құрылған. Қазақстан халықтарының Ассамблеясының статусы – Президент жанындағы кеңестік орган болып табылады. Оның жыл сайынғы сессиясына Елбасы қатысады. Ассамблея қызметі өкімет пен этникалық элита арасындағы диалогты ұйымдастырады.

Қазір Қазақстанда 40 - қазақтардың, 49 – немістердің, 36 - корейлердің, 29 – татардың, 20 – орыстардың, 19 – украиндардың, 18 – еврейлердің, 16 – поляктардың, 12 – гректердің және жүздеген басқа да этномәдени бірлестіктері бар.

Мемлекеттегі жүз ұлттық мектептерде 170 жексенбілік мектеп ашылған, мұнда балалар ана тілін 23 тілде оқуда. Осындай мектептерге Үкімет жыл сайын 12 млн теңге бөледі.

Қазақстанда төрт республикалық және 15 аймақтық ұлттық газет шығарылады, алты ұлттық театр (қазақ, орыс, неміс, ұйғыр, көрей, өзбек) өз шымылдықтарын көрермендерге көтереді. Ұлттық-мәдени орталықтардың басшыларына жыл сайын президенттік гранттар бөлініп отырады. Жыл сайын ұлттық жазушылардың жаңа туындылары кітапхана мен кітап дүкендеріне түседі.

2005 жылғы сәуір айында Елбасының «Қазақстан халықтарының Ассамблея институтын нығайту туралы» Жарлығы шықты. Бұл құжатта бірегей құрылымның 2011 жылға дейінгі стратегиясы анықталған. Жарлықтың негізгі мақсаты – Қазақстандағы барлық этникалық топтардың қазақстандық теңдіктің қалыптасуы.

*«Казахстанская правда» газеті*

### **Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі**

Қазақстандағы білім беру жүйесі мектепке дейін балалар бақшасында басталады. 2008 жылдан бастап Қазақстанның білім беру жүйесі мектептегі он екі жылдық жүйеге көшуге дайын. Балалар бала-бақшаға жеті жасқа дейін тәрбиеленеді. Жаңа оқу жүйесі бойынша 1 – 4 сыныптар – бастауыш білім беру жүйесі, 5 – 9 сыныптар орта білім беру жүйесі және арнаулы білім беру жүйесі 10 – 12 сыныптар болмақ. Емтихан 9-шы және 12-ші сыныптарда өткізіледі. 9-шы сыныптан соң бала лицей, гимназия, колледжде оқуларын жалғастыра алады. Орта мектеп оқуы Бірыңғай Ұлттық Тестілеу емтиханымен аяқталады. Мектепті табысты бітірген соң балалар грант, атаулы стипендия иегері ретінде Қазақстан Республикасының кез келген оқу орнына түсуге құқылы болады. Арнайы конкурстан өткен балалар Президенттің «Болашақ» бағдарламасымен шет елдердегі оқу орындарында білім алады.

2010 жылы Астана қаласында халықаралық деңгейдегі «Назарбаев университеті» ашылды.

Қазақстан Республикасында 8 ұлттық жоғары оқу орны бар: Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университет, Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университет, Л.Н.Гумилев атындағы Еуроазиялық Ұлттық университет, Қазақ Ұлттық Аграрлық университет, Құрманғазы атындағы Ұлттық Консерватория, Музыка Академиясы, Абай атындағы Ұлттық Педагогикалық университет, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті.

Қазақстанның жоғары оқу жүйесінде бакалавр дәрежесін алып, оқуды магистратурада жалғастыруға болады.

Қазақстан Республикасында арнаулы және мамандандырылған кәсіби оқу орындары да бар.

## **Қазақстандағы демографиялық жағдай**

Қазақ халқының көптеген ғасырлар бойы өмір сүрген өзіндік мекені, өзіне тән қалыптасқан тілі, салты бар. Осы қасиеттерін дүние жүзіне тарап кеткен қазақтар да сол күйінде сақтап келеді. Қазақ халқының әр қилы қасіретті кезеңдерде көрген адам шығыны мен өз ата-мекенінен ауа өшкендер саны өте көп.

Қазақ халқы – Жұбан ақын айтқандай «мың өліп, мың тірілген» халық. 1645 – 1945 жылдары, яғни 300 жылда жоңғарлардың шабуылынан, «Ақтабан шұбырындының» қасіретінен бастап, 1941 – 1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына дейін 5 миллион қазақ шығын болған.

1690 – 1990 жылдар арасындағы қазақтарды ығыстыру, үркіту, жер-суын тартып алуы нәтижесінде 1 миллион 585 мың қазақ өз атамекенін тастап, ауа көшіп кетуге мәжбүр болған. Осы кезеңдерде қазақ саны 6 миллион 585 мыңға кеміген. Ал дүние жүзіндегі қазатардың саны 1996 жылы 12 миллионнан асты. Соның ішінде Қазақстанда 7 млн.900 мың, ТМД – 1 млн.800 мың, шетелдерде 1 млн.723 мың болды. Қазақ қазір – жер бетіндегі өскелең халықтардың бірі. Қазақ диаспорасы дүние жүзінің 40-қа жуық елдерінде бар. Оның демографиялық даму мүмкіндігі өте зор.

*(Мақаш Тәтімов)*

## **Қазақстан табиғаты**

Республикамыздың кең байтақ жеріне сай табиғаты да ерекше сұлулыққа ие. Қазақстанның жері Европа мен Азия континенттерінде орналасқан. Орал қаласы мен Атырау қалаларының ортасын екі континенттің шекарасы Жайық өзені бөліп жатыр. Шығыстағы Жоңғар Алатауы Экватордан да Солтүстік полюстан да 5000 шақырым жерде орналасқан.

Қазақстанның табиғаты әртүрлі, оған дәлел таулардың аттары: Алатау, Қаратау, Көкшетау, Сарыарқа. Ең биік шың – Хан тәңірі, оның биіктігі 6995 метр. Ал өзендер мен көлдердің аттары да қызық: Ақсу, Көксу, Сарысу. Қазақ жеріндегі ірі өзендер Ертіс, Сырдария, Іле, Орал еліміздің байлығы болып саналады. Дүние жүзіндегі ең үлкен көл – Каспий – еліміздің батыс шекарасы. Қазақ жерінде қасиетті Марқакөл, ем суы бар – Алакөл, сексен көл аймағы Бұрабай өлкесі, жер жаннаты Жетісу - Алматы жерінде табиғатты қорғау мәселесі мемлекеттік деңгейге көтерілген. Қазір елімізде 11 мемлекеттік қорық, 6 табиғи мемлекеттік ұлттық парк бар. Олардың қорғалуы мемлекеттің мүддесі.

Елімізде шипалы суы бар орындар да аз емес. Олар шипалы су мен балшық, халық демалатын, сауықтыру мекендері - Сарыағаш, Жаңақорған, Мұялды, Алмаарасан, Мерке сияқты шипагерлік емдеу орталықтарын айтуға болады.

Қазақстан жерінің ауа райы да әр түрлі, бірақ оның ортақ сипаттамасы – жердің қуандығы мен континенталдылығы.

Қазақстанда өсімдік пен жануарлардың түрі мол. Мысалы, өсімдіктің бес мыңнан астам түрі бар, төрт жүз елуден астам сүтқоректілер, төрт жүз сексен түрлі құстар, балықтың жүз елу түрі кездеседі.

## **Қазақстан экономикасы**

Қазақстанның жер қойнауы Қазақстанды дүние жүзіндегі ең бай мемлекеттердің арасына шығарды. Қазақстан ғалымдарының зерттеулері бойынша елімізде 150-дей кен орны, 100-ден аса тас көмір, 60-тан астам химиялық элементтер өндіретін орындар бар. Қазақстан жерінің қойнауы орасан зор байлық.

Мәселен, Шығыс Қазақстанның жер қойнауы да, жер үстінде жатқан табиғи байлық, ел арасында «қазыналық өлке» деп аталып кетті. Шығыс Қазақстан үш ғасыр бойы тау-кен және түсті металлургия өнідірісін дамытып келеді. Кәсіпорындар сапалы, теңдесі жоқ өнімдер шығаруда. Ірі өндіріс орталықтарын айта кету керек. Олар, Алтай полиметалл комбинаты, Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты. Аталған комбинаттардың өнімдері 50-ден астам халықаралық көрмелерге жеткізілді. Мырыштың жылдық өнімі 240 мың тонна, республика бюджетіне 70 миллион доллардан астам қаржы аударады.

Титан аты теңдесі жоқ, таңғажайып металл. Шығыс Қазақстанда 1951 жылдан бастап тантал, бериллий, 1964 жылы титан мен магний өндіріле бастады. Қазір ХХІ ғасырдың отыны аталған уран өндірісі зерттелу үстінде.

Жалпы айтқанда, бұның бәрі Қазақстанға берген табиғаттың сыйлығы.

## **Қазақ музыка өнері**

Қазақ халқының көне заманнан бері келе жатқан жан серігі ән мен күй. Ата-бабамыздың музыкалық сауаттылығы, музыка аспаптары болмаған. Қазақтар бұрын музыкалық дыбыстарды есту арқылы қабылдап, солай үйреніп, орындаған. Дегенмен, атақты саяхатшы Марко Поло қазақ даласының әндерін естігенде, тамашалап сүйсінген. Абай атамыз музыканы «жан азығы» деген.

Алматы қаласындағы музыка мұражайындағы көрмеде қазақтың көне музыка аспаптары көрсетілген. Олардың ішінде «тұяқтас», «бұғышақ», «соқлан», «дауылпаз», «жетіген» сияқтылары бар.

Белгілі қазақ музыкасын зерттеушісі Александр Затаевич қазақтың екі мыңнан астам ән-күйлерін жинақтаған.

